

А 2017

4860к

Нәзікен
АЛПАМЫСҚЫЗЫ

ҒҰМЫРДЫҢ
КЕМЕЛ
ШАҒЫ БАР

Нәзікен Алпамысқызы

ҒҰМЫРДЫҢ
КЕМЕЛ
ШАҒЫ БАР

Өлендер



АЛМАТЫ
«ДӘСТҮР»
2017

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84(5қаз)-5

А 45

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Мәдениет және өнер саласындағы бәсекедестікті жоғарылату, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін сатып алу, басып шығару және тарату» кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді»

А 45 Ашамысқызы Н.
Гұмырдың кемел шағы бар: Олеңдер. Нәзікен Ашамысқызы. — Алматы: «Қарағай КБ» ЖШС: Дәстүр., 2017. — 288 б.

ISBN 978-601-7505-54-7

Бұл бөлімде ақын Нәзікен Ашамысқызының мемлекеттік тапсырыспен шығарған отырған алашқы жыр жинағы.

Ақын Нәзікен Ашамысқызының 80 жылдық мерейтойына байланысты оның шығармашылығы жайлы халқымыздың белгілі ақын-жазушыларының әр жылдары жазған пікірлері де осы кітапта беріліп отыр.

Ақыршап өзіндік тұлғаның тұлғаның философиялық мәні-маңызына толық жыр шумақтары көпшілік оқырманға арналған.

ӘОЖ 821.512.122

КБЖ 84(5қаз)-5

ISBN 978-601-7505-54-7

347028

© Ашамысқызы Н., 2017.
© «Дәстүр», 2017.
© «Қарағай КБ» ЖШС, 2017.

ОЙ-СЕЗІМНІҢ ҚАЙМАҒЫ

Өнер жолы – күрделі жол. Біреулер бұл жолға ертерек түсіп діттеген жерлеріне ертерек жетеді. Кейде тіпті ертерек кетеді. Енді біреулер тым кеш келіп, Кеш қайтады. Қысқасы, шығармашылық жолы әрқилы. Негізінен, шырғалаң. Аса күрделі құбылыс. Ал енді ұзақ әңгімені барынша қысқартып, тоқ етерін айтар болсақ, мәселе өнер ортасына қашан келіп, қашан кетуде емес, қалай келіп, қанша уақытқа қалуда, мәңгі ірге тебуде. Әулие Абайдың өзі өлең жазуды ерте бастағанмен, нағыз ұлы әдебиетке кейіндеу қоныстанған. Бірақ поэзия тарихында мызғымас орынға ие болған.

Ақын да адам. Бірақ, оның қуанышы да, қайғысы да мүлдем бөлек. Яки, ақынның тағдыры қандай болса, шығармашылығы да сондай. Бір ғажабы, бақытты адамнан бақытты ақын шықпайды. Оны айтасыз Бақыт пен Ақындық бірін-бірі жоққа шығаратын кереғар ұғымдар. «Жазмышты» жазу үстінде осы тұжырымның дұрыстығына менің көзім әбден жеткен. Бір өлеңінде барынша күйінген Тарас Шевченко:

Жақсылықты қимасаң,

Жамандық бер, о Құдай! – дейді. Бір қарағанда, дені дұрыс адамның сөзі емес. Әйтсе де шыны сол! Ақын тағдыры жазмыш циклонынан тұруға тиіс! Одетте кейбір дарын бірден елді елеңдетіп, құйындатып, дарылдатып, оқыс келеді, дүниеден оқыс өгіп тынады. Енді бір дарындар қара терін, аңы терін төгіп, бұлшық етін сөгіп, ертелі-кеш толғанып, екі өкпесін қолға алып, қиял қуып, Дон Кихот тәрізді желдінірменге айбат шегіп,

күндердің күшінде дүниеден, жарық дүниеден түніліп өтеді. Ойткені,

Адам рухы шыңдалған әр кезеңнің

Оз бұғауы, кісені, шынжыры бар.

Иә, иә, солай! Әр кезеңнің өз бұғауы, өз кісені, өз шынжыры бар! Соның бәрі сүйегі жасық, болмысы болбыр ынжықтар үшін емес! Санасы биік, ойы ұшқыр, рухы асау албырт жандар үшін, елім деп еңіретен ерлер үшін жасалған. Мұның өзі бүгін ғана емес, атамзаманнан бері келе жатқан құбылыс. Осы ақиқатты Нәзікен Алшамысқызының барынша терең түсінетіні анық. Ол өмірге бір бүйірінен, бір қырынан ғана карамайды. Қырық қырынан қатар қарайды. Қампи қарайды. Сүйін қана қоймайды, күіе де біледі. Жанын қана қоймайды, күлге де айнала біледі. Қуанын қана қоймайды, қайғыра да біледі. Сүйеіне алған ару, сөз бір сұлу тірлікті кей сәттерде жек көруге де дайын!

Жо-оқ. Нәзікен поэзияға кешігіп келген жоқ. Кезінде келді. Ол кешігіп келген жоқ, өзін өзі іркіп келді. Ол бүгінде түн асқан жарау ар-ғымақтай. Кеше кешкілікте сауған сүт сияқты: бүгінгі қаймағы бір елі!

Әлия БӨПЕЖАНОВА,
сыншы

ДӨҢГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ... немесе алғысөз орнына

Поэзия – танымның, жаңа мағыналар жасаудың құралы. Ақын Нәзікен Алпамысқызы жыр әлеміне бірден өзіндік танымымен, өзіндік қана дүниесезіммен, жаңа мағыналарымен келді. Бұл ақынның «Шырағдан» атты алғашқы жыр жинағынан бастап-ақ анық көрінген. Жалпы ақынның қай жыр жинағын қолға алсаңыз да оның құрылымы мен композициясы Нәзікен ақынды тереңірек тануға мүмкіндік береді және автордың талғам биігін танытады. Жыр кітаптарының құрылымының өзі – аяқталған, көркем шығарма болып шығады. Бөлім-бөлімге үйлесімді топтастырылған жырларында ақынның лирикалық «менінің» философиялық қанықтығы, мазмұндылығы танылады.


Нәзікен Алпамысқызының шығармашылығын көзіқаракты қауым жақсы білетінін айтуымыз керек. Ақын жырларына үлкен сыншылар, әдебиетшілер, ақындар толымды пікірлерін білдірген, жоғары баға берген.

Қай шығармашылықта да ең алдымен адамның өз табиғаты танылады десек, өмір-өнер мектебі құнарлы Нәзікен ақын да өз табиғатынан шығып жазады. Сондықтан да сезімі де, көңілі де, жаны да лақ етіп төгіле қалмайтын ақынның жырлары тек құлаққа емес, миға салмақ салады. Оның жырлары – парасат жырлары. Бұл тұста пікір-тұжырымдарымызға әлсін-әлсін тұздық іздемей, оның бір ғана «Дала перзенті немесе Мұхтар Әуезов рухына» атты жырын тұтастай келтірсек те жеткілікті.

Дәл осы Бетпақ далада
Тортпақ табандылар болған деседі.
Бірде жайлау деп,
Бірде жаулар кеп, ылаң көшеді.
Қазынаға толы,
Шежіреге толы тақырға
Еміренген жаудың
Кеңірдегін де кеседі.

Бұл шыжғырған шегір құмдарда
Бұлтқа телмірмейтіндер күн кешеді.
Жер түбінен нәр алып,
Көк түбінен нұр алып
Сірескен сексеуіл сындылар оседі.
Бұрын бұрап сығымдан
Дүлей жел тынбай еседі.
Кезеріп ерні топырағын піскесе
Өзекке тетеі өз ұлын
Табанына алақанын төседі.
Кеудесі иіп
Кәусарлар шашын шыңыраудан
Жеті қат жерді төседі...

Осылай Намыс пен Төзім сомдаған
Алауыт елден
Алауыт перзент тумаса,
Халқым деп жанын,
Мәңгілік жолын құмаса
Тағдыры тозып, рухы да жасып, өшеді.
Бүгін де осы Бетпақ далаға
Тортпақ табандылар керек деседі.
Тек шолде шыңдалған шымырлар
Қазақ елінің
Ақберен айбар сесі еді.
«Шолі бар халық зор халық», деп
Абыз Руми де
Бекер айтпаған бопар кешегі...»



Осы жырда қаншама мағыналық қыртыс, рухани қуат, елдің бүгінгі мен болашағына алаңдаушылық, керек десеңіз ғаламат отан сүйгіштік, жасампаздық бар! Осы «Дала перзентінде», өзге де көптеген жырларында Нәзікен ақынның ерек жігер-қуаты, тиянақты деңгейге көтерілген бүкіл шығармашылық болмысы тұр.

Ақынның жырлары көпқырлы болып келеді. Ол көп ретте өзіндігін, яғни өз жан дүниесінен өткен, терен толқытқан, жанын қинаған, мүмкін азапқа салған, көз жасы болып төгілген және жан дүниесінің ажырамасына айналғанды жыр жолдарымен тұжырымдағанда пәлсапалық, өзге бір өлшемдерге шығады. Өмір – сынақ ақынның жаңа белеске көтерілуіне, өзін-өзі тануына, жаңа бір таным белестерге шығуына бастап, шығармашылық санадағы уақыт және адам – «уақыт» және «кеңістік», «өмір және өлім» концепттерінде қарастырылып, көркем зерделенеді.

Ақын шығармашылығын тұтастай қарастырғанда - оның поэзиясы өзін-өзі тану-зерделеу жолында, жоғарыда айтқанымыздай, өмірсынынан өту сәттерінде трансформацияға ұшырауы; өз жан дүниесіне бойлай отырып жаңару, тазару, адам бойындағы мүмкіндіктердің қайнар көзін ашу, көкжиегін кеңейту тәжірибесінен бастау алады. Өз өмір-тағдырын арқау ете отыра жеке тағдырдан жалшыға, шығармашылық концепциясындағы уақыт пен адам бір-біріне тепе-тең, белгілі бір өмірлік, мейлінше кең ауқымды жинақтаулар деңгейіне көтеріледі.

Әр сөздің өлшемі мен мөлшерін нәзік сезінетін ақын жан мен ой тереңінен туындаған лирикалық-философиялық жырларында уақыт пен кеңістікті қозғалмалы материяның объективті түрде күн

кешуінің формасы ретінде қарастырады. «Уақыт» және «кеңістік» бейне-конценттеріндегі имани-пәлепалық мағыналарды көркем зерделегенде акын кемелдік танытады. Өлім өмірмен тепе-тең категория екені, адам мән-маңызының бір формада келесі формаға өтерін пайымдағанды. Сезімнің көктем-қысы да, көңіл шуағы мен бұрқанысы да, жан әлемі де бекзат берілетін лирикалық ой-толғамдар пәлепалысы тек Нәзікен акынның поэтикалық өмір картинасында өз табиғатына тән формалар алады. Жалпы оның жырларында «ақ-қара», «жақсы-жаман», «ізгілік-зұлымдық» сынды биполярлық таным аз, акын әлемді көп полярлық тұрғыдан танып-тыныстауға, оқырманын да осы деңгейге көтеруге ұмтылады. Бұған акынның шығыстық, «дөңгелеген дүние» дүниетанымы негіз болатындай.

Акын шығармашылығының маңызды бөлігі өнер, поэзия хақындағы таным-толғамдары. Әдетте арнау жырлар сол арналған адамның мінез-кұлқын, портретін, жасаған істерін ашып жатар болса, Нәзікен акынның бұл сипаттағы жырлары қашанда көркем жинақтаулар, пәлепалық толғам-тұжырымдардың түнбасы. Поэзия «... ашпак нұры шаңырақтан күйылған...» көшпелілер поэзиясы сарышымен, Абай, Жамбыл, Мағжан, Мұхтар, Мұқағали, Төлеген, Қалдыр тұлғаларымен жыр кеңістігінде еркін жүзетін Нәзікен акынның өмір кешу формасына, өмірді, категорияларды тану формасына айналған.

Нәзікен акын жырларында өмір бастауы, отбасы, әлеуметтік-рухани ортасы, бүгінгі қоғамның келбеті, адам жанының мың-сәт құбылыстары, еңлік-сезім, қуаныш пен мұң, парыз бен қарыз, жауапкершілік бәрі-бары өріледі. Осының барлығында ол адамның рухы қуатын

жырлайды. Бұл ретте өз шығармашылығында эпикалықты, жыраулар поэзиясын, классикалық поэзия дәстүрлерін тоғыстыруға ұмтылады.

Ал, ерекше қадап айтқымыз келері – жырлары мәдени тынысты, теңеу бейнелері ұстамды көркем, синтаксисі әрі қарапайым, әрі күрделі, лексикасы құнарлы. Нәзікен ақын шығармашылығы қазіргі қазақ жырының поэтикалық мәдениет деңгейін көтереді. Бұл дегеніңіз – «төртпак табандылардың» ғана қолынан келер үлкен суреткерлік биіктік.



СЫРЫМДЫ АЙТАМ

Екі көзім желкемде
Мұңнан ыктым.
Ой-шырағы сөнген бе
Мыңнан бұктым.
Суыртпақтап жинап ем
Барымды айтам.
Қилы сындар кинап ең
Зарымды айтам.

Талай сынап тағдырым
Орға жықтың.
Мына қырға көрінген
Зорға шыктым.
Жан шыдапнай шыжтырған
Жалынды айтам.
Адалдық деп шыңғырған
Арымды айтам.

Мың өтірік жаппнды
Бір шындықты.
Мың қауесет шаппнды
Сыр сандықты.
Шыдай алмай жасанға
Шынымды айтам.
Көтере алмай салмағын
Сырымды айтам.

ТЫНЫМСЫЗ ТІРЛІК

Ми — жүрек тынбай қайнауда,
Тек сауат талмай сүзгенім,
Сүбелі ойды байлауға
Сүбелі сөзді іздедім.

Жан сырғы бойлап барлауда
Қасірет-мұңнан безбедім,
Төл тағдыр көңбес алдауға
Тасынан өзен жүзгенім.

Жылусыз сөзден, ойдан да
Тат басса, жанды төзбедім,
Адамды тіккен майданда
Адалдан күдер үзбедім.

МЕЖЕ

Жүректің өзі білер –
Кімге кұларын.
Бүйректің өзі білер –
Кімге бұрарын.
Көңілдің өзі білер –
Неден қаларын.
Сағынның өзі білер –
Неден сынарын.
Тек
Ой-сана, парасаттан,
Намыс пен ар-ұяттан
Білеін деп менің сұрарым:
Адамды хайуанаттан,
Әділдікті қиянаттан,
Тіршілікті қияметтен
Бөліп
Меженің қайда тұрарын!

ҚАЗАҚ ҮЙДЕН КЕЛІП ЕМ

Қазақ үйден
Келіп ем Алматыға.
Мәскеуге де кетіп ем
Қазақ үйден.
Қоржын толы қазынам:
Ерлік дастан, аңыздар,
Шайырлар мен абыздар,
Күмбірлеген жетіген,
Күңіренген қобыз бар.

Астың жалы,
Түйенің қомында мен
Ылди-өрлі
Ұлы көш жолында тең.
Ор Қазағым,
Сені ойлап уайымдан ем.
Сыр білгенен
Көп жайды найымдан ем.
Ауыр ойлар
Жаншын бір қазыңдан ем...

Іргелі елім,
Керегенді кен жайын
Көбейдің бе!
Көк байрағың
Көңілде желбірен тұр,
Көкжиегі естінің кеңейдің бе?
Қазынам мол, жан азығым
Жетелі алысқа да.
Түбінде мен
Қазақ үйден
Шығамын ғарышқа да!




ТУҒАН ЖЕРІМ

Алатау ақиығым, менің өлкем,
Асылым, қадірлімсің тегің көркем.
Алыстан аңсап келсе, мауқын басар
Аймалап шыңларыңды сенің еркең.

Аспантау көкте қалқып тұрған керім,
Баурыңда жыр ұясы – думанды елім.
Өзіңсіз кең дүние де қуыс кеуде,
Жүрегі бар ғаламның, Туған жерім!

Аялап арманымды жастан менің,
Түлеткен қыран-қиял асқар белім.
Қуат ап топырағыңнан жүрсем болды
Ардақтап ата-бабам басқан жерін!



Туғандың келер шаам бар

МАЙТӨБЕМ МЕНІҢ МАЙ ТАМҒАН


Беркелен өскен жайлауым,
Толатын малға койнауың,
Түе көрдім: тауға ел қонған,
Майтөбем менің май тамған.

Сүйінбай, Жамбыл майталман,
Жадына елдің айналған
Ошпейтін жырлар айта алған!
Майтөбем менің май тамған.

Жүзінен мейір-нұр тамған,
Қиядан жылқы қайтарған,
Дауысын Әкем сағындым
Майтөбем менің май тамған.

Сауумен бие бой талған,
Сабада саумал шайқалған
Келбетін Анам сағындым
Майтөбем менің май тамған.

Жауқазын гүлдер жайқалған
Үркер түсіп, ай толған,
Аксүйек ойшап мәз бөлген
Майтөбем менің май тамған,
Майтөбем менің май тамған!



АЛМАЛЫ БАҚ

Жүрегімде өнген бүршікті
 Жүрегіне таудың егіп ем:
 Құлшырып көңлі күн шықты,
 Боледі нұрға төгілген.

Тал шыбық өсті сыланып,
 Баптадым талмай мейірмен.
 Назданды желге бұралып,
 Жұлдызға көкте керілген.

Тіл тапты дос боп бәрімен,
 Есейді алма бағы да.
 Аязын, күзін желімен,
 Көктемін күтті тағы да.

Толықсып жас тал бой жетті
 Ақ жұпар гүлдер өрілген.
 Аймалап самал тербетті
 Мәуесін сәуле көрінген.

Ашпақ күн ақ нұр түзілген
 Аралап жүрді жер бетін.
 Жүзінен арай үзілген
 Алмадан көрді келбетін.

Ғарыштың сырын талмадым
 Ғұмырлық тозбас төзіммен.
 Даналығын күн мен алманың
 Іздеймін енді өзімнен.

Тірлігіне талдың таңғалдым,
 Тіледім сәтін Тәңірден.

Ғұмырдың кеші мені мен бағ.

6 — *Нәзікә А. ШАМЫС КЫЗЫ*

Алмалы бағым,
Үлгінен жомарт айналдым,
Айналдым жомарт өмірден!

Жүрегімде өнген бүршікті
Жүрегіне таудың егіп ем...



ДАЛА ПЕРЗЕНТІ Мұхтар Әуезовтің рухына


Дәл осы Бетпак далада
Төртпак табандылар болған деседі.
Бірде жайлау деп,
Бірде жаулар кеп ылғи көшеді.
Қазынаға толы,
Шежіреге толы тақырға
Еміренген жаудың
Кенірдегін де кеседі.

Бұл шыжғырған шегір құмдарда
Бүлтқа телмірмейтіндер күн кешеді.
Жер түбінен нәр алып,
Көк түбінен нұр алып
Сірескен сексеуіл сындылар өседі.
Буынын бұрап сығымдап
Дүлей жел тынбай еседі.
Кезеріп ерні топырағын иіскесе
Өзекке теңшей өз ұлын
Табанына алақанын төседі.
Кеудесі иін
Кәусарлар шапшып шыңыраудан
Жеті қат жерді төседі...

Осылай Намыс пен Төзім сомдаған
Алшауыт елден
Алшауыт перзент тумаса,
Халқым деп жанып,
Мәңгілік жолын кумаса
Тағдыры тозып, рухы да жасып өшеді.
Бүгін де осы Бетпак далаға
Төртпак табандылар керек деседі.

Бұлтқа телмірмейтіндер күн кешеді.

Тек шолде шыңдалған шымырлар
Қазақ елінің
Ақберен айбар еесі еді.
«Шолі бар халық – зор халық», - деп
Абыз Руми де
Бекер айтпаған болар кешегі!



ШЫРАҒДАН

Күмәнданып бәріне де,
 Күдікпен карап әріге де
 Екі қолым төбемде шырылдаймын:
 Ғұмыр-сәуле бір күндік, мәнің неде?
 Ірілерді таниды тек ірілер,
 Тірілерді жалғайды тек тірілер,
 Қайдан келдің, Тірілер, сырын неде?
 Жасаған да жаратпас жоқтан барды,
 Жапың қайдан, Ой қайдан, берді неге?

Лыкып тұрған айналаң ақыл дейді,
 Бар болмыстың жаны бір жақын дейді.
 Даналарың туады бәрін біліп,
 Ғе-ақылың жанға еккен дақыл дейді...
 Дақыл өшпей бүр жарса, тәубе деймін,
 Сөзге сыймай кей сырлар әурелейді.
 Сөз біткенің тұспалдау – бәрі кәде,
 Тыңнан теңеу тауып көр – бәрі көне.

Жасын сынды қиялым батыл болса,
 Қилы сырлар жаныма жақын болса,
 Сырдан сауға сұрауға ақым болса...
 Жұмыр жерді айналып келсем деп ем,
 Адам жоғын жоқтайтын хақым болса.
 Жап мен ойдың төркіні жалын дейді,
 Жалын лаулар жағатын отын болса...
 Шырағданым, жана тұр отың болса!

Ғұмырдың келер шағы бар.

ДӘУІР КЕЛБЕТІ

Әр дәуірдің
Түйнетен түйіні бар,
Арға таңба өкініш-күйігі бар,
Зиялылау заманның жеткен жері
Арал-Атом алапат түйығы бар.

Әр халықтың
Рухани тұнбасы бар,
Уақыт жүгін көтерер тұлғасы бар,
Ел-жерім деп шөк басқан адал барда
Мәңгі өшпейтін шежірені жалғасың бар.

Әр ұрпақтың
Өз өрі, мың шыңы бар,
Келер күнмен жанасар тың сыры бар,
Адам рухы шыңдалған әр кезеннің
Өз бұғауы, кісені, шынжыры бар!



КҮРЕҢ ШЕТЕН

I

Жан шаншуым бүргенде
Өрттей ойлар жанға дамыл берген бе?
Шыңға шығып, күздан тайып жүргенде
Көзім түсті занғарда өскен шетенге,
Тасты жарып, тал да өмір сүрген бе?

Үскірік те мойытпаған шетенсің,
Аптаңқа да төтеп берген бекемсің.
Ала жаздай көрмесең де ақ носер
Қандай нәрмен желкілден тұр екенсің?

Түрсың ба сен күдіретімді көрсін деп,
Тебірендім жүрек тулап дүрсілден...
Тұл тірлігін тұғырынан тайдырып
Қайсарлықпен өз тағдырын орсін деп.

II

Қинадың аямастан,
Тағдырым қар мен жаңбыр араласқан.
Биікке ұмтылып ем бала жастан,
Адастым күйбеңге еріп, алдым жартас,
Алыстап кетті-ау арман қарамастан.

Тарылтты өрісімді тас қамалың,
Шыға алмай қалам ба деп жасқанамын.
«Торықпа, іздесеңші, - дейсің шетен,
Өзіңе тірек болар басқа амалын.

Қорықсам әр қатерден мен өнбеймін,
Аптабын, ақ боранын мен жеңбеймін.
Салса да от пен мұзға аямай-ақ
Көнеді тіршілікті сүйген деймін.

x келесі шағын бар

Осыныша көп қинағав тол баласын
Бү жалған сырғы бойлап толғанасың.
Ащы мен тәтті дәмін қайтін білмек
Жаншылың бұла жүрек талмағасын.

Өр қилы сынға түсіп көрмегенге,
Шындықты мың сүрініп термегенге
Шел қаптап сезімін де, сапасын да
Нарық пен парасатты бермеген де.

Ардақтап атамекен әр тасын да,
Азды-кем абзалдардың ортасында
Тілеймін жүрек жапын жалын шарпып
Ертегі мұзарт биік жартасын да!»

III

Шетелім, жан сырласым!
Биікке шақырсаң сен, тағдырласым,
Жүрегім ұяласын заңар басын.
Тоқырап орта жолда жүрген жан ем,
Құлазып енді жүрек даңдармасын.

Көңілім жетімеірен ұмтылғанда
Тауға кеп жұбанамын мұң тұнғанда.
Бір бастың көңіл кірі бұйым боп па
Жарқырап аспанымда күн тұрғанда!

Жүрегім, бақ пен мұңды тең көтергің,
Жарық күн, қимай сені мен кетермін...
Көктемде шетел болып қайта келіп
Тауымды жайқалтып бір түлетермін.

Бұл тірлік қаңтарылып қалмас тұрып
Бір ұрпақ бір ұрпақты алмастырып,
Өмірдің орметінен үзілместің
Адамның аскак рухын жалнастырып!



АЛАТАУ АСҚАРЫНДА
Нұрғиса Тілендиевке



Шындардың сәнін білер
Бұтқа еркелеп қыранмен тел өскендер.
Тау бабасы көтеріп иығына
Қолтықтасып жұлдызбен тілдескендер.

Өрлеудің дәмін білер
Байлаулы өмір өлгенмен тең дескендер.
Қақыратып құрсауын құл тірліктің
Еркін самғап көгінде күн кешкендер.

Биіктің мәнін білер
Асқак ойы аспанмен шендескендер.
Адам рухы құлдилап кетпесін деп
Жан баспаған қиядан жол кескендер!





Бұтқаның қызыл шашы бар




II

**ТҰЛПАР
ДҮБІР
ДОМБЫРА**

*Домбыра-жүрек кең далам,
Тұлпар дүбір домбырам,
Қасиеті де өзіңсің,
Құдіреті де өзіңсің
Күн пейілді Қазақтың.*






ҰЛЫ КӨШ

Зулаған замандарда
 Дүниені дүркіреткен бабаларым
 Жүйткіп бір кең жиһанға таралғанда,
 Аттила, Күлтегін мен Бейбарыстар
 Тулаған тосын мінез амалдарда
 Тайсалып бұза алмаған қамал бар ма!
 Көгінде Көк Тәңірі қорған болып
 Өз жолын жаттан бөлсек таба алған да!
 Не қилы қара дүлей өткелдерде
 Сенбеген жұлдызына оңалған ба?
 Қазақты жер мен көкке тең теліпті,
 Қиялын, тарпаң рухын жырға өріпті.
 Ақ жол деп,
 Тәуекел деп ғасырларда
 Ұлы көш қоңырауы тербеліпті...
 Сенбесең бәрі бекер,
 Сенім жоқ жарық дүние мәні кетер.
 Халқым бар тек өзіне сеніп өтер,
 Балайтын өз тағдырын аңызға да,
 Сенетін аманатқа,
 Парызға да,
 Күлігін күллі әлем шаңға көміп
 Бәйгеден озып келген қобызға да!

ен шаны бар.

КҮН КӨТЕРГЕН МҮЗБАЛАК

Тәуелсіз еліміз айдарлы
Өр бабалар көкестен,
Сындарлы кездің айбарлы
Көтерер жүгін ерің бар
Түйінін шешіп екшеген,
Тарлан жырлар туыпты
Қауатты тұрар жалында,
Жанкешті ерлік туыпты
Өртеген кектің жолында,
Бұл даланың тарихы
Жерін жаптан қорғаған
Хас батырлар тарихы,
Көшпелі елдің тарихы
Басып тіккен елім деп
Көзсіз ерлік тарихы...
Мен бүгінгі Қазақтың
Өзге жұрттар сыйлаған,
Қазынасы князьна да
Сыймаған,
Мен алтын көпірмін
Екі әлемді жалғаған,
Шығысында,
Батысында қолдаған,
Астана да ортақ бар еште,
Күнде ортақ әр еште,
Көк байрағы көкке өртен
Күн көтерген мұзбалак
Әйгілі бүкіл әлемге!



КӨНЕ ТҰРАНДА

Армысың, көне Тұраным,
Ежелгі түркі тұрағы!
Тарихын терген жадында,
Аңызын өрген сағымға,
Күйындай желген бөкені
Бір сырын ашты мекенім:
Басқан жерім ғарыштың
Дәл ортасы екенін.

Осынау шексіз кеңдіктен
Қырық бесінші ендіктен
Төбедең көкті төңкеріп,
Көкжиекпен көмкеріп,
Көзбен өлшеп көлемін,
Дөп-дөңгелек бөлегін
Еншіме менің берген бе,
Тағдырыма мәңгі өрген бе!

Осынша қыруар байлықты
Маңдайына елдің жазыпты.
Шегіне кеңнің жете алмай,
Сағымын қиып кете алмай
Жонында тұрмын Ұлы жазықтың.
Дөңгеленген шеңберде
Көгендеген бір жерге
Бейне бір Темірказықның!

Бұлардың келер шағы бар

ТАСҚА ТҮСКЕН ТАҢБАЛАР

Ежелгі қолжазбалар
Қолға алсаң ой қозғалар.
Ескінің көзі ме едің,
Естінің сөзі ме едің?
Жабайы пенденің де
Бе жияр кезі ме едің.
Қисықты түзейтұғын
Даналық тезі ме едің?

Мың жылдық қолтаңбалар.....
Ғажап қой жап таңғалар.
Сонбейтін сезім бе едің,
Тозбайтын тозім бе едің?
Мың жылдық із қалдырған
Алмастың жүзі ме едің,
Ошпейтін із қалдырған
Дәуірдің өзі ме едің?!



ҚИЛЫ ӨТКЕЛДЕ

Бір кезеңде күнге де сенген екен,
Тәңіріне табынып өнген екен...
Ислам қанат жайғанда жарты әлемге,
Жайнамаздар жайылып,
Көшпелілер намазға көнген екен.

Білгір заман заң жазып берген екен,
Заңдылықты мойындап ерген екен.
Аспан қайнап жатса да жасын тастап,
Шоғырланып көгінде
Үркердей ел үрікпей келген екен.

Ұзақ жолда қаншама ел сөнген екен,
Құмдар аунап, ізін де көмген екен...
Жыраулары суарып кермек жырмен,
Жауынгер жұрт ширығып
Қамшы-тағдыр бұзау тіс өрген екен!



ТҮЛПАР ДУБІР ДОМБЫРА

Кен байтақ дала,
 Кен адыр...
 Талайы үйткып тосыннан,
 Дүркіретіп шексіз жазықты
 Таршаны жүйткіп жосылған
 Асау тірлік, асау бақ
 Тек жансебіл жұртқа жазынты
 Жаралған жаны жасыннан,
 Көкбөрі тегі асылдан,
 Асқағым Алтай, Алатау,
 Ардағым Арқа, Атырау
 Маңдайына сыйып
 Тағдырына елдің басылған.

Ер жүрек бабам
 Дана екен:
 Таршаннан түлпар баптаған,
 Кіел бағырын саптаған,
 Домбыра, семсер асыптан,
 Өнерін жаптан асырған,
 Жеті қат коктің сыбырғы,
 Түлпар тұяқ дубірі,
 Қазақи кеуде күбірі
 Қос ішекте дертіп бір
 Домбырасына
 Серініп қосылған,
 Күйлері жеті таасырдан!

Жер-кокті кернеп
 Кеңсікке сыймай шырғығып
 Кнелі күмбір шанылған,
 Домбыраны алса қолына



Тал бойы түгел шымырлап
Көңілі шайдай ашылған.
Домбыра-жүрек кең далам,
Тұшар дүбір домбырам,
Қасиеті де өзіңсің,
Құдіреті де өзіңсін
Күн пейілді Қазақтың
Жаралған жаны жасыннан,
Жылдары озған ғасырдан!



БАПКЕРТЕР

Қадыр Мырза Әліге

Жылқы жылы
Жылқы кірлі түсіме,
Түс хабаршы,
Тәңірдің бүт ісі ме?
Өз сөйгүлік сымбатына таңалдым
Толқын жалды, алтын тектес түсіне.

Қамбар ата сыр бөлісті толған бір:
«Қызығалды бәрі сыртқы пішінге,
Ысырмаған мал ғой бұл
Мың өнері ішінде,
Жылқы мен қазақ мінездем,
Тағы болар бап көрмеген кісін де...»

Мал несін,
Несі малын тапқанда,
Қастерлен, шыңдан баққанда
Қаңтарып тастар ақ таңа...
Арам тер, арам шығыл да
Жүйрікті жейді шапқанда.

Адалдықтың көкесін
Бір-бірінен тапқанда,
Қайсарлық, шыдам қабысын,
Дарын мен дәуір табысын
Қос дүлдүл қанат қалқанда
Күдіреттенін кетер тақтап да!»

«Жабайылар еді
Ырғыған кеше жосылың,
Қырлануың-ай,



Бағы мен бабы қосылып!» -
Тамсанып қалды
Тәңірің де бір тосылып.

... Ысқырған қамшы,
Шыңғырған жылқы даусынан
Оянын кеттім шошынып.



ЕРКІНДІК ДЕГЕН БАР ДЕЙДІ

3. Серікқалишевқа

Еркіндік деген бар дейді,
Еркінді елден көргем жоқ.
Бәрінің басы байлаулы,
Кендікті ешкім берген жоқ.
Көне Римде де тек Спартак
Ор кеудеге көмген шок
Күл дәуірді шайқап бір
Кіесінің үзді — көнген жоқ!

Князаттың не түрін
Адамның өзі тапқан-ды:
Асауларға бұрау сап
Сындырын сағын шаққан-ды.
Дараларын дарға асып
Даналарын отқа жаққан-ды.
Мың жылдық қырғын бір тынбай
Дариядай қаны аққан-ды.

Не сұмдық қалды жалғанда
Өз асырым ойлап таппаған,
Қарайын қаның қаппаған?..
Айнастаңда жан бар ма
Гұмырын да,

дарынын да, арын да
Бір күштеге саппаған?

Намыс та жоқ, ой да жоқ
Кіт зомбистер жүр қаппаған,
Көгендеулі жанлар қайда жоқ
Кісінің жер қып таппаған.
Қай түрі бар қорлықтың
Жүрегіңе неге қаппаған?..
Ал, Спартак сынды болар ма
Еркіндіктің уызынан бір таппаған?!

АҚЫЛ ЖӘНЕ АҚИҚАТ

Шыңыраудағы шындықтар,
Аспандап кеткен ақиқат!
Жоқтаумен сені қор болды,
Қаншама бастар бор болды:
Бар қызығын тәрк етіп,
Бар нұмырын сарп етіп,
Ойымен шарлап жер-көкті
Естілер қыруар тер төкті.

Жіліктен бәрін бағалап,
Айдар да тағып тағалап
Тек ақыл жалқы тез деді,
Ақылдан бәрін іздеді.
Сынаржак ақыл шындықты,
Ақиқат деген мұңлықты
Қамады салып құлыпты,
Тұшшығып рухың булықты.
Шындықтың дерті тым ауыр,
Түспеді қолға мың дәуір.
Тот басқан сол құлыпты
Аша алмай енді торықты.
Бүйректе тастар түйіліп,
От жұтқан бауыр күйініп
Жүректі буып тастады,
Қинаудан жанын аспады.

Болмысты, Адам, боршалап
Ақ-қара деме тұмшалап.
Пайымдап көрсен кезінде
Өзіңнің кілтің өзінде:
Қуаныш, қайғы, сезім де,
Ақиқат, шындық, төзім де
Санаңның қилы қыры сол...
Ал, Тіршілік - сәуле нұры мол!

КЕРУЕН-ДУБІР

Бабаеынан бірде сұралды
Шежіреден кенде шөбере:
«Қалды ма ізі, тұрағы,
Керуен деген немене?»

Дәуірді озған дүмбірден
Тебірелді еске ал бабаеы,
Қоңыраулар тынбай күмбірден
Жаңдағын кетті далаеы.

Тал бойы жібек жамылын
Арулар аққу тараптан,
Өзінен бәрі табылын
Далаеы торғын оранған.

Мың жылдық тарих тозар ма?
Шығыс пен Батыс табықан,
Байлығын бұдан базарда
Саудагер жүрттар жарысқан.


Жол соғып жолшы жаситын,
Тосатын керуен сарайлар,
Саудамен табыс таситын,
Шалқитын өршіл шаһарлар.

Заманы өтті бұралын,
Қошғасын керуен бел асты...
Нардан да жүйрік бір алып
Жер-көкті шарлап жол ашты.

Керуен деген тіршілік
Әлімсақтан әрі басталған,
Ойынғы мөріп жер сызын,
Іздері жапыр сақталған.

Қалалар қалды қалпында,
Керуендер қайтып келер ме?..
Сақталды елдің салтында,
Саптанат, дәстүр, өнерде!





ӨНЕГЕЛІ ОРДА

Мектеп деген керемет бар:
Албырт кеуде,
Алғыр жүрек шәкірттерін толғаған.
Қиял шалқын, ой лапылдап көзінде
Кен әлемнен өз керегін жоқтаған.
Үстаздары көктен түсіп кезінде
Жас талапты орт мінез
Қырлап-шыңдап баптаған.

Мектеп деген көмелет бар:
Есігінен үкілі үміт ақтаған,
Мархабаттың әлішесін жақтаған,
Үйренесін жақсы көрген адамнан,
Ойың толар түсінікпен данаңнан -
Өнегеден асқан байлық таптаған.
Арман бар ма шәкіртте
Ел үмітін ақтаған.

Мектеп деген мемлекет бар:
Қазынасын саф алтынға сатпаған,
Жанар таулар жарылып,
Тонан сулар қағынып,
Адамзатқа килы катер төнсе де
Азбасын деп жабайы боп ақтабан
Адам рухын қастерлеп
Мәңгілікке сақтаған!



СЕНІМ – ӨМІР ӨЗЕГІ

Сенім деген күдірет,
Сенім жоқта жан жетім,
Адам да жоқ.
Сауап та жоқ, эрине, обал да жоқ,
Бас сауғалар әр сыннан панан да жоқ.
Аршып алар арынды амал да жоқ.
Мінәжат та болмайды, тәубесі де,
Қанағатсыз өртенер кеудесі де.

Сенген жандар алданған емес дейді,
Сенім жолы жеңіл де демес мейлі.
Сезім, үміт, өнер де, жұмағы да,
Білімін де, ділін де, тозағы да,
Бәрі сенім –
Көнессің азабына.
Сенім барда түңіліп тозғаны жоқ,
Төрт аяқтап тоқырап азғаны жоқ.

Адам деген осал ғой – қайран қалма:
Атомға да сенеді, нейронға да,
Барыңа да сенеді, жоғыңа да,
Тәңірінен адасып жаңылды да
Кетті ілесіп қым-қиғаш ағымға да.
Қайдан келді, кетеді қайда енді,
Жауабын таба алмай бір
Тиянақ жоқ көңлінде, оңалмай жүр...

ЕГІЗ ДҮНИЕ

Өмір-Өлім Тағдырға түр байланып,
Тұғырында тірлігім шырайналып,
Бірге келіп өзіммен,
Бірге кетер
Шын серігім Ажалым жүр ойланым...
Уайымдайтын несі бар, бәрі де өтер,
Кетемін той түбінде бір сайланып.

Қол ұстағып келіп ек қарлы қыста,
Қас қағымдай келте өмір - жолым қысқа,
Алаңдатпай, серігім, әурелемей
Мәмілетке кел:
Арналысып жүргенде жаңылыста,
Шыны-ғұмыр жаратқан асыл ұста
Сынбаға екен шытынап асығыста.

Кешіп өту өмірді бәріңе сын,
Ажал жоқта
Ақ нұрдан да жалығып жерінесің,
Бұл сапардан бап жинап баппен кетсең
Жаңа жүрік қонғандай көрінесің...
Жаза бағсам, серігім, демен жібер,
Бір камшына екеуміз өрілгесің.

Тек пенденің аты сол пенде екен,
Пенделігің білетін де кемде-кем,
Түңілмейік ғаламның өз заңынан,
Жұлдыздың да ағып түсуі демде екен,
Ал, Өмір мен Өлім
Ұлы құбылыстар емес пе еді
Теңбе-тең!



ДӨҢГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

В. Ленскийге

Алтыбакан-тіршілік
 Алма-кезек теңселген,
 Түнді түрпін күн шығып,
 Көктем озып, күз келген.
 Замаң шеңбер көмкерген,
 Шеңберде адам күн көрген.
 Тіршілікке сонда кім ие:
 Жеңілгендер... жеңгендер?
 Шыр айналған дүние –
 Шыр айналған шеңберлер.

Ор кеуде уақыт зырлаған
 Адамды тарпын қырлаған.
 Тынымсыз тірлік тулайды
 Тар шеңберге сыймаған.
 Шыршық атын шегінен
 Асқанда шеңбер қираған.
 Бұл жолда асып-тасу бар,
 Екіпіннен ығып, жасу бар...
 Бұраңдаған дүние –
 Бұраңдаған асулар.



Заңынан болмыс танбайды,
 Замаң да тозбай қалмайды.
 Тосын ой, тосын амалын
 Асқанға асқак жалғайды
 Анадан туган Тәңірлер!
 Келеді сәби сәуірлер,
 Келеді сағи дәуірлер.
 Бір орнында тұрмайды
 Дөңгеленген дүние --
 Дөңгеленген дәуірлер!



III

СӨЗ ҚҰДІРЕТІ

*Жанарындай сақтаған шежіресін,
Өткенінен еліңнің не білесің?
Заман тозған, бірақ та сөз тозбаған,
Қадау-қадау қалыпты бірер есім.*



АҚЫН – ЕЛДІҢ АРДАҒЫ

Дүйім елдің алдында топты жарып,
Қызыл тілден лауласа от тұтанып,
Өлең-өнер, абырой деген жұртым,
Жұлдыздарын аспанда жақты жарық.
Ал, жасық сөзді
Кедейлік деп кейіпті қатты налып.


Қиянаттың ызғары бетті қарып,
Бәсеке деп жүргенде кепті нарық.
Қысанағына заманның шыдай алмай
Талай дарын тартыста кетті жанып.
Ал, жасын сөзді
Ақын -- елдің ардағы депті халық!



АБАЙ – ТАҒЫЛЫМ

Олең – пағша тағында Абай дара,
Өр казактың жадында Абай акын.
Жана келген ұрпаққа Абай жаңа,
Кешегің мен бүгіннен Абай жақын.

Айтпағанын кім айтар Абай дана,
Ой жете ме таңуға Абай хакын?...
Мұхтар орді мәңгілік Абайнама,
Қазак барда тозбайды Абай атын



ҚҰМБЕЛ ШЫҢЫНДА

Абай рухына

Ақныктар
Көк тіреген шыңдарда тірлік кешкен.
Ызғарлы жел өтінде тұрған ұлып
Күзар тікте
Занғар гүл - Еңлік өскен.
Екеуін де аңызға айналдырып,
Ариалысын дауыл мен арман қуып
Қатер-сыннан өткен де ерлік дескен.

Еңлік-мекен,
Коп адамды зүреге салмадың ба,
Япыр-ай,
Аяқ жетер биік те арманы ма?
Жерден тапнай мұратын көктен іздеп
Жанын кешкен талайы бармады ма,
Қайтарында қалжырап қалмады ма,
Тауы қайтып тасырқан талмады ма?

Қыран биік,
Мұзарт түр сені қорғап алдың тұйық.
Мазам жоқ...
Түсеке кіріп болдың күйік.
Нартәуекел, ал енді әлді жиып
Қыл шылбырын күдіктің алдым қиып.
Еркіндігін көксеген түз құсындай
Тіке тарттым жолсызбен жанды тұйып.

Аскак Құмбел!
Осы ма бар күдіретін?
Өзің жартаас, айналаң тастак белдер,
Несіне адам қиялдан аңсап келген?

Қасынан бір биікті көрейін деп,
Жалын жүрек жылуын төгейін деп
Арын-анын
Қиналын шаршап келсем.

« Не, мен тік Құмбелмін,
Тек бүркіттер мен бұлттар ұясымын,
Мың дәуірдің мәңгілік күзеімін.
Өзі таңесын әр акын өз биігін,
Тас жүректен от кесер сөз жасынын.
Бір ғасырды
Көтерер бір-ақ Тұлға,
Ізден табар бір-ақ жан Ой асылын!»





ЖОЛБАРЫСТЫ ЕЛ

Күн астында
 Кнессіз жер болмайды,
 Аңыз, сенері жоқ ел болмайды.
 Тіршіліктің тұтқасы – құдірет бар,
 Сыйынары жоқ елде күн болмайды.
 Кәусарына көк шыңдар қанып өскен
 Дана халқым
 Дараларын ардақтап жыр толғайды.

Тауда барыс,
 Ойында жолбарысың,
 Жомарт елім, бөтенде болмады ісін,
 Сескеніпті сесіңнен қаптаған жау,
 Айбар шеккен хас батыр – барда ырысың.
 Қонысыңды атанған «Жолбарысты»
 Жоямын деп
 Өшіккен жау ортепті бар қамысын.

Елім рухы –
 Жолбарыс пірге айналып
 Ортенбепті ғажайып сыр байланып:
 Хас батырын, дарынын, данасын да
 Демен жүрер қызыл бір нұрға айналып...
 Ер Қарасай, Сүйінбай, Жамбыл бабам, -
 Ел тағдырын
 Бүгінгі мен ертеңін мың толғанып
 Қызыр қонған бір ұлын жүр қолға алып.

СҮЙШБАЙ ЖЫРДЫҢ ТӨРЕСІ

Алатау жүрек алыбым
Бірлігін елдің жырлаған,
Алатаудың шыңынан
Бар қазақ түгел көрінген.
Алатауда туған жыр
Байтақ елге төгілген,
Жасын жырлар жарқылдап
Айғыста селдей өрілген.
Заман куә, ел куә
Бі де болдың, ауыспай,
Абыройды іспен өрмедің
Мысын бастың төренің
Намысты жауға бермедің,
Рухы демен еліңнің
Қатағанды бүрін түйредің.
Өнетен мұра халқына
Мәңгілік қазына тейледің
Дара туған ұрпақтың
Ел біткеннің камын жеп
Шығының әлем жөңдеді.

ЖЫР-ЖОЛБАРЫС

Жамбыл рухына

Дара тұр
Дауыспаз жыр дабыл қакқан
Өзегін қалың казак жалындатқан.
Қуат бар Жамбыл сынды
Жыр алыбы
Жау түгіл уақытты да мойындатқан.
Майтөбе - өнер тұнған балуан қыр,
Сыйыпты акындыкка алуан сыр.
Серпілген көкті тіліп
Жолбарыс – Жыр
Бір ғасыр асып-тасқан
Керуен-жыр!

Ғаламат
Сөздің иірі дарыған ел,
Өткір сөз ак алмастай қарыған ел.
Байрағы
Көкбөрі екен айға шапқан,
Жанкешті батырлығы дамыған ел.
Батырлық
Ақындықпен өріліпті,
Тектілік
Сөз саптаудан көрініпті.
Көгімен тасқын шабыт шендескенде
Жарқылдан жасын жырлар төгіліпті.

Өр Жамбыл
Ортше лаулап шабыстарда,
Аламан орақ ауыз қағыстарда
Дем беріп сексен ақын, сексен батыр
Алмаған бір ғасырда жарыс бар ма!

Дара акын,
Дана халқым дарқандарым,
Лайықты бір-біріне жайсаңдарым,
Жыр Жамбыл
Қазақ рухын аспандатып
Мың жылдық даңқ сыйлаған
Асқан дарын!



АҚЫН ТАҒДЫРЫ *Мағжанға*

Дүрмегін тартып алсаң да
Жүрегін тартып алмассың.

Кәсібін тартып алсаң да
Нәсібін тартып алмассың.

Жарығын тартып алсаң да
Дарынын тартып алмассың.

Барлығын тартып алсаң да
Тағдырын тартып алмассың!



МҰҚАГАЛИҒА

Қасиетті елің бар, талғамы - шын,
Өлең-жырсыз ел болып қалмағы сын.
Талай сағы сынса да, рухы сынбай,
Өзегінде өткір сөз жанғаны шын.

Буырқанған дәуірдің жан дауысын,
Ой-өресін, арманын, толғанысын,
Қиян-кескі ғаламат кезеңдердің
Тұлға болған арқалар ар-намысын.

Бір өзінді таңдапты кең ғарышың,
Хан Тәңірі!

Поэзия ардағысын!

Сен келгенде өнердің бағасы артып,
Көп өлеңнің су татып қалғаны шын!



АЛТЫН ДІҢГЕК

А. Қарсақпаевқа

Шырқау шынын өнердің
Қас шебер тек сомдайды.
Аламан бәйге сынамай
Жүйріктің сәні болмайды.

Талант деген күдірет –
Тәңірің бермей қонбайды.
Қырланбаса алмаспен
Таланттың бағы жанбайды.

Қиянатшыл қара күш
Талантты жоя алмайды.
Алтын діңгек – таланттар
Намысын елдің қорғайды.

Үздік талант жоқ жерде
Халқын да үздік болмайды!

БОЛҒАНЫ ЖАҚСЫ

Өзіңнен асқан дарынның болғаны жақсы,
Алдымда асқар биігім бар деп айтуға.

Өзіңнен артық сыншының болғаны жақсы,
Мынасы осал, мынасы бар деп айтуға.

Өзіңнен мықты тыңдаушың болғаны жақсы,
Тереңге сүңгіп інжуін танып айтуға.

Қияншап шалған дананың болғаны жақсы,
Доп басын бірін өлмейтін сөз деп айтуға.



АТАДАРЫН

Өсіп ем акындарды көріп жастан,
Тасқындап жыр төгетін өріп дастан.
Толқитын сері жайлау, ән де қалқып,
Тенселіп ай-жұлдызға еріп аспан.

Атапың ақ дарыны жалын атқан,
Күйылған аппак нұрын шаңырақтан,
Сен бе едің асау селдей ырық бермей,
Жеті қат тас құрсауды жарып аққан?

Екпіндеп жүйрік жылдар желіп – тасқан,
Өзгерттін өмірімді калыптасқан.
Тыншымай тықыршумен өтті күндер,
Келдің бе, Кертөбелім, алып кашқан.


Жазатын дәуір жырын ойып тастан
Акынын ардақтаған халық бастан.
Сал баба дабылы ма серпін беріп,
Ой ұштан, жігер шындап көрік басқан!

ӘСЕТКЕ

Күн аунап Қарғалының қиясында
Бірге өстік ән мен жырдың ұясында.
Жан сырын-әсем әуен, ел байлығы,
Нұрлы әуез бір кеудеге сиясың ба!

Әсет сал, күллі казак қыранысын,
Биіктің мұзбалағы тұрағы – шың.
Көңілде жарқырасын ән жұлдызын
Есімін ел жадында қалары шын.

Баурайы Алатаудың жырға тұнған,
Ақындық, баатырлық та бәрі қонған.
Әуенін шартарапты шарлап кетті
Ешқашан ұмытылмас дара тұлған!



АРУАНА БҰЛТТАР

Аруана, шөлдің аққуы ең
Қуаңдау белдер отаның.
Ақ шаңқан пандау таулардың,
Аңызға толы жотаның
Жаралған бауыр етінен
Кербезі едің ботаның.

Аруана, төлдің тектісі ең
Сағыныш-мұңың басылмай,
Талғампаз сезім пәктігі ең
Қарамен қаның қосылмай,
Жат жерге сіңбей мерт болдың
Тағдырға бөтен бас ұрмай...

Өзіндер - асқак қиялдар
Осал ғой бәрі - сезіп пе ең,
Үсікке бұрын ұрынар
Әсемдер сонша нәзік пе ең?
Әділеттің өзі жасқанар
Қиянаттан қарау кезіккен.

Сәтімжан, сіздің Аруана
Тұсауға көнбей сірескен,
Ақтауың көксей өзі өскен,
Заманға сыймай егескен -
Аспандап кеткен
Аруана бұлттар емес пе?

Аруана бұлттар емес пе?

АЛАУЛАҒАН ШАРАЙНА

Ерке әуездер тебіrentіп жер бетін,
Күллі тірлік нұрға бөлеп келбетін,
Поэзия – құпия бір шарайна,
Кен ғарыштан ақтарылған арай ма?

Жұлдызды әлем кыруар сырлар төгетін,
Дария-көңіл алуан кырын көретін,
Жан дүние – толқып тұрған шарайна,
Бірде ақ шуақ, бірде ақ боран борай ма?

Сегіз қырлы сөздер қайда өретін,
Жалына өртен саф алтынын беретін.
Жыр көрігі – алаулаған шарайна,
Жан тірлігін зерлеп ору оңай ма?!



СӨЗ ҚҰДІРЕТІ

Сөз патшасын пайымдар әр шамада,
Асылымен күл көсер ел она ма?
Құдіретпен шыңдалған киелі жыр
Қызыр болып қоныпты ен далаға.

Ой-санасын халқының баптау үшін,
Ел санатын әр кезде сақтау үшін
Өнер алды - қызыл тіл депті данаң,
Сырлы сөзге бас иіп тоқтау үшін.

Жанарындай сақтаған шежіресін,
Өткенінен еліңнің не білесің?
Заман тозған, бірақ та сөз тозбаған,
Қадау-қадау қалыпты бірер есім.







IV

ТУҒЫРЛЫ ТУАБАЛАР

*Ойыңнан сенің нұрланам
Діл-тілі асқан сырлы адам.
Алмасты жаанып алмасқа
Зергер-тағдыр қырлаған.*



ӘКЕ АРМАНЫ

Майтөбе көк торғынды көктемінде
Ақ боз үй кең пейілді көк төрінде.
Күмбірлеп домбыранда арман толқып
Мұңынды, әзиз әкем, төкпедің бе.

Жайлауда базарлы өткен бала шағым,
Керілген кең ғарыштай болашағым.
Алағау таңғы араймен табысатын
Асылып шындарына алау сағым

Той-думан дамыл таппай қайнаушы едің,
Жыр-сайыс қызығына тоймаушы едім.
Жарысып қырдан қашқан елік-желмен
Жалында ту асаудың ойнаушы едім.

Тұнған сыр тұла бойың ақыл әкем,
Ел ары-намысына жакын әкем.
Мияты ең ел-жұртыңның арқа сүйер,
Есінде талай жанның атың, әкем.

Шыдап ең тар кезеңнің айбарына,
Көтердің қиын-қыстау жайларын да.
Бар үміт, арманыңды маған артып
Тағушы ең киелі үкі айдарыма...

Парасат биігі бар, білемін мен,
Амал не, шықпадым-ау тілегіңнен.
Кніздей шала пысқан қарлуы кем
Өмірдің ширап келем білегімен.

Өзің ең қамқоршым да, тірегім де,
Жан таппай пана болар жүдедім бе?
Еңсесіз күркешіктей тар кеуденің
Еңкейіп кіре алмаспын жүрегіне.

Алыстап арманшыл кез кеткені ме,
Жоғымды еске алар кез жеткені ме.
Бәләңгің жыр мен нұрға аямай-ақ
Көз салсам көлегейлеп өткеніме.



Бүгінгі күндө мөңгү келер келер келер

ӘКЕ СЕНІМІ

Ағайын толған
Жол бар деп қалған бабадан
Әкеме қолқа салады:
Бір тоқал алсаң қалаған
Үй-ішің ұлға толады,
Қалма деп кенде баладан.

«Қызымды жалқы,
Он ұлға өзін балаймын.
Дуан ел артқан иегін
Онғар би тегі өр-айбын.
Шалтабай шешен жиенін,
депті әкем, - дара санаймын».

Қаршадай қызға
Әкелік мейір сыйлап ең.
Түсірмей бөрік басымнан
Қыз жолын маған кимап ең.
Ұмтылып жоққа жасымнан
Тар үйге мен де сыймап ем?

Шаншылған тікке
Жетелеп бір күш келеді.
Қиядан тайып сүріндім,
Колденең шатқал бөгеді.
Өзімнен кейде түңілдім,
Сенімің, Әке, демеді.

Туыс көп болса,
Заңды ғой тасып, толмағың.
Өтінде жүрмін сұр сыздың
Бауырлар, әттең, болмадың.
Он ұлды қойып бір қыздың
Нарызын да өтей алмадым...

КӨК ШЫҢДАРДА

Көк зенгір,
Қаснеттім, көк Құмбелім,
Мұзарттар патшалығы тектім менің,
Кеудемде өзің берген екпін, сенім.
Қар кештім, тік паткалың, оттім белің,
Төтен мен тұлпар тұяқ төтемеске,
Мұзбалтақ,
Мекеніңе жеттім сенің!

Көк-күмбөз,
Акқу-жұлдыз жиып па едің,
Жарқылың бір жүрекке сыйып па еді,
Адамға мәңгі жарық қиып па едің?..
Еңшіме тақашар тау тиіп пе едің,
Шыңына әкем атын жазсам деп ем,
Мұрағым,
Аспан еңізді биік пе едің?!

БЕЛЬГЕР БИІГІ

Жұмыр жердің төсінде
Жұмыр басты пенделер
Жеті қат көктің көлемін,
Жеті қат жердің тереңін
Әр саққа бір жүгіртіп
Өз әліңше зерделер.
Алуан қырлы тірлікті
Ақ-қараға бөліп ап
Арасында сенделер...
Ал, Герекен
Көкжиекке көз жалғап,
Үш тілде сомдап дегенін
Кенейтті сөздің әлемін.
Әуезов, Габен, Әбендер
Ортасынан сізді көремін,
Із қалар өшпес – сенемін.
Қайсарлықпен оріп келесіз
Бельгердің биік өнерін!

АЛАҒАУ-ТАҒДЫР

Бауырмал едің
Қамын жеп балғын кезіңнен
Жүрегің ел деп езілген.
Тегі бір түгел қазақтың,
Жері бір түгел қазақтың –
Тағдыры бір деп сезінген.

Бөлмейік елді – мерт болар,
Сатпайық жерді – өрт болар.
Аласық кірсе, ағайын,
Табылмас емі дерт болар, -
Деумен-ақ, көзің төрт болар, -
Ағарды күйің самайың.

Күрсаулы қыңыр қоғамда,
Шындықтан безген заманда
Намыстың туын бермеп ең,
Жалтақтан өмір сүрмеп ең,
Жағып ең шырақ сөзіңмен,
Үлгі алар ұрпақ өзіннен.

Балнабек аға!
Кеп пейіл дарқан елінмен,
Шежіресі шекеіз тегіңмен,
Көгінен көк нұр төгілген,
Шыңдарда шырқап көрінген
Тұғыры асқақ Тұлға едің
Алағау-тағдыр берілген!

ТЕКТІЛІКТІҢ САЛМАҒЫ

Адалдықтың салмағы
Жеті баптан зіл дейді,
Шамасы көптің келмейді.
Адалдық деген абзалын
Пейілінің жоқ жалғаны
Арлыны іздеп жүр дейді.

Парасаттың салмағын
Зердесіз пенде білмейді,
Пайда іздеп бәрін тергейді.
Ал, зиялы жандар парыз деп
Өмірін, өнер, арманын
Халқына арнап өрлейді.

Сұлтанғали аға!
Тектіліктің салмағын
Котерер иық бар дейді,
Тұлғалар туған ел дейді.
Тек намыстан жаралған
Сүйінбайдың ұрпағы,
Өз аға, сізді ер дейді.

Күрделі дәуір салмағын
Байыппен ойлы толғайды,
Ақ жолдан әр кез танбайды.
Ақтаған өз парызын
Киеліден қалған тұяқ деп
Ақ тілегін елің жолдайды!

ОР ТҮЛГЕ

Сымбатты едің
Ерлерді еске салағын,
Жаркылдан жүрең арада
Айналан нұрға толағын,
Тәңір де сүйген ұлына
Төгіпті нарық санағын,
Қанатсыз кара тобырлар
Ішпен тынып қалағын.

Кермиык едің
Кен далаң сынды керілген,
Кендік пен шөлейт әдейі
Баптауға елді берілген,
Нір тұтғын казак қонысын
Қаны мен тұзы тоғылген,
Тағдырын толған рухының
Қабырғаң сыздап соғылген.

Тектілі едің
Сұмдықтың заңын білмеген,
Белінен басың дүниені
Бұрылың көзге білмеген,
Гұлама Мұхтар, Қанышпен
Сенімің артқан ділменен,
...Аз болың на еді қиянат
Жүрегің бүрші, тілмеген?

Ор тұна едің
Ақ жолдан ауып таймаған,
Жақсылығың бұлдан, саудалап
Ешкімге салмақ салмаған,
Үстазым едің өнерде
Өнегеммен баураған,
Ұзаған сайын Мүсекең
Биіктей берер тау маған!

КЕМЕЛШАҚ

Сырынатірлікбойлайтын
Ғұмырдыңкемелшағыбар.
Ел-жердіңкамьнойлайтын
Аманат, нарызтағыбар.

Жағдайкөпжандыкинайтын
Ертеңдіойлапжабығар.
Жәйттарбаройғасыймайтын
Қайкездесемітабылар.

Өзіңді елге таныттың,
Мерейге кезін малынар.
Қалаулысы болдың халықтың
Дарынды ұлысың бағы бар.

Жұмабай бауырым,
Құрметтен жұртың тойласа
Ер бабан салған жолы бар.
Ақ жолдан ұлы таймаса
Алдыңнан қызыр жолығар.

Өз сырын өзі билесе,
Адамға уақыт бағынар,
Өз халқың өзін сыйласа,
Талантты таныр табылар!

ДОСТАРЫМ МЕНІҢ

Жұлдызы биік сол көктем
Сыйлап еді дәурен сыр төккен:
Гайыптан дос боп Төкеңмен,
Туыс қын Совет, Шөкеңмен,
Бәтима, ерке Бәкеңмен,
Зейнолла, Асқар көкеңмен
Табыстырып еді сол көктем,
Жайрандап келіп жазы да
Нұр төгіп көктем селдеткен.

Таусылмастай бізге көрінген
Асын та тасып, төгілген,
Көз жауын алған гүл дәурен
Бір сәтте күрт тарылып
Бесеуің оздың өмірден...
Жайсаңдарды аңсап, сағынып
Іздейміз сонау көгінен,
Іздейміз елдің жадынан
Іздерің мәңгі өрілген.

Осынау бұла тірліктің
Аумалы да төкпелі
Күбылмалы құла күзі бар,
Малтығын жүрек қалтырар
Ақ боран, ақ қар, сызы бар,
Кеуденді мұңа толтырар
Көк аяз, көк мұз, тұзы бар,
...Самалаға толы көктемі,
Шұғылаға толы жазы бар!

Төкең — Төлеген Төктіргеев,
Совет — Совет Мағұтов,
Шөкең — Шотан Тоқсанбаева,
Бәтима — Бәтима Батырбекова,
Бәкең — Бақыт Әшімова,
Зейнолла — Зейнолла Серікқалиұлы,
Асқар — Асқар Сүлейменов.

ӘЗИЗ ӘКЕ

Тоқтамұрат Қайыпұлына

Тендесі жоқ бір жан бар
Әке деген,
Тектілігін өріп тек өнегеден
Нұрға бөлеп ұл-қызын мәпелеген.
Жаксылықтың төріне
Әр қазакты ар – намыс жетелеген.
Абыройын ұлтының ардағым деп
Перзент болмас парызын өтемеген.

Әке деген халык бар
Шыр айналған тынымсыз
Жер бетінде:
Әкесі бар баланың ырысы бар,
Әкесі жоқ ызғардың жүр отінде.
Бабалардың жалғасы әке деген
Шежірелі елім деп қыр қазағын
Дәстүр-салтын кастерлеп төрлетуде.

Қырағы бір бапкер бар
Бұл өмірде:
Қарасынан көз жазбай әр сәтінде
Өз ұрпағын қыранша өрлетуде.
Арман бар ма әкеде
Әр баласы бір ел боп
Өніп-өскен,
Көзбен көрген шөберс құрметін де.

Әке деген
Жүрек бар шуағы мол,
Нұр шалқыған мейірлі келбетінде.
Тіршіліктің тұтқасы – ӘЗ ӘКЕЛЕР
Жүре берсін мың жасап
Жер бетінде!

АСЫЛДАР

Қарлығаш Құрманәліқызына

Асыл сөзге табынбас
Аталы сөзді танымас.
Бігімі бөлек ерекше
Асыл тас сирек -- табылмас.

От сөздер бар наркескен
Тең түсетін алмаспен.
Әділет үшін әр кезде
Зұлымдықпен белдескен.

Әр елдің бар кимасы,
Асылды екшеп жинашы:
Сүрінбей өткен от -- сыннан
Асыл сөз халық мирасы.

Ойыннан сенің нұрланам,
Діл-тілі асқан, сырлы адам.
Алмасты жанын алмасқа
Зерттер-тағдыр қырлаған.

Асылдар ұмыт болмас-ты,
Асыл тас жерде қалмас-ты.
Ризамын жомарт тағдырға
Табытқан талай алмасты!

АЙ МҮЙІЗДЕР

Қаған Шыңғыс
Ақыл несін адаспай
Шалғайдан шалған деседі.
Үш кісі тілін алғанның
Кісенін де кеседі.

Хан Абылай
Тігітті басын Алашка,
Жорықта күндер кешеді.
Ой-қырда жау, бірлік деп
Үйытқан елді көсемі.

Хас батырлар:
Қабекен, Бокен, Наурызбай,
Қазақтың семсер сесі еді.
Жауының сағын сындырып,
Мерейі елдің өседі.

Ғұлама Төле,
Қазыбек және Әйтеке --
Миятын аскак кешегі.
Рухани дария тасыған:
Жыраулар, зергер, шешені.


Ай мүйіздер:
Батырлар, жырау, хан мен би
Жадында тұрар есебі.
Шежіресі жоқ жетім ел
Оңай ғой шөжин, өшері!



V

**ӘЙЕЛ
ПАТШАЛЫҒЫ**

*Әкемнің сүйген нұры сен,
Әуенге қосқан жыры сен.
Қадірлей білген мақсыны
Ауылға біткен ырысы ең.*



АЯУЛЫ АНАМ

Шалғайда болып жасымда
Жүрмедім ошак басында.
Аңсаушы ем кезді отырған
Шүйіркелесіп қасында.

Түсіңе жиі кіруші ем,
Келерімді білуші ең.
Езуім тартып еді деп
Жолымды тосып жүруші ең.

Асылдан еді нәсілің,
Жомарттық ата кәсібің.
Молынан ойып беруші ең
Жетім мен жесір нәсібің.

Ақ пейіл, дарқан ниетің,
Жылуың елге тиетің.
Ағайын-туған құрметтеп
Өзіңе басын иетің.

Әкемің сүйген нұры сен,
Әуенге қосқан жыры сен.
Қадірлей білген жақсыны
Ауылға біткен ырысы ең.

Арманыма мен жетпедім,
Аялап сені өтпедім.
Жанымда мәңгі жүрердей
Алдағы ғұмыр көп дедім.

Сағынып, анам, еске алам,
Баспаушы ем сенсіз еш қадам.
Мейірін төкпес өзіңдей
Жалғанда мынау еш адам.

Көп откелден өте алмай,
Жүрмін мен ұзақ кете алмай,
Өзіңнің дарқан пейліңнің
Ширегіне де жете алмай!

КӨҢІЛІМНІҢ ТӨРІНДЕСІҢ

Жанашырым, еске алам мың толқынып,
Мейірінмен өсіп ем мен талпынып.
Қиын-қыстау күйзелген кездерімде
Жан ұшырын жетуші ең сен алқынып.

Медеу тұтқан көңілге қадірлімеің,
Талай сынды көтерген қажырлымысың.
Өнер-білім, парасат бәрі сыйған
Самал мінез, жайдарлы, сабырлымысың.

Гүлбаран әнке,
Сырлар сыңсып, сыздаса, жабығамын,
Қоңыр кештер сыр шертер, саынамын.
Арқа сүйер тілеуде өзін барда
Жадызбын деп қалайша қамығамын.

Үстазым ең, ақылшым, сырласым да,
Қаншама ойлар тоғысар бір басымда.
Ар бұлағын баптаған еңбеккорым,
Менің көңіл тауымның түр басында.

ӘНШІ ҚҰРБЫМ

Тәңірден әкен тіледі
Бір перзент болып кемшіні,
Бүгін ел түгел біледі
Бакыт деген әншіні.

Қым-қиғаш өмір жолында
Күншуақ теріп келеміз,
Күн-куақ, арман молында
Дауылда жүзді кемеміз.

Көктемін ұзақ кимай бір
Тулайды жүрек құр аттай,
Жер-көкке сезім сыймай бір
Теңеелер көңіл құрақтай.

Үмітке толы күн барда
Әр сәті қызық дем берген,
Жүректен туған ән барда
Нұрланып жүзін сәнденген.

Бііктен шолсан алысты
Көп нәрсе ойды қозғайды,
Өнерін елмен табысты,
Қадірлі құрбым,
Ешқашан әнің тозбайды.

ӘЙЕЛ ПАТШАЛЫҒЫ *Майко Оразымбетқызына*

Сәулелі әлем төрінен
Сыр-сезім тасын тоғылған
Әйелдің нәк жанында
Бір патшалық бар
Пайымда:
Балауса балғын бағында
Тәңір берген аманат:
СЕНІМ, ҮМІТ, МАХАББАТ
Үш пірі отыр тағында!

Өмірден,
Өнер, дастаннан
Әйелді алып тастаңдар,
Не қалар сонда, не болар
Сахара орнан, жан солар...
Айналаң тозды адамнан,
Айдалы озды адалдан,
Қолына алса, әйелдер
Береке-ырыс оралған.

Тамырын басып заманың
Танысын жайып қоғамның,
Елтінің ел болып қалғаны
Даналығы болар анаңның,
Ынтымақ-мейір барында
Тәңірің де әйел жағында,
Тіршілік кілті өзінде
Байлыққа,
Такка табынба!

Шұғылалы шалқар көңілден
Ақ жарқын пейіл өрілген

Анаңның пәк жанында
Бір патшалық бар
Пайымда:
Миуалы жомарт бағында
Тәңір берген аманат:
ӨНЕГЕ, САБЫР, МАРХАБАТ
Үш ірі отыр тағында!



ІЗГІ ТІЛЕК

Алағаудын мейірінен жаралған,
Көк шыңдардың көусарынан нәр алған,
Ардақты ана, сұлу әйке дейміз біз,
Ақ пейілін ақ сәуле боп таралған.

Жары болдың. Сәлкен сыпсы асылдың,
Бағың жаның таңғы арайдай ашылдың.
Үлкен үйдін ұл-қыздарын аялап
Кен дастархан, жомарттықты асырдың.

Биігіне жете берсең ұлдарын,
Қиянына қона берсең қыздарын,
Азаматы болды елінің әйгілі
Көс жақсылан дара туған Нұржанын.

Қапуза әйке
Ықыласпен тойға келті көзкөрген,
Алқа тақты інжу — маржан сөздерден.
Бала-шаған аман болсын, мың жаса,
Өз елінде әлем танып өзгерген.

ҚҰБА ТАЛ

Назгүлге

Құбылған керім құба тал,
Құбылған қилы қырың бар,
Тал бойың толы сырың бар,
Құбылған керім құба тал.

Бұралған бұла құба тал,
Сәулелі сәуір оралар,
Жаз жасыл торғын оранар,
Бұралған бұла құба тал.

Құлпырған әсем құба тал,
Аспаннан ақ нұр құйылар,
Жаныңа аппақ құйып ал
Құлпырған әсем құба тал.

Мейірге толы құба тал,
Мейірмен ғұмыр құралар,
Мейірмен өмір жаңарар
Мейірге толы құба тал.

Құбылған керім құба тал,
Көз жауын алған түрің бар,
Жүрегің толы нұрың бар,
Құбылған керім құба тал!

Ғұмырдың келер шағы бар

ӨКПЕ

Жанкүйерім нағашы әпкем едің,
Ең жақыным, көзкөрген деп келемін,
Өз балаңды баурыңа тартасың да,
Отырасын шығарып шетке мені.

Ұмытқам жоқ қиындау көктемінді,
Көңілің қалып жарыңнан кеткенінді.
Жел жағыңда жүремің жаным ашып,
Қилы сыннан білемін өткенінді.

Мен де жүрмін ішінде мың талқының,
Құлазымын сезгенде жан салқынын.
Көкірегімде тесікжел көкпар тартып,
Қалтыраймын шаншудан, мен жалқымын.

Секем алып көп жайдан өкпеледім,
Сыр білдірмей өкпемді бүкпеледім.
Сүйеніп деп бөлелер сүйреп жүрсем,
Кеткені ме еңбегім текке менің?..

Шығара бер, жақыным, шетке мені,
Несіне тым қамығып, кектенемін.
Көз алдымда қалқайып жүрсең болды,
Көзің қалай анамның жек көремін?!

НАҒАШЫ ӘПКЕМ

Ұзақ кетсем бір жан бар сағынатын,
Тауысып бір көз майын сарылатын.
Жүздескенде жадырап, төрі кеңіп,
Қам көңілден бір ауық арылатын.

Күйбең меңдеп күрмеліп қалғанында
Жуасиды мәңгіріп арманың да.
Айлар бойы көрмең ем науқас байлап,
Күдік-мұңын ақтарды барғанымда.

«Көңілім алаң, келмедің көптен бері,
Өліараның бүреді өктем желі.
Шешең кіріп түсіме аян берді,
Іздетіп ем, уайымдап, күткем сені.

Білдім қатты ауырып қалғаныңды,
Күтпейсің ғой өзіңнің тал жаныңды.
Бұ дүниеде несі бар жаны ауырар,
Сезінгі анан қиналып талғаныңды.

Сені маған тапсырған өтерінде,
Гұмыры өтті тәтті үміт жетегінде:
«Жалғызымның алдында жақсылық бар,
Көрерсің сен, - деп еді, жетемін бе?..»

Қажыды әпкем болмай-ақ бір тынымы,
Еске түсіп егілдім мың қылығы...
Білем, білем тілеулес скенінді,
Ескі көзім - асылдың бір сынығы!

ЖҮРЕК ЕНШІСІ

Таңдырды заң бар билеген:
Бір баска бакты үймеген.
Жүрегім, сенің еншіңе
Аз махаббат тимеген.

Арайлы таңды айменен
Аялай білмес сүймеген.
Сырлы сөз паркын біле ме,
Қиыннан іздеп түймеген.

Ел камын ойлап күйесің,
Күдіретті рухын сүйесің.
Зердесіз жүрек тани ма,
Онердің әзиз киесің?

Азап та, бак та бермеген,
Шуак та іздеп термеген,
Жібімей өткен жүрегі
Жан да бар сүйіп көрмеген!

ІЗ ҚАЛДЫ

Өткенімде:


Мұнар-мұнар күз қалды,
Көгал-көгал тұз қалды.
Жауказыным жаз қалды,
Қаңкылдаған қаз қалды.
Сонар-сонар кез қалды,
Сағымға ерген қыз қалды.

Кеткенімде:

Мұзарт-мұзарт мұз қалды,
Сазарып-сыздап сыз қалды.
Езіліп-еріп ез қалды,
Адасып-азып әз қалды.
Тежеп-тежеп тез қалды,
Нөпір-нөпір тұз қалды.

Қиянымда:

Тылсым-тылсым наз қалды.
Сыңсып-сыңсып саз қалды.
Сыбызғы-сыр сөз қалды,
Көзайымым көз қалды.
Жүріп келем...
Қиын жолда із қалды.



VI

СЕЗІМ НІРІМІ

*Ұзапты уыз дәурен қоңыраулап,
Тарпыпты тарпаң тірлік омыраулап,
Кеудемде сәуір-сырлар бұтығады
Рауап кез жаңғырығы тағы баурап.*



ТАЛМА БІР СЕЗІМ

Талма бір сезім талып тұр,
Тал бойымда әлім жоқ,
Алаулай берме, жанып құр...
Бейуәде дүние дәмін жоқ,
Бейуәде дүние дәмін жоқ.

Қарыды жуып жүзімді,
Кермектеу ме... бір ағын.
Талыксып бір мұң үзілді,
Ыдырап кетті-ау үр сағым,
Ыдырап кетті-ау үр сағым.

Күлбіреп тұр-ау жүрек те,
Дауалысы бар ма дәрудің?
Көңілде бір кірбің – жүр өкпе,
Тарыдай емге зәрумін,
Тарыдай емге зәрумін...

ЖАСЫЛ ДҮНИЕ

Не болып кетті айналам,
Ақпанда осы жаз орнап
Көгерер деп кім ойлаған?
Түнекте жанған шырақтай,
Жанарың қарып шыдатпай
Қияли бір сезім оянып,
Төңірек жасыл түске боянып
Тірлігім түлеп,
Тербеліп кетті
Сырласқан көлмен құрақтай.

Тықыршып уақыт құр аттай
Сырғиды сусып сынаптай.
Жасылкөл,
Жасыл дүнием,
Тұрақтай тұршы, тұрақтай...
Арманға үміт жалғасып,
Үміт пен күдік арбасып
Толқиды жүрек,
Елегізін бір
Үйірінен бөлген шырақтай.

ҚАДІРЛІМ ЕҢ

Көктемде найзағайы күркіреген,
Төрінде занғар таудың күн тіреген
Бірге өстік өр кеуделі Майтөбеде
Тойы көп, көкпар-бәйге дүркіреген.

Ол кезде бар дүние көгілдір ме ең,
Көңілге көгілдір нұр төгілдірген.
Көк ұлар ұялаған көк шыңдарда
Бір кешкен бал кезенді қадірлім ең.

Ұзапты уыз дәурен қоңыраулап,
Тарпыпты тарпаң тірлік омыраулап...
Кеудемде сәуір-сырлар булығады,
Рауан кез жаңғырығы тағы баурап.



ДАУАЛЫ СӘУЛЕ

Өз жүрегім,
Бір сенім жүр тозбаған.
Ал, сыр-сезім байланып
Ақырапта мұздаған.
Мұңым мұзға айналып
Кеудем мынау.
Кеудем мынау сыздаған.

Күн-күдірет,
Тіршілікті көзғаған!
Теспежелден қарықтым
Жанымды жеп боздаған.
Ем таба алмай торықтым,
Дауаң жоқ па,
Дауаң жоқ па аздаған?

Күн перзенті,
Нұр мейірін жаз маған.
Сапа көрме әуреге,
Кім бар мұшан азбаған...
Зәрумін мен сәулеме,
Ботен емді,
Ботен емді жазбаған!

СЕН ЖАСЫН ЕҢ

М...қа

Алыстап ек...
Күдер де үзіліп ең,
Арамызға қанша күз тізіліп ең.
Сен жасын ең аспанда жарқылдаған,
Темірказық төрінде кезігіп ең.

Қияндағы қиял ем өз өзіммен,
Тек жүрегім жалғайтын мені өзіңмен.
Ақ арайға айналып, ақ нұр төктің,
Арманым ең тербеген өз сезіммен.

Сыр саяғын ақтардым ақ қайыңға,
Түн күрсініп, мұнайып батты айым да.
Сағынышың жер-көкке сыймаушы еді,
Естен кетпес от күндер жатты ойымда.



ҚҰМ-САҒАТ

Мәңгінуағынсағатқа,
Сағаттыбөлемминутке...
Жүдептұртальштағатта,
Дүдәмалкөңіл, үмітте.

Аспай-саспайжылжыған
Құм-сағатқакараймын.
Сусылыгтынбайсырғыған
Тынысымменөлшепсанаймын.

Құмастындақалалды-ау
Қайран өзін сезімім.
Сенім де сөніп барады-ау,
Айналып құмға төзімім.

Ықылым зорлар үгіліп,
Бұрхандар мұңлы үйілген...
Киналды-ау жүрек бүріліп,
Мыңжылдык шерлер түйілген.

Шаршадым күр құм суырып,
Кеудемді шаншу түр тесіп.
Ынтызар жалын қуырып,
Кетер ме екен құм көшіп?..

КҮЗГІ ШУАҚ

Көңілім, сырлы сел ме едің,
Жүгендеуге бір көнбедің.
Қаладың өзің ауып бір,
Мазам жоқ, міне, әуремін.

Құбылма мінез дәуренім,
Дәуренім мұңсыз келмедің.
Тіліңді ерін тұз қарып,
Кәусарына сезім шөлдедім.

Сағыныш – арман тел ме едің,
Ақ парға үміт теңдесдім.
Мейіріне орап аялар,
Жебеуші жаным сен бе едің?

Қиындау қиял тергенім,
Өңім бе, түс пе көргенім:
«Мың күнге тұрар бір күн бар,
Ғайыбынан келсе, сен!» – дедің.

АУЫЛҒА ОРАЛҒАНДА

Ауылым, қайнап жатқан сайран едің,
Думансыз ескіріпті жайсаң белің.
Араға жылдар салып оралғанда,
Ақ пейіл, кен құшағың қайда, елім?

Көз көрген азайыпты, жоқтың қасы,
Жылынады әкелер жоқ оттың басы...
Тауымның өткел бермес ақ еркесі –
Өзен жоқ, тек орнында жатты тасы.

Сыр бүгін, күдер үзбей қайтар күннен
Деуші едім күткен жанға айтармын мен.
Көзінен көшкен көңіл жұртын танып,
Түйіліп еел-сезімді қаңтардым мен...



АСПАН ХИКАЯСЫ

Шыны мен құзын аттап мың
Алғығын жетсе аппақ күн –
Шырақ көп, соның бірі деп,
Жалпақтау беті ірі деп
Жұлдыздар көңіл бөлмеді,
Ұйқы жеп көзін көрмеді.
Күйіктен түтеп аптап күн
Өргеніп әзер өлмеді...

Түн болса, тұнып көздері
Жұлдыздың ай бою іздері,
Қабағын бағып толқып тұр
Қаламай көңілі өзгені.
...Аспандағылар
Неге кенде екен,
Сезімде әлде тең бе екен?
Қамығып көкте қалқып жүр,
Есіл-дерті айдың күнде екен.

ТАППАДЫМ КІЛТІН

Сезім тулап қиянқы селдей болып
Талқандады төзімді сендей соғып.
Көңілім түскен кісімнің жолы түспей
Тұншықтым,
Көк түтінге кеудем толып.

Шешуі жоқ махаббат жұмбақпысың,
Қнысуы қнындау ырғақпысың?
Қинадың-ау, қыстың кеп қыл бұрау сап,
Рақымсыз,
Сүймесіне тым қаттысың.

Жан ауыртқан сезімің дертің басым,
Сылып түсті ұрттап ем шер тұнбасын.
Жүрегімді салдың кеп днірменге,
Не қалды,
Тасқа жаныңың еркін басын?

Қолдан келсе қояр ем жіңісез байлап,
Ғажан дәурен сүрер ем шекеіз тойлап.
Жан дүние — тұңғық дария ма ең,
Кімің бар.
Кілтін тапқан түңсіз бойлап?...

СЕЗГЕН ЕДІМ

Не болды саған, жүрегім,
Құлады ма үміт-тірегің,
Бір сұмдықты сездің бе?
Құлазып көңіл суылдап,
Құлағым тұнып шыңылдап
Жер-көкке сыймай кездім де.

Көрмесем қазір өзінді,
Шойындай езген төзімді
Бәледен қайтіп құтылам?
Түсірсең ақау жүрекке
Кетемін батып түнекке,
Өзіңсіз күндей тұтылам.

Тұтанып күдік лапылдап
Қалай кеп қалдым жақындап?
Сол сері көңіл, сол желік...
Екеуін тұрсын лақылдап.
Не айдалды екен жел беріп,
Несіне көрдім дәл келіп?

Бір сәтте сезім күл болып
Бар тірлік кетті тұл болып.
Көк жалын қарып өзекті
Жігерім болды-ау бор кемік.
Жалғаған екі жүректі
Көпірлер жатты өртеніп.

СЕЗІМ ИІРІМІ

Қайтпін мен кінә тағам сүймедің деп,
Жадына жүрек назын түймедің деп.
Бұйым ба өкпе жүрер көңіл-сезім,
Көз жазсаң аңсап-азып күймедің деп.

Жылуды мұздан іздеп табасың ба,
Шарасыз күдік шарпып жанасың да.
Түскені-ай дүрия көңіл саған ауып,
Жан жоқтай жер мен көктің арасында.

Қалауым, жеке алыстым мың қатермен,
Қасыңда мұңды білмей мен өтер ме ем?
Өшпейтін өкінішсіз орны толмас
Танымай сезім сырын мен кетер ме ем?..



ЖАЛҒАНДЫ ҚАЙТЕМ

Аспанды қайтем,
Жұлдызым жанып,
Жаныма желеу болмаса.

Асканды қайтем,
Ойыма қуат,
Көңілге медеу болмаса.

Арманды қайтем,
Қиялға қанат,
Үмітке тіреу болмаса.

Жалғанды қайтем,
Саялар жүрек
Өмірде біреу болмаса.

Барлығын қайтем,
Қияда қиын
Сүрінсем сүйеу болмаса.



VII

БЕЙМАЗА КЕЗДЕР

*Арманым анау – байлау жоқ,
Қоңілім мынау – тұрлау жоқ,
Ал, жаным міне – жанған шоқ,
Сырыңа, Өмір, қанғам жоқ...*



МАЗАСЫЗ САУАЛ

Мұзарт көздеп, мұз кешкен мен жалқы жан,
Жолым қия, кезім аз тым шалқыған.
Қиындықпен алысып шайлықтым мен,
Қайғы отынан жасқанам жан шарпыған.

Даналығын, сенімін, жан азабын,
Кілгін іздеп адамның ой қазамын.
Ғұмыр паркы олшенсе жақсылықпен,
Жайып салсам жақынға не ғажабын.

Толғап-талғап, тірнектеп тергенім бар,
Көп адасып, көп запы көргенім бар.
Құдіретті сырлы жәйт кейде демеп,
Өзекжарды асылым – өргенім бар.

Барым елдің айналып керегіне,
Арман-мұңым жете ме жүрегіне?..
Қиялым ең, Құсжолы, қол ұшын бер,
Жеткізе көр Өнердің ереніне!

ЖҮЛДЫЗНАМА

Менін тамғам Сүрмерген
Жебесін көкке кезенген.
Ғаламдық асау дауылдар
Жүрегімде сезем мен.
Көк Тәңірім жаққан шамшырақ
Көк жұлдызым тұр көкте жарқырап.
Тек ғарыштың жолы тым жырақ,
Шағады миды мың сұрақ.

Уақыт пен заман қамшылап,
Маңдайымнан тұзым тамшылап,
Жығылып-тұрып, сансырап
Жетіқабат ой кешіп,
Жеті дария мұң кешіп,
Төксең мың тарау жол кешіп
Бұруға мойын мұршам жоқ,
Қол ұшын берер бір жан жоқ.

Арманым анау байлау жоқ,
Көңілім мынау тұрлау жоқ,
Ал, жанымміне жанған шөк.
Сырыңа. Өмір, қанғам жоқ,
Өз Қызыр күнім туған жоқ.
Көк Тәңірім,
Бір өзін маған қорған боп
Қолдай көр тағат қалған жоқ.

Ой жетпес биік сатыдан
Көк жұлдызыма көптен шақырған
Жебедей көкке атылам.
Жарықтан озып,
Уақыттың сағын бір сындырып,
Парыз-қарызымды түгел тындырып
Өтер ме ем...
Жұлдызыма бір жетер ме ем!

БЕЙМАЗА КЕЗДЕР

Өзімді іздеп дамылсыз
Шытырман ізден қаймығам.
Тебіреніс, үміт, жалынсыз –
Жүрегім - жетім, жаным – сыз,
Беймедеу көңіл айныған.

Күйбеңмен күнде күресіп
Тірліктен күйкі жиренсен
Қиялым, құсқа ілесіп,
Үйтқыған желмен тіресіп
Көкке өрлеп сен де үйренсен...

Бар екен қандай тылсым сыр
Аңсаудың арғы жағында?
Бір белден ассан бір шын тұр,
Бұлқынбай, көңіл, тыншы бір,
Әлде елес, әлде сағым ба?

Булығып жігер тұр сынып,
Қанатсыз тірлік езбей ме?
Беймаза ойлар тұншығып,
Бейдауа жүрек құлшынып
Бейтаныс жақты іздей ме?!

ҚАЛАУЛЫ ТІРЛІК

Шұғыла шалқып жүзінде,
Сағыныш тұнып көзінде,
Кеудеге сыймай сезім де
Түншығып тұрмын өзім де.
Тағы да сені көргенше
Тықырши күтем асыға...
Қуаныш-мұңы бір келсе,
Жасыннан түскен жасыма
Қалаулы жанның қасында.

Іздемей көңіл тоқтығын
Іздедім ойдың оттығын.
Ой-сезім атты биіктің
Қиялдан озған шоктығын –
Жасқанбай шыңнан өрсін деп,
Армандан едім берсін деп.
Қалаулы тірлік, қиындау тірлік,
Бір сен деп,
Басымды тіктім жолыңа...
Ұмтылсам да талмай өзіңе
Кеттің бе түспей қолыма?

Дүрбелен толы ғасырда
Сәтті бір күні кешікпей
Бакыт кеп қонса расында,
Ғажайып тағдыр осында:
Қалаулы тірлік, қиындау тірлік
Қалаулы жанның қасында!



ЖЫЛ ҚҰСЫ

Үкілі жазым күзіммен
Алдымда еді көктемде.
Малынған нұрға кезімнен
Көз жаздым қалай тезінен,
Жыл құсы ертіп кеткен бе?

Гүлдәурен күз кеп тарады,
Көктеммен, бәлкім, оралар.
Ащы ойлар торлап сананы
Жабығып жаным тоңады,
Қай кезде бәрі оңалар?

Азабын жолдың беріпті
Жаз-ғұмыр жазған құстарға.
Аязға адам көніпті,
Өзіне ғана сеніпті
Ызғарлы қиын тұстарда.

Қайтемін құстың қанатын,
Отаны екеу екенін...
Мұңым бар көкке шағатын:
Тағдыр бер лаулап жанатын,
Берсең бер асқақ мекенін!

ҚАРБАЛАСТА

Бір жолы білім жетпей,
Бір жолы ойым жетпей
Түсіне алмай жүрмін көп жайды.

Бірде сәл көңілім болмай,
Бірде сәл көңілім толмай
Кештік қой көріспей-ақ көп айды.

Кейде бір уақыт болмай,
Кейде бір тағат болмай
Ақтара алмай жүрмін сырымды.

Біресе сөзім жетпей,
Біресе тозім жетпей
Бір айта алмай жүрмін барымды.

Көп сауал түр шешілмей,
Көп шідер түр кесілмей
Арманым, шырмалып көп сарылдым.

Тірлікті түрсем болжай,
Ігі іске мұршам болмай
Күйбенмен өтем бе деп тарындым.

ЗІЛДЕН ДЕ АУЫР

Сыр мен шындық арасы
Бір-ақ елі секілді:
Айтылғаны шындық боп,
Айтылмаған – сыр болып
Бұғып қалған секілді.
Қалың сырға омбылап
Жүйкем әбден кетілді.
Сыздайды кеп өз сырым,
Бүркеймін кеп кәпірді.
Кісі сыры жанды жеп
Мазамды бір кетірді:
Қарыған сырын табыстап
Құшыптап қой деп өтінді.
Қисынсыз сыр да зілдей тас,
Жаншылып жаным өкінді.
Жендет-сыр жат қып жақынды
Аузына құяр өтінді...
Қамыт-сыр қажап желкемді
Төзімім тозып сетілді.
Бар сырды берсем қолына
Зынданға салып қоям деп,
Беретін кім бар кепілді?

КВАНТТАЛҒАН ЖЫРЛАР

Жолға шығып,
Жөк іздеп жорытқан ем,
Беймәлім жол,
Сының мол, қорыққан ем.
Бар болмыстан
Ой үзін арыққан ем,
Ой сабақтап,
Кейде бір шарықтап ем.
Енді көрдім:
Құлынталған жайлар бар,
Квантталған ойлар бар.

Өмір- орман,
Адасын тарыққан ем,
Жұлдыз түстен
Қарайлап, қарыққан ем.
Жұмбақ сырлар
Алдырмай торыққан ем.
Пәк сезімге -
Аққайнар зарыққан ем
Енді білдім:
Құлынталған сырлар бар,
Квантталған жырлар бар!

ТЕРЕРІҢ БАР

Жалғыздың жалбарынса жебері бар,
Тәңірің, аруағың, сенерің бар.

Тіріге, өліге де керегі бар,
Туған жер, топырағың – тірегің бар.

Қайыспай өрге тартып келеді нар,
Өз жүгің, өз нәсібің – терерің бар.

Көңілдің бойламаған тереңі бар,
Қиыны, құйынына көнерің бар...



ТЫЛСЫМ ДҮНИЕ

Жүрдек заман ыркына көнгеніммен
Тірек болар не қалды сенгенімнен.
Көктем, жазым, күздерім зымырауда,
Қызығы мен тең көрдім кермегін мен.

Көк жұлдыздан көк ұшқын тергеніммен,
Көк ұшқынды көңілге оргеніммен
Тылсым дүние бүркеп тұр тылсым сырын,
Мың бір қырын саралап көргеніммен.

Қишы мінез жандарға төзгеніммен,
Адам жайын білтелеп сезгеніммен,
Қаншама сын, таршылық кешу керек
Таппа алмай келемін өзгені мен.

Бәрін өлшеп өзінің білгенімен
Кім шыға алар сезімнің шеңгелінен?
Өз тізгінім өзіме тимеді бір
Жоғалтқаным қыруар жеңгенімнен.



ҚИЯЖОЛ ҒҰМЫР

Тулаған теңіз бетінде
Тіресіп дауыл өтінде –
Жүзуді маған берген бе,
Көңіл бір келмей бекімге?


Қармалап есsem жетем бе,
Қатерден аман өтем бе,
Ереуіл толқын еңсеріп,
Әлде мен батып кетем бе?

Тіршілік бітпес тартыс па,
Қиындық тосқан әр тұста.
Көктемге жеткім келеді
Бізғарға шыдап әр қыста.

Соға бер, жүрек, талмағын,
Суалып, сезім, қалмағын.
Буырқанған бар болмыстың
Көтергін ауыр салмағын.

Қатерден қорқып, бұқсам да,
Қайғыдан қажып, ықсам да
Құштармын, Өмір, өзіңе
Көңілімді талай жықсаң да.


Не сыннан мойып, жасымай
Күн кешіп жүрмін осындай:
Менің де жаным тартыста
Жиырмасыншы ғасырдай!



VIII

ҒҰМЫРЛЫҚ МҰҢ

*Ақ нөсерлі жаз да өтті, күз де келді,
Қара суық үмітті үзбек енді.
Тасырқадым тас тіліп табанымды
Құлазымын келместі іздеп енді.*



НӨСЕР СЕЗІМ

Жанарындай көзімнің
Асылым деуші ең өзімнің.
Жанымды нұрға бөлеуші ең
Нөсерін төгіп сезімнің.

Көңілің толып, мін таппай,
Жүрекпен танып, үн қатпай,
Қияннан іздеп келуші ең
Сағыныш шарпып, шыдатпай.

Созылған кештер өткенде
Қалаулым аңсап жеткенде
Телегей-теңіз көңілге
Күн де сүнгіп кеткен бе!

АДАСТЫМ АРМАНЫМНАН

Көзімде шырақ жанған,
Жүзімнен шуақ тамған,
Ай мен күн қатар туып
Кез еді бақыт қонған.

Жүрегім маздан бақтан
Дәуренім таң боп атқан,
Түстерім өңге айналып
Қалаулым іздеп тапқан.

Махаббат шуақ төккен
Сол уақыт өтіп кеткен,
Жаңылың жатқа кез боп,
Күйзелің мекнат шеккем.

Онык жеп жазған басым
Төгілді қолдей жасым.
Көгердім өкініштің
Қайысын зілдей тасын.

Тағдырым, мың сынадың,
Мың емес бір сынамың.
Ардағым, сен аман бөл,
Бәріне мен шыдадым.

ІҢКӘР ЖҮРЕК

Жүрегім, саған бұлқынған,
Азаптан азып алқынған,
Діірмен-сезім жаншыған
Жок па деп дауа толқығам...

Сүйгенмен жүрмей жұптасып,
Еңсеңді ауыр жүк басып,
Бор кемік болып күйзелме
Жігерін тозып, тот басып.

Шыдамға салшы, пайымда;
Бар тірлік калып жайында
Жүрсін-ау, байғұс, құлазып,
Ұмытып күн мен айын да.

Мұң бар ма екен жеңбейтін,
Адамның әлі келмейтін...
Осынша қыңыр ма едің сен
Бұғалыққа да көнбейтін?

ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ

Өкпелеуші едім,
Көңілімді менін таппады деп.
Күйінуші едім:
Ақ таңдар өзінмен бірге атпады деп.
Бақыт әкелген ақ нөсер,
Дарияға айналып ақпады деп.
Тереңнің мөлдір меруерті –
Ақ сезім алқа тақпады деп.
Төңкеріліп менің әуеніме,
Қиы амал тауып, жақпады деп.
Төрткүл дүние түкпірінде жүрсе де
Жолдары маған түсіп жатпады деп.
Ризамын деуші ең Тәңірге
Уәдесінен де тайып аттады деп...
Амал не.
Тағдырдың да таңдауы
Өзінен басқаны таппады тек.
Ал, мына жалқы жан жүрек
Гұмыр бойы тек сені жоқтады кеп.
Өзіме де бағынбай,
Өзінше өмір сүрген жүректі
Сөге көрме, қалаулым,
Тек бір әуеннен таппай тоқтады деп.

КӨЗІМ ТАЛДЫ

Барға риза, жоғыма төзім болмай
Көкжиекке телмірдім көзімді алмай...
Құлан ізбен қияннан сені іздедім,
Көңілім толмай ешкімге – өзің болмай.

Жалғыздықтың не түрі өз басымда,
Жанашырым, жақыным, аз досым да.
Сынар канат тірлігім қанша ұмтылсам,
Шын серіінсіз білемін озбасын да.

Күнге ұмтылып тәжінде нұр балқыған,
Сауал тастап ғаламға мен толқығам.
Әрбір жанның өзіндік тағдыр жолы,
Әркім тозар өзінше әр талқыдан...

Үміт шоғын үрлеумен әуремін мен,
Кірік ілмей діттеймін әрнені мен.
Қарай-қарай, Көкжиек, көзім талды,
Барам асып айдарлы күндерімнен.

ШӨЛДЕДІ КӨЗІМ

Жасыды сезім...
Сағыныш толғап сазгенін
Шаңқобыз шерткен қаз ба едің.
Күз көңіл кимай жаз кезін
Мұңайған кештер аз ба едің?
Жүрегің еді сенгенім,
Күлазып мынау жүргенім.
Қаңырап кеудем бос қалса,
Сезерең сезім сөнгенін,
Сезерең сезім сөнгенін.

Шөлдеді көзім...
Өзіңді көптен көрмедім.
Күрмеуге келмей күндерім,
Қармалап княл, әуремін,
Кеткен бе ауып дәуренім?
... Аңызак, қарып тербедің,
Амаи не, талды-ау дәрменім.
Қуанышылық жанды жайласа
Білерсің шөлдің жеңгенін,
Білерсің шөлдің жеңгенін.

САҒЫНЫШ

Сахара көңіл сағымға сеніп сарылып,
Сары ала күзде арман да жасып, жабығып,
Самала сезім сәскеден ауа суыды,
Сарғайды үміт арайлы кезге зарығып.
Сал-сері дәурен тойлары тарқап тарылып,
Саркылды думан заңына уақыт бағынып.
Сары бүйі тек кеудемді шағып, аунайды,
Сыздайды жүрек сәуірін аңсап сағынып...
Сұраймын сенен, Жаратқан ием, жалынып,
Сәуірім келсін бір сәтке нұрға малынып.
Сезімтал көңіл қайта бір түлеп, толқысын,
Санатыңа сырлы жүрейін мәңгі табынып.



ӨШПЕС ТАҢБА

Сап, көңілім, сабана түс, көнессін де,
Не қилы кермегін де көресін де....
Ізіме басып кеткен зәру жанның
Торығып сағы сыпқан, әлі есімде.

Жасыттым талмай ұзақ сүйген жанды,
Бір мен деп басып тігіп, күйген жанды.
Амал не, назаланбай түсіне көр....
Өзім де көп күйзеліп, сұлдем қалды.

Бермеугі қадірлеуді қолда барды,
Өз жүрек бітпес азап таңдап алды.
Қайнаған қорғасындай жан қуырған
Кеудемде мәңгі өшпейтін таңба қалды



ЖАЗБАПТЫ ҚОШТАСУДЫ

Келмеске аттаныпсың сен тезінен,
Мың арман мұзға оранды, мен сезінем.
Кеудемде өксік қалды тарқатылмай
Жаншыды шер төгілмей өз кезімен.

Кешіктім деп жүргенде бір кезігем,
Сабыр да сартап болды сыр жезінен.
Жазбапты қоштасуды, махаббатым,
Күзінен күйкі тірлік мен безінем....



ҒҰМЫРЛЫҚ МҰҢ

III. А.-ға

«Тағдырыма ризамын табыстырған,
Асығушы ем шаң жұтып, алыс қырдан.
Көтере алмай мендегі махаббатты
Кеттің бөтен жағаға қалыс тұрған...»

Осы сөздер талай жыл жан қарыған,
Екі келмес бак екен бір дарыған.
Жарға соқты сынаржак бас асаулық,
Қыңыр мұнмен арбасып, мен жанығам.

Ақ нәсерлі жаз да өтті, күз де келді,
Қара суық үмітті үзбек енді.
Тасырқалдым тас тілін табанымды,
Құлазымын келмесіті іздеп енді.

Өкінішпен откенге карадым мен,
Сағынышын жырыма орадым мен.
Қаншама жыл жасыдым өзіңді ойлап,
Көтеруге мұңыңды жарадым мен.



IX

**НЕ
БОЛАДЫ
ЕРТЕНІМ?**

*Зорықты дүние, тозды ғой бәрі
Күнкөріс деген егесте.
Кобеймейді енді, азаяды әлі
Қатерлі қиын белес те.*



ЗОРЫҚҚАН ТІРШІЛІК

Адам дегенің осы...
Атом станциясындай емес пе?
Ал, ойы мен жаның неге
Жанармайы екен демеске.
Айға барып келсе де,
Бір басына не болмай келеді.
Тіршілікке не береді
Күнкоріс деген егесте?
Зорықты тіршілік, тозды ғой бәрі,
Көбеймейді енді, азаяды әлі
Қатерлі қиын белесте.
...Болдырды дәуір,
Келбеті мынау ортаның:
Жер мен көк түгел уланды,
Тұзына көміп,
Суалды Арал, буланды,
Не үміт кімге артамын?
Тұншығып тұрмын,
Сорым да қалың,
Азабын әлі тартамын...
Тіріден түбі
Өлгі Чернобыль секілді,
Бір күшак түтін,
Бір буда жалын,
Бір уыс күл қала ма деп,
Қорқамын.

ТОРЛАДЫ ҮРЕЙ

Мейірдің жұтаң кезінде
Тартылып дария сезім де,
Құм болды тозып төзім де.
Құлқынның құлы мындардан,
Пірсізден сокқан ызғардан
Дірдектеп тұрмын өзім де.

Жүректер мұз бои байланып,
Бүйректер безге айналып,
Құлазытып көңіл-жайлауды
Жақынды қойдык ойлауды.
Көріскенде бір босап жасымай,
Еркін ит еді байлаулы?

Сенуден қалдық,
Серітен де тайдық,
Арзандап нарқы сөздердін.
Әділет азып, ар кірлеп,
Қиянат озып бір-бірлеп,
Парасат тозып, өзгердін.

Қанағатсыз қуыс кеудені,
Ашкөздік жайлап кеуледі.
Қайыры солған бұл түзде
Жауыздық жеңіп сұр күзде,
Тіршілік құрып кетер деп,
ӘЛЕМДІ ҮРЕЙ КЕРНЕДІ.

НЕ БОЛАДЫ ЕРТЕҢІМ

Билесің бе, ерке Күн,
Не болады ертеңім?
Қатер тұр төніп өмірге,
Шынымен-ақ
Тамамдала ма, бар ертегің?

«Ей, пенде, – деді Жарығым,
Сенің арсыздығың да,
Жауыздығың да маған батады.
Тіршілік заңын тәрк етіп
Бар дүниені
Бір құлқың үшін байлап матадың.
Бар қазынаңды
Арзанға балап түгел отадың.
Ал, ертең ғайып боласың ба,
Әлде бір соқпақ табасың ба
Жауабын ізде өзіңнен,
Жадағай жалған сөзіңнен,
Артыңда қалған ізіңнен,
Ісіңнен ізде
Жіберген сап мың қатені...»

Жаралы тірлік наласын да
Сезбейді, шіркін, наласын ба?
Не дауа осы адамға,
Білікті деу де күр ағағы...
Амалын бар ма,
Сөз бен істің арасында
Ғасырлық сана,
Дәуірлік салт жағады!

КАТЕР ТӨНДІ ТІРІГЕ

Ауа жоқ таза бір жұтым,
Қолқанды буып тұр түтін.
Өңешті жыртып,
Жүйкенді құртып,
Сауып жоқ жүрген бір бүтін.
Нәубет те төнді тіріге,
Тынысы бігіп жартының,
Қиналды жаны сірі де.
Тауқыметтен адам өрбіткен
Әзер тұр қазір жер біткен.
Тұншыққан өмір,
Кір жұққан өңір,
Көтерем тірлік күп-күңгірт.
Көк түтін сорған,
Өрісі тозған,
Өзі отырған бұтақты өзі қырқып,
Өз көрін қазған көп мәңгүрт...



ТАҒЫЛЫҚТЫ КӨРГЕНДЕ

Түз күйғандай жарамның ішін ашып,
Қалтырадым жәбірден түсім қашып.
Жабайыдан түңілдім жан түршігіп,
Өлеңдерді қуырған зәрін шашып,
Надандардың кетті ғой кәрі басын.
Сағым сынды,
Надандықтан кетті ғой арын жасып,
Надандықтан кетті ғой арын жасып.

Тотияйын ішкендей ішім ашып,
Ми шаншиды осынау несін жасып.
Тағылықты көрдім мен тәуірден де,
Жөнге келмес кіл мәнгүрт бәрі жасық,
Парасатты кім баптар көзін ашып.
Тауым қайтты,
Парасаттың кім баптар көзін ашып,
Парасаттың кім баптар көзін ашып?..

ПЕНДЕ МІНЕЗ

Әр пендеде
Бір мінез бар қор кеуде
Хакын бар ма тергеуге,
Қалыпка сап тербеуге.
Құлағына
Қорғасынды кім құйған?
Есіл есіп еңірейді
Керен келмей жөндеуге.


Әр адамда
Бір қиял бар өркеуде,
Әмірі жүрген дәуренде
Лажын бар ма көнбеуге?
Жалын ұрттап,
Жан өргеніп, не қалды?
Боза кеудем боздайды
Ем табылмай емдеуге.

ДЕМІКПЕ

Өрмелеп өрге қыстығып,
Қатерге көңдім бас тігіп.
Жараттың, Тәңір,
Талапты таумен жасты қып.

Дем алам әреп ышқынып,
Армавды будың ең қылып.
Шыдамым тозды,
Өкініш өрді асқынып.

Жанарым тайды жас тұнып,
Бар ма амал шындар тас қылып?
Қойдың-ау маған,
Кеудемді таспен бастырып.



ҚҰРАЛАЙ

Көзің тұр түнгі аспандай төңкерілген,
Езуің кара күндіз көмкерілген.
Әрі морт, әрі нәзік хас сұлулық,
Сескеніп әр қатерден жөңкерілген.

Енеден жазып қалған әз пақырым,
Жауғандап іздеуші еді өз жақынын.
Жанымды қырау басқан жібітіп ең,
Кім білген мұңға айналар ең ақырын.

Тау гүлі шыннан терген солып қалды,
Көне алмай елігім де өліп қалды.
Әттең-ай бұлаларға бұғау салып,
Қыркыппын қыршынынан жолыққанды...


Сусын бір мұз сүңгіден сырғанар мұң,
Күзына құлап кетіп шырғалаңның.
Боздаймыз боз інгендей бұзып алып,
Өз заңын жазылмаған бұл ғаламның.

Бәрі морт, бәрі нәзік екен дүние,
Өкініш арын жаншып тұр адамның...

ӨКІНІШ

Уақыттын өз заңы бар күдіретті,
Кім біліп дер кезінде қадірлепті,
Шене алмай өз өзімнің түйінімді,
Өзімді өзім алдан әлім кетті.
Өткен-ай,
Сәкем де, шаңқай түсім бәрі де өтті.

Арзанқол алданыштын нәрі кетті,
Ірілі қымыз-қызық дәмі кетті,
Қысыр қыс, қысыр көктем, қысыр қиял,
Деп жүріп қысқа өмірдің көбі өтті,
Өткен-ай,
Көңілден тек шаршағам әлілетті...



ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢДЕ

Өтпелі киын заманда,
Момынды ездін бор кылып.

Тізгін де тиді карауға,
Пұдыны койдын зор кылып.

Ел рухын баптар адалға,
Жұртынды койдын зар кылып.

Айтары да жок адамға,
Айтуды берлін кор кылып.



ШЕКТЕУЛІ ШЫДАМ

Еркінен зорлап айырып
Қорласаң десін қайырып,
Бұғанда ыза тұлкіні
Айналар итке бір күні.

Лап беріп тесе мың табан,
Дәл тесе қалар нең аман?
Көтерген жүктің нөпірін,
Қирайды темір көпірің.


Мықты да әлеіз күйрек пе ең,
Қаһыда түйсең бүйректен
Құрышты турар алмасын
Был-шыты шығып қалмасын.

Тілейді тірі ештеуді.
Шыдамы екен шектеуді.
Жаны бар темір-тастың да,
Бәрі осал аспан астында!



ЖАДАҒАЙ ӨЛЕҢ ЖАЙЫНДА

Қыруар сөзді бір жерге үйіп,
Тарыдай ойды келіге түйіп
Бір аяқ ботқа жасапты.
Қызықтырам деген бе
Ұйқасты да біраз қашапты...
Сезімсіз, ойсыз дегенмен,
Талқан тектес өлеңмен
Тойдырмақ па осы қазақты?



КҮРДЕЛІ ДЕЙДІ АДАМДЫ

Ақылды дейді адамды,
Ақылды дейтін несі бар.
Білесің бе өзің шаманды,
Құмырыеканың да есі бар.

Жаратыпты дейді адалды
Жүрегінен ойып Тәңірің.
Тіршілікті бағтар тек табанды
Ақтарып терің, мейірің.

Ойтолғақ, дарын, санаңды
Беріпті ештең өлшеммен.
Таба алмасан көзің обал-ды,
Таншылау заттың өлшенген.

Адасып жолдан қалаулы
Торыққан жандар қыруар.
Айналасы түгел қараңғы
Жасығандар қайтпін сауығар?

Қагерге қагер жамалды,
Біле енің нені үйретті.
Тұйыққа тірлік қамалды,
Айдаһар шығып
Жалмады бәрін, күйретті.

Күрделі дейді адамды,
Күрделі дейтін несі бар.
Өз жебесі өзіне кеп қадалды,
Ісі ме осы,
Пенденің ақыл-есі бар?



Х

ЗАМАНА ТЫНЫСЫ

*Байлықтан санаң толмайды,
Парасат іздер түсінген.
Қоғамың артық болмайды
Қоғамды құрар кісіңнен!*



АҚША МЕН АДАМ

Ақша қымбат,
Дүние арзан,
Еңбегің бекер, қыры жоқ.
Жүйкеңе тиген
Мардымсыз күйбең...
Түзелер тірлік түрі жоқ.

Ақша арзан,
Дүние қымбат,
Өмірің сауда, пұлын жоқ.
Тіршілік ағын,
Білмесең заңын
Оңалар тұрмыс сұры жоқ.

Ақша да қымбат,
Дүние де қымбат,
Адамның ғана құны жоқ.
Ей, қилы заман,
Ашынған адам,
Қаһарлы қылыш, қыны жоқ!

ӨМІР – ЕСЕП

Проф. В. Радостовецке

Өмір-есеп
Молшылық пен жокшылық есептелген.
Аңқау пенде
Есебінен жаңылып тезек терген.
Қанағат деп
Таршылыққа төзімін төсеп келген.

Өмір-сауда
Алмақтың да салмағы есептелген.
Пайда қуып,
Әр шығынын салмақтап, тежеп көрген.
Ал, қазына
Тек ғұмырдың құнымен өзектелген.

Өмір-олшем,
Ырыздығы әркімнің есептелген.
Фәни заңы:
Асқан-тосқан әр кезде кезек келген.
Хақ алдында
Кісі ақысын жегендер есеп берген.

Бұ жалғанда
Тегін не бар?
Бәрі де есептелген.

ЭКОНОМИСТ

Г.Х. Поповқа

Табыстың кілтін табар
Амалы бар,
Шығатын тығырықтан
Шырағы бар,
Экономист дейді жұрт
Бұл маманды
Білетін қоғам сырын
Қырағы бар.

Қанағат, өлшем деген
Безбені бар,
Ертеңін бүгін болжап
Сезгені бар,
Экономист дейді жұрт
Бұл халықты
Бәрінің нарқын біліп
Төзгені бар.

Шегіне көз жетпейтін
Тұрағы бар,
Кендікті шарлап келер
Пырағы бар,
Экономист дейді екен
Бұл қазақты
Айтыпты деп Судың да
сұрауы бар

Білмесең орлеу заңын
Жығары бар,
Адасып биліктің де
Сынары бар...
Тірліктің кілтін тапқан
Ай мүйіздер
Ел бастап биік тұғыр
Шығары бар!

ЗАМАНА ТЫНЫСЫ

Өрлеудің жолы мың тармақ,
Тауып көр, кәне, төтесін.
Ертеңін білер кім болжап,
Асудан қандай өтесін.
Тек адамға түсер бар салмақ,
Амалын тапсаң жетесін.

Адам жоқ жерде қоғам жоқ,
Тіршілік ағын тергесен.
Ағынға тосар тоған жоқ
Бағытын байқап білмесең.
Заманға қояр сауал көп,
Адамын діттеп көрмесең.

Байлықты, өнер, санаңды –
Құнына ғұмыр теңеңіз:
Сарп еткен жанын адамды
Қашанғы кинай береміз?
Араңда жүрген данаңды
Тани да алмай келеміз.

Көтермей рухын оңбайды
Шөжилді адам ішінен.
Байлықтан санаң толмайды,
Парасат іздер түсінген.
Ал қоғамың артық болмайды
Қоғамды құрар кісіңнен!

БІРЛІК ЖОҚТА

Намыс деп, татулық деп ел бабасы
Баулышты батырын да, ең данасын.
Ардақтап сөз өнерін, ата даңқын
Қорғапты жанарындай кең даласын.
Тозышты....
Жау алып, бірлік жоқта сан қаласын.

Саралап әлімсақтап жылнамасын
Ісіне салықалы таңғаласың.
Арасын ел мен елдің ашпау үшін
Емдегі ушықтырмай жан жарасын.
Бірлік деп,
Қиынты ағайынға бел баласын.

Қайсы дос, айыра алмай қайда қасың
Онам деп елді іріткен ойламасын.
Еншісі бөлінбеген үш ағаны
Адалап арандатар бар ма, аласың?
Қалмасын
Кесіліп бірлік жоқта сайда басың.

Бәрі бос, бәрі бекер тайғаласын,
Маңсап деп аласұрған жанталасың.
Жем болдың әлдіге де, әлсізге де,
Бәрі бар, бірлігін жоқ, алты Алашым.
Қайтпін сен,
Елмін деп ыңтымақты айта аласың?

ЗИЯЛЫ ЗАМАН, ҚАЙДАСЫҢ?

Еренсің, еңселісің,
Сен үшін басын тігер ұлын барда
Адасып жұрт тұйыққа ұрынар ма?
Көтерген ардан биік ел пайдасын
Халкым деп дара туған ер қайдасың?

Кемелсің, кемеңгерсің,
Қақ жарған қара қылды биің барда
Қиянат пәкті таптар күйі бар ма?
Іздеумен әркім әуре өз айласын,
Әділет – ар қазығы сен қайдасың?

Асқақсың, айбарлысың,
Киелі топырағың – пірің барда,
Өзегің – ел тағдыры тілің барда.
Ақ пейіл – ақ берекең ортаймасын,
Ұйыған уыз бірлік, сен қайдасың?

Ғакылсың, ғұламасың,
Баптаған ой өресін данаң барда
Ғаламда алынбайтын қамал бар ма!
Парасат ақ шатыры шайқалмасын,
Заманы зиялының, сен қайдасың?

ТОРЫҚҚАН ЖАНДАР

Айнасам кісі ағылған,
Жүзіне мынның үңілдім.
Қарбалас, қауырт сабылған,
Жалынсыз көзден түңілдім.

Беймаза кезге шағынған
Кейінінен жайып аңғардым.
Қас-қабағы тұйық, жабылған,
Амалсыз мен де дағдардым.

Кісілігін көксері сағынған,
Шағылған тауы жандар ма,
Жерімей жалған сағымнан,
Қиындау жолды тандар ма?

Құбылған қилы ағыннан,
Айласын тапқан өте ме,
Ығына ағын бағынған
Құрдымға батып кете ме?..

ҚАНАТСІЗ ТІРЛІК

Қауқарсыз жаннан көріп ем,
Күс ұстаудың бір амалын:
Жіпке өткізіп дән беріп
Тартушы еді сабағын.
Тыри етпей жіпке еретін,
Қиғанда тіліп тамағын...

Айналамнан мен күнде
Осы жәйгіті танымын.
Ғұмырдың құны – тапқаным
Күрмеуге келмей налимін.
Есіл-дертім күнкөріс,
Ой толғап қашан жаримын?

Жем терем жіпке байлаулы,
Кен жиһанын әттең қимаған.
... Жасылы көңіл,
Ғаламдық ендіктерге де сыймаған.
Заман ба, әлде қоғам ба,
Адалын өстіп қинаған?

БЕЙНЕТКЕР ҚОЛ

Бұрынғырақ... шамасы
Мың дәуір ме арасы:
Дельфин деген зиялы
Адамнан артып қиялы,
Әжеттеуір озыпты.
Бабалардың баласы
Қаналааның әбден тозыпты.

Сілесі қатып жүргенде,
Тосып бір ой келді пендеге:
Ляғынан тік тұрып,
Екі қолын босатты,
Қуанышы сыймай кеудеге,
Ойына не келсе де,
Ікемдеп қолмен жасапты.

Содан бері тыным жоқ,
Қолыңды бейнет байлапты.
Қоркак көзді жетектеп,
Жалтақ ойды қайрапты.
Дарынды қырлап, баптапты,
Өнері тамған қолынан
Хас шеберлер қаптапты.

Көз тастамай бір әріс
Есіл-дертің беріс
Дәріптеп басты сен жүрең,
Іскер қолың болмаса,
Төрт аяқтап әлі де
Жүрер ме едің,
Кім білесің?!

ӨМІРГЕ ҚҰШТАРЛЫҚ

Өлемін дейсің...
Өлім де ойын болып па,
Өкініш-арман кімде жоқ,
Өткенге көңіл толып па?
Кету де сын естіге,
Қазан да келер, асықпа.
Құтылмапты дейді ажалдан
Қасиетті Қорқыт қашып та.

Емханада талай түндерді өрдім:
Мінәжатсыз өлгенді көрдім...
Ажалдан безіп бір пақырын
Арналысып өлді ақырып.
Тықсырған жүзді бір қартын
Құдайға кетті мұң артып:
«Өксітті-ау бермей бір айды,
Ғасырын да маған қимайды».


Сүлдесі қалған ғарып та
Жалбарынады азып, арып та:
«Үзілмей жетсем ақ таңға,
Бір күнгі олжам – жарыққа».
Бетпе-бет келсе ажалың,
Көнесің, бар ма амалың...
Өлімді қадірлей біле ме,
Өмірдің қадірін білмей адамың.


БҮРАЛҚЫЛАР

Қалың кептер қаптаған кең алаңда
Қайда кеткен бозторғай ел аманда?
Жолай алмай жемге де шетте жүрсің,
Бөтен жандай жалғқтап өз қалаңда.

Өз мекенін ұмытқан бұралқылар,
Бір күлқын деп кезін жүр,
Не арғылар,
Өз аспанын, өз тегін мансұқ еткен,
Өз қадірін білместің не нарқы бар.

Адам азар рухани тірегі жоқ,
Құс та тозар ешкімге керегі жоқ.
Торғай, шымшық панасыз бұтақта жүр,
Жылы жайды көп кептер берері жоқ.





ТОЛҒАУ

Өмір де жоқ мәңгілік,
Өлім де жоқ мәңгілік...
Барша әлем төрінде
Тек өзгеріс мәңгілік.

Түнектен келсең жарыққа
Тіршілік жайын парықта.
Өмір мен өлім заңды, жұрт,
Оралың барда шарықта.

Өмірді кешіп жүргенде
Білудің нарқын берген бе?
Бір жұтым суға зәрусін
Ажалың тұрса іргенде.

Арманың, пенде, мың жыл ма,
Нәсіңді тоймас шынжырла.
Жаксылық сепсең жолына
Бекер деп өмір қынжылма.

Бір ағаш жерге екпесең,
Бір жанға жылу төкпесең,
Өз отың өртер өзінді
Игілік, қайыр етпесең.

Ойыңды өріп таспаша
Ғимарат тұрғыз, тас қаша.
Тек шындыққа басты тік,
Ғұмырда мән жоқ басқаша.

Сезімді ұйтқып тербеген,
Ойымды жүйткіп кернеген –
Айтып бір кетсем үлгеріп,
Өлместі жанға бермеген!

Нажми АШАМЫСҚЫЗЫ

ТІРШІЛІК ЗАҢДЫЛЫҒЫ


Тек жылағандар білер
Көз жасының кермек татырын.

Тек кетпеншілер білер
Табан ет пен тердің тағамын.

Тек жапа шеккендер білер
Әділеттің де тайқак соқырын.

Тек уақыттың өзі білер
Ақиқаттың да жалтақ пақырын.






ХІ

ҚҰНАРЛЫ МАРХАБАТ

*Өмірдің бірде үдеп мың сынағы,
Жайқалар бірде түлеп, балқұрағы.
Көңілдің бірде жүдеп нұр бұлағы
Аймалап бірде көкте күн тұрады!*



ӨЛІАРАДА

Мына қоңылтақ ақпанды
Біреу шегелеп қойған ба
Мәңгі өтпейтін секілді.
Анау бор кемік наурызды
Біреу шідерлеп қойған ба,
Дәл бныл жетпейтін секілді.
Ал төбеңде
Еңсеңді жаншып сұр аспан,
Жүрегім мұздап,
Сабырым сыздап
Торықты-ау жаным зіл басқан.

Жарық дүние,
Сенен безем бе,
Тауқыметіңе де төзем де,
Қолдан келсе, шіркін-ай,
Қоңылдін кітін табар ма ем:
Күңгірт кезін өмірдің,
Сұрғылт кезін сезімнің
Жасыңды алау кезеңде
Тасыған асау өзенге
Шайқан-шайқан бір алар ма ем,
Сілкін-сілкін бір алар ма ем!

НАУРЫЗ КЕЛДІ

Тіршіліктің төрт мезгіл байланысын,
Бірде жеңіл, бірде ауыр айналысын,
Күткен білер көктемін сағынышпен,
Аққу келіп оятар көл-қамысын.

Ызғар ауып күн мен түн теңелгенде
Адам жаны ақ нұрға кенелгенде,
Наурыз ырыс, ынтымақ ұйытқысы
Береке әкел тәуелсіз кемел елге.

Ақ пейілі елімінің қиян көктей,
Ақ ниетін әлемге аян еткей.
Қилы сыннан қайыспай қайсар жұртым
Көп тайғақтан өтсе екен зиян шекпей.

Айдарынан халқымның күн таймасын,
Көсегесі көгерсін, ортаймасын.
Наурыз келді – Ұлыстың ұлы күні,
Мың дәуірлік салтымен ел тойласын!

СӘУІРДЕ

Келдін бе, жасыл дәуірім,
Телміре күткен тәуірім!
Мейірін төккен сәуірім
Оятып
Бар тірліктің бүршіктерін,
Жұбатып жүр
Ызғардан түршіккенін.
Үміт түлеп
Желілер жеңіл шағын
Бастан кешін
Тағы бір көңіл-сағым
Құрак ұшты
Қолғабыс тиізуге,
Көк торғынды
Терекке кигізуге!





ҚОҢЫРАУЛЫ КӨКТЕМ

Сүйектен ызғар өткенде
Талмаурап әлі кеткенде,
Қыс-күрсаудан құтылып
Амалға әзер жеткенде:
Жаңа ай туып көктен де
Ғарыштан нұрын төккенде,
Табиғат елтіп оянды
Зарығып жеткен көктемге.
Бусанып бактар бүр ашып,
Бір қуанып, бір жасып,
Махаббат-дәурен басталды
Құбылып, толқып, нұр шашып.
Қыз-гүлдер ерке ырғалып,
Шырынға ара шырмалып,
Әлем бір ғажап түрге енді
Інкәр күс талмай ән салып.
Жиһазға жайған жайнатып
Қызығып күн де қарады.
Ерте шығып, жай батып
Табандап тұрып алады!

ӨЗ ҮМІТТЕР

Еңлік-сезім көк шыңнан терем деумен,
Қияндағы қиялым ерен деумен,
Дала еркесі сағымға ерем деумен,
Тылысым дүние -- алуан сыр терен деумен,
Киелісін әлемнің көрем деумен,
Сөз сиқырын өзгеше өрем деумен,
Үр қазынам ақтарып берем деумен...
Жан дүниесі жақсының сорем деумен,
Қалаулы бір жақын жан торем деумен-
Кең ғарыштан сыр тартқан антеннадай
Мың үміт жүр бәріне елендеумен,
Бір үміт жүр өзіңе елендеумен!





КӨКЖИЕКТИ ЗЕРЛЕП ЕМ

Керемет бір тылсым сыр
Көңіл деген...
Тоғыз кабат толқыннан
Түңілмеген.
Мінезімді өзім де
Түсінбегем.
Бұл қалай деп сұрайсың
Несін менен.
Таншолпаны көгінде
Күлімдеген
Үміт жалғап ақ таңға
Сенімменен
Көкжиегін зерлеп ем,
Ерінбеп ем.
Ерке желге еркелеп
Керілген ем,
Байсал тартып тал бойым
Женілдеген.
Қилы ырғақтар кеудемде
Дірілдеген.
Қаншама күй кешемін
Күнінде мен.
Қиялға ерсем бір сәтте
Тұрам толқып Майтөбе
Төрінде мен!

ЖАСАМНАЗ ДҮНИЯ Гүлсияға

О, Жасамназ дүния,
Көз жауын алған дүрия!
Тіршілік түлеп тағы бір
Жап-жаңа көктем келінгі:
Толықсып көкшіл сағымдар
Көкжиек анау кеңінгі.
Сезімді малып көк нұрға
Кеудеге өзі енінгі.
Тот басқан сырлар үтіліп
Зіл баппан сыздар ерінгі.
Ақ қанат арман оянын
Көңілдір үміт өнінгі.
Көңіл мен көңіл жарасып,
Жүрекке жүрек жол ашып,
Тағдыр мен тағдыр жанаасып
Көк аспан мейір төгіпті.
Көктемде көне ертегі
Көтерер деп те сеніпті...
Осынау,
Жасамназ жарық дүния
Не деген тажап көрікті!

Гүлсияға көлемі шығарманың

ЖОМАРТ ЖҮРЕК

Р. Қ.-ға

Жан нұрыннан
Төгілген жанарыңнан
Ада болды
Жүрегім нала-мұңнан.
Күдіретіннен
Айналдым, Әзиз сезім,
Арай болып
Төгілген ажарымнан,
Әуез болып
Төгілген қаламымнан.

Бұл өмірде
Бар мархабат
Сезімнен жаратылған!

Дарқан жансың
Брекше дара тұлған,
Некен – саяқ
Кездесер дала-қырдан.
Тәңіріме
Ризамын табыстырған,
Арман едің
Көп жылдар алыс тұрған,
Жомарт жүрек
Ардағым дана туған.

Бұл әлемде
Бар жақсылық
Мейірден жаратылған!

МҰРАТЫМ МЕНІҢ

Көңілім, неге кірмедің,
Түсіме кірме, түн, менің.
Тандарым тауға анарып,
Туға екен әзиз күндерім.

Күлашын княл кең жаймақ,
Аңсарым асқақ ойтолғақ.
Тіетенін бағам ширғып,
Сапарым сүрен тым тайғақ.

Кәусарын іздеп бұлақтың
Күздардан талай күлашын.
Көп қырын бүгін өмір тұр,
Көкжалын тосып сынақтың.

Арманым, талмас сұңқарым,
Жаскай көр өзің сын-кәрің,
Ешбір жан естіп, көрмеген
Биіктік, сенсің іңкәрім!



ӨЗ ЖОЛЫМ БАР

Сәуір-нұрлар
 Болғаны... болмағаны өзімдікі,
 Әрине, болары да өзімдікі.
 Өз жүгім бар,
 Өзімнің үлесім де
 Өзіме лайықталған, білесің бе?


Күмбір-сырлар
 Әуезден әуен үзген сезімдікі,
 Бәрінен сыр іздеген төзімдікі.
 Өз мұңым бар,
 Ескірмей жүр есімде,
 Жігерім, жокка шаршап түгесілме.

Зенгір-жырлар
 Шындарда мұнарланған күзімдікі,
 Ғайыптан ойлар қармар кезімдікі.
 Өз жолым бар,
 Өмірдің бүгесін де, шігесін де
 Ор жолға, Өз тағдырым, тігесің бе!

ТІЛЕК

Мың ісім түр бітпеген,
Өз биігін діттеген.
Шарызым көп шашымнан,
Дәуірім, арым жүктеген.

Мың ісім түр басталмай,
Егілмеген жас талдай.
О, Таңірім, жебей көр,
Бітуге жазсын, бос қалмай!





ҚҰНАРЛЫ МАРХАБАТ

Мен
Кең әлсәмді кернеген
Шұрайлы әуендерден тұрамын
Жүрек біткенді тербеген.

Мен
Жеті қат көкті зерлеген
Арайлы сезімдерден тұрамын,
Сөзім жоқ інжу термеген.

Мен
Түнекті тіліп түйреген
Жасын сынды қиялдан тұрамын
Шектеу дегенді білмеген .

Мен
Жарқылы күндей өрлеген
Алмас сынды ойлардан тұрамын
Ешкімнің түсіне де кірмеген.

Мен
Мұзартты түріп бүрленген
Құнарлы мархабаттан тұрамын
Төңірегі түгел гүлденген!



XII

МАЙТӨБЕ ТАУДЫҢ ТӨРЕСІ

*Ежелден еркін ер халқым
Қастерлей білген ел даңқын.
Жасай бер, мәңгі жасай бер
Бауырмал жұртым ақ жарқын!*



ДАРҚАН ЕЛІМ, ҚАЗАҒЫМ
Әнін жазған М. Маңғытаев

Батырлары басын тігіп қорғаған,
Даналары келер күнін болжаған,
Дарқан елім, өсе берсін мерейің,
Еркіндіктен асқан бақыт болмаған!

Қайырмасы:

Ежелден еркін ер халқым,
Қастерлей білген ел даңқын,
Жасай бер,
Мәңгі жасай бер,
Бауырмал жұртым, ақ жарқын!

Қишы откелде қилы сындар шындаған,
Асқак рухын акын-далам жырлаған,
Қазақ елі – ынтымақтың мекені,
Оркендей бер дәуірлерде мындаған!

Қайырмасы:

Ежелден еркін ер халқым
Қастерлей білген ел даңқын.
Жасай бер,
Мәңгі жасай бер,
Бауырмал жұртым, ақ жарқын!

АНА-ЖҮРЕК

әнін жазған Дүйсенхан Сыздықов

Шапағатты өмірің болсын деймін,
Алтын арай сәулеге толсын деймін.
Мейірге толы жүрегім,
Өз үмітім, тәлегім,
Тәңірден өзіңді тіледім.

Жарқын тағдыр бере көр жас талыма,
Жете бергін арманның аскарына.
Ғажайып нұрдан жаралған
Көптеп күткен ұлы арман,
Жыр болып,
Өн болып оралған.

Қайырмасы:

Тек өзің деп толғаймын,
Қызығыңа тоймаймын.
Асақтаған әнімді
Бір өзіңе арнаймын.
Тек өзің деп толғаймын,
Қызығыңды тойлаймын.
Асақтаған әнімді
Бір өзіңе арнаймын.
Бір өзіңе арнаймын!

Ана-жүрек тербеткен бала шағың,
Ертегідей, перзентім, бөлашағың.
Қазына толы жерің бар
Ұлағатты елің бар,
Парасат, абырой, сенім бар!

Қайырмасы:

АЛМАТЫ – КҮНГЕЙ АСТАНАМ

Алматы – нұрлы мекенім,
Малынып нұрға өтемін.
Көктегі күн де біледі
Жердегі жаннат екенін.
Алматы – жомарт, берекем,
Байрағы арлан бөрі екен.
Халқыма ғарыш сыйлаған
Киелі қоныс төрі екен.

Қайырмасы:

Алмалы бағым, Алматым,
Аяулым, ару Алматым,
Биіктей берсін жұлдызың
Қалаулы қалам, Алматым!

Алатау – асқақ шындарым,
Баурында өсті мың дарын.
Таниды әлем қазақтың
Кемеңгер дара ұлдарын.
Алматы – күнгей астанам,
Құрметтеп елім қоштаған.
Мың жылдық шаһар Алмалым,
Дәуірлер көшін бастаған!

Қайырмасы:

Алмалы бағым Алматым,
Аяулым ару Алматым,
Биіктей берсін жұлдызың,
Қалаулы қалам, Алматым!

МАЙТӨБЕ ТАУДЫҢ ТӨРЕСІ

Әніп жазған М. Маңғытаев

Біздің жайлау Майтөбе княсында,
Бала бүркіт шынығар ұясында.
Көсемдер мен шешендер қапаттанған
Қасиетті көк шыңдар аясында.

Қайырмасы:

Майтөбе елдің ырысы,
Керімсал кеуде тынысы.
Асқар белім,
Өскен жерім, Майтөбе!

Майтөбедей қоныс жоқ айналанда,
Бір жасайды ел-жұртым тойлағанда.
Қызығы мол, жазы мол жайлау-дәурен
Көздің жауын алады жайнағанда.


Қайырмасы:

Майтөбе елдің жайлауы,
Ән-жырға толы қойнауы.
Думанды елім,
Өскен жерім, Майтөбе!

Күн көрінер Майтөбе айдарынан,
Тау біткенің жасқанар айбарынан.
Ақындар мен батырлар елі атанған –
Киелі жер ерлік пен жыр дарыған!

Қайырмасы:

Майтөбе таудың төресі,
Қалқыған көкте өресі.
Асқар белім,
Өскен жерім, Майтөбе!



НҰРЛЫ ӘЛЕМ

Ақ сәулесі кең әлемге таралған
Күн нұрынан сырлы әуездер жаралған.
Таңғы арайға еркелеген пәк сезім
Күн астына асқақ ән боп оралған.

Қайырмасы:

Ақ пейілім – ақ берекем,
Ақ мейірім – ақ мерекем,
Кеудем толы ән-жыр екен,
Әлем толы ақ нұр екен!

Киелі күн шұғыласын шашқанда
Құлшырады гүлдер көзін ашқанда:
Салтанаты өсе берсін өнердің
Жарқырасын жұлдызды әнім аспанда!

Қайырмасы:

Ақ пейілім – ақ берекем,
Ақ мейірім – ақ мерекем,
Кеудем толы ән-жыр екен,
Әлем толы ақ нұр екен!


ТАМҒАЛЫ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

*(Тасқа түскен символдар)
Дана бабалар өнегесінен жасөспірімдерге
арналған бір үзік сыр*

I
Мекенге
Ұланғайыр не болған,
Жарылқан Жер мен Көгі
Кне қонған.
Қандай ел,
Қазақ деген
Қандай халық!?
Өзгелер қызығатын
Таңдай қағып.

II
Тамғалы тасындағы
Күн кескінді бабаның
Күн текті ұрпақтары
Еліне ізден тұрақты
Кен дүниені шарлапты.
Ел қамын жеген даналар
Кен даланы таңдапты.
Қағал шөлдiң бетiнде,
Қишы сындар өтiнде
Қайсарлығын шыңдапты.
Дәл осы шекеiз жазықты
Маңдайына елдiң жазыпты.
Қиялына жағтың сыймаған
Жер Ұйығы Даласы
Тек Қазақтың
Жүрегіне сыйыпты.
Байтақ жері қойнына
Қыруар қазына жныпты.

Бұл өлеңдердің көпесі менің менің бар



Өр бабалар күлдыктын,
 Қамытын бір кимепті
 Тоқымдай жерін ешқашан
 Ешбір жауға бермепті.
 Асқақтатып ел рухын
 Дәулескер күйші тербепті!

III

Бұл даланың иесі
 Күн келбетті батырлар
 Алғаш рет әлемде
 Керкүланды жүгендеп,
 Ер-тұрманын түгендеп
 Жаяу жүрген қазақ жоқ
 Бәрі атқа мініпті.
 Шығыс пен Батыс шамасын
 Тынық пен Атлант арасын
 Аттылар түгел шолыпты,
 Су ішпеген тұлпары
 Құрлықта өзен болмапты,
 Ат тұяғы тимеген
 Оймақтай жер қалмапты.
 Әлемді атқа мінгізіп
 Адамға қанат байлапты!

IV

Далалық текті елшілер
 Бар әлемге тарапты:
 Жылқы біткен әлемде
 Қалғып кетсе түсінде
 Кең даласын көреді.
 Алма атаулы әр елде
 Өз төркінін
 Алағау деп біледі.
 Қызғалдақтар қылықты
 Ұзатылған қыздардай
 Сағынып жерін жүреді.

V

Кен жерін еркін билеуге
Үшкыр княл бабалар
Тыным тапнай толғанып
Өрішті бір
Ғажайып доңгелекті,
Қазактын Доңгелегі
Жер-көкті доңгелетті!

VI

Буырқанған ғарышта
Бір орнынан қозғалмай
Қазағынан көз алмай
Адастырмай кеңдікте
Жебейтін бір
Жұлдыз бар:
Алтай деп
Жолға шыкса оң ныктан,
Қаспийге
Бетін бүрсе сол ныктан,
Алатау деп
Үмтылса айдарынан,
Елорда деп
Асыкса маңдайынан
Көз алмай қадамынан
Қазактын жолын бағып
Биіктен аймалап тұр
Жұлдызы Темірказық,
Ақ жол деп күбірлейді
Мекені
Қасиетті Ұлы жазық!

VII

Бірлік те,
Береке де даламызда,
Ерлік те,
Даналық та санамызда.

Бұлақтардың келер шағын дағ


«Қырықтың бірі қызыр»
 Дейді халық,
 Қызыр жүр
 Елін демеп арамызда.
 Осындай Елін, Жерін
 Қорғап келген
 Ризамыз
 Күн келбетті бабамызға!

VIII

Мыңжылдық
 Алып Арман:
 Еркіндік көк туын да,
 Абырой ақ туын да,
 Мемлекет тізгінін де
 Ерім бар колына алған.
 Нұрсұлтан – ел тірегі
 Ісімен ұлағатты
 Ел көгеріп
 Жүзінен нұры тамған.
 Биіктеп Бәйтерегі,
 Аспандап Ақордасы
 Халқымның
 Бағы жанған!

IX

Шейілінен күн көрінген
 Мәңгілік ел:
 Іргелі Қазақстан,
 Үлгілі Бірлікстан
 Жасай бер
 Жаса мәңгі! -
 Ден тілейді көктегі ?
 Бак жұлдызы
 Темірказық,
 Демейді Бар Қазақты
 Сыйынар құдіреті
 Киелі Ұлы Жазық!




XIII

**ЗАМАНЫН
ЕШКІМ
ТАНДАМАЙДЫ**

*Нәзікен Алпамысқызының
мақалалары,
сұхбаттары,
ой-үзкітері*





МЕНІҢ ҚАДІРЛЕС ДОСТАРЫМ

ЖИЫРМАСЫНШЫ ҒАСЫРДЫҢ СОҢҒЫ ШИРЕГІНДЕ ҰЛТТЫҚ РУХАНИ КЕҢІСТІКТЕ ЕРЕКШЕ ҚАЙТАЛАНБАС ТАЛАНТТЫ БІР ТОП СЫНШЫЛАР: ЗЕЙНОЛЛА СЕРІКҚАЛИЕВ, АСҚАР СҮЛЕЙМЕНОВ, ТӨЛЕГЕН ТОҚБЕРГЕНОВТЕР БОЛДЫ.

ӘНГІМЕ ОСЫ ТОПТЫҢ АРАСЫНДА ЖҮРІП ЭКОНОМИКАДАН ПОЭЗИЯҒА КЕЛГЕНІМ ЖАЙЫНДА БОЛМАҚ.

Мен 1965 жылы М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеттінің аспирантурасын тамамдап, Алматы халықшаруашылығы институтына қызметке орналастым.

Сол жылы маусым айында таудағы демалыс үйінде сыншы Төлеген Тоқбергеновпен, оның зайыбы ақын Бәтима Батырбековамен танысып, бірден жақын араласып кеттік. Олардың төңірегінде қазіргі белгілі әнші Бақыт Әшімова, тележурналист Совет Мазғұтов, оның зайыбы «Жазушы» баспасының редакторы Шолпан Токсанбаева бар екен.

Көп кешікпей бұл топқа сыншылар Зейнолла Серікқалиев пен Асқар Сүлейменов қосылды. Асқар Токен мен Бәтиманың жерлесі екен. Асқар мектепте Бәтимадан дәріс алыпты.

Ал Зейнолланы сонау студенттік кезден білетін едім. Ол кезде филфак пен экономфак қазіргі Төле би көшесіндегі ғимаратта еді. Университет-

те де, жағажанада да оқшау жүретін, кісімен тез шүйіркелесіп кетпейтін.

Мәскеуден бір келгенімде Жазушылар одағында қызмет істейтін белгілі әдебиетші, аудармашы Іслам Жарылғапов ағайға барсам қасында Зейнолла отыр екен. Іскен менің куртас құрбым Сара Әжікееваның жездесі болатын. Сол үйге студенттік кезде жиі барып, Іскеннің әдебиет жайындағы керемет әңгімелерін тыңдайтынбыз. Мұхтар Әуезовтің ұлы суреткер екенін жадымызға құйғанда осы кісі еді. Үйі толған кітап екен. Батыс және орыс классиктерін сол үйден алып оқығанмын. Мен Мәскеуден Іскенге көркем аударма туралы жазылған сирек кітаптарды тауып әкелуші едім. Бұл жолы да құр қол келгенім жоқ.

Зейнолла менің МГУ-да оқитыныма қызығып, біраз әңгімелестік. Келесі жолы Зейноллаға да бір-екі кітап, С.Рихтердің орындауында С. Рахманиновтың екінші концерті жазылған күй табағын әкелген едім. Бұл Іскеннің өтініші болатын.

Сол алпысыншы жылдардан біздің топ жұбын жазған емес, бірақ азайдық. Алдымен, 1979 жылы Совет, 1987 жылы - Бәтима, 1990 жылы Төлеген, 1992 жылы Асқар, 2004 жылы-Зейнолла, 2012 жылы Бахыт өмірден озды, бәрі де ерте кетті. Амал қанша, жатқан жерлері жарық болсын!

Енді, міне, өткенге көз жіберіп қарасам, біздің ғұмырымыздың саналы кезеңі сәнді де, мәнді де болыпты. Қандай дәмді әңгімелер, мәдениет пен әдебиет туралы пікірлер, өзгеше ойлар, көркемдік-

Бұрынғыда келгені менен бәрі

эстетикалық толғаулар көптеген кездесулердің негізгі арқауы еді. Бақыттын әні қандай еді, жүрген жері ән-думан еді, бізді опера театрына жиі апаратын, бізге опера туралы көп мәлімет беретін. Соның нәтижесінде өзім операны үлкен сезіммен тындайтын болдым.

«Көтермесе көңілді кір басады» дейді халық. Рухани сарайыңды әр кезде кеңейтіп, биіктетіп отырмасаң шаң басып, рух сергектігі де жаситыны белгілі емес пе?

Әрқайсымыз өмір деген үлкен жолда әрқилысын кешіп, жеке жан күйзелістерін кешсек те басымыз қосылғанда әңгіме жан азығы төңірегінде болатын. Біз тату едік, бір-бірімізді қадірлей білдік.

Төлеген, Зейнолла, Асқар – үшеуі де әуел бастан өзіндік мұрат-мақсаттарын дәл танып, өздеріне лайықты әрі күрделі, әрі жауапты мамандықты таңдапты.

Әдебиет сыншысы болу – сарқылмас қырағы зейінмен, талмайтын төзіммен көздің майын тауысып, күш-жігерін аямай сарп етіп, әдебиеттің мәуелі бағын баптайтын бағбан секілді. Мұндай жан-жақты білімділікті, туа біткен талантты, қорғанды, жанкешті еңбекті талап ететін мамандық – сыншы болу әдебиет кеңістігіндегі көптің қолынан келмейтіні белгілі. Бұл өзі тек бірен-саран ғана бірегей тұлғаларға лайық ауыр міндет екені рас. Өйткені, профессионалдық әдеби сын ең алдымен адам санасының кемелденіп күрделену кезеңінде қалыптасатын жанр. Сондықтан болар нағыз әдебиет сыншылары әр

уақытта да көп болған емес. Олар ат тобеліндей аз халық.

Менің ардақты достарым Төлеген, Зейнолла, Асқар көркем әдеби сынды шырқау шыңына көтерді, сондарында мол қазына — еңбектері қалды. Төлеген мен Зейнолла таза сыншы болса, Асқар проза, драма жанрларында да көркем шығармалар жазып қалдырды. Олардың соңында қалған асыл қазына-мұралар әдебиет өлкесінде өз бағасын алды және жас ұрпаққа рухани қызмет ете беретін болады.

Мен поэзияға сексенінші жылдары келдім. Біраз олең жиналған соң Зейноллаға көрсеттім, ол бірден күлуге бастады.

«Ата-бабаңда акындық болды ма?», — деп сұрады. Мақтанатын жөнім бар: Нағашы атам атақты Шалтабай әрі шешен, әрі акын, өз атам Оңғар төбе би болған. Олеңнен де құр алақан емес екен.

«Ал онда әлемдік әдебиетте қалыптасқан поэзияда қолданатын тәсілдерді үйрену керек және оншақты белгілі казак акындарының творчествосымен танысу керек: әрқайсысының өз тақырыбы, өз мәнері, өз мүмкіндігі бар», деді де ертеңіне бір күшак кітап әкелді. Акындардан баска Зейнолла Кабдоловтың «Қазак әдебиетінің теориялык негіздері» деген оқулығы, А.Квятковскийдің «Поэтический словарь» деген кітабы бар еді. Осыларды бір кыс бойы оқып шықтым.

Алғашқы өлеңдерім 1989 жылы «Қазак әдебиетінде» және бір топ өлеңдерім «Халық кеңесі» газетінде оқырманға жетті. Қадыр Мырза-

лиев телефон соғып құттықтады: «Бұл өлеңдерің қазақ поэзиясындағы ерекше құбылыс,

«Адам рухы шыңдалған әр кезеңнің

Өз бұғауы кісені, шынжыры бар», –

деп тек үлкен ақын ғана айта алады», – деді.

2003 жылы жарық көрген «Күрең шетен» атты өлең кітабыма «Ой-сезімнің қаймағы» деп алғысөз жазды, осы алғы сөз «Жарқырап аспанымда күн тұрғанда» кітабымда да бар.

Алғашқы өлең кітабым «Шырағданның» басылып шығуына үлкен әдебиеттанушы-ғалым Мүсілім Базарбаев көп көмек көрсетті: баспаға арнап рецензия жазды, Жазушылар одағы мүшелігіне өтуіме кепілдеме берді, «Алатау» теледидарында «Нәзік жанды Нәзікен» деген хабарда «Нәзікен талантты ақын», – деп өз ойын бүкілесіз айтты. «Күрең шетен» деген өлеңге Данте Алигьеридің «Құдіретті комедиясының» идеясы сыйып тұр», – деген де сол кісі.

Ал менің ақын болып қалыптасуыма жиырма жылдай талмай еңбек еткен кісі – Зейнолла болатын. Аптасына екі-үш рет сөйлесіп, не жазып, не айтып жүргенімді қадағалап отырушы еді. Айтамын дүние де көп еді. Зейнолла кеткен соң оның зайыбы Майрамен де өткен-кеткенді еске алып ұзақ әңгімелесетін болдық.

Ерекше есте қалғаны «Тұлпар дүбір домбыра» деген өлеңімді оқып Зейнолла қуанып кетті: «Янырай, күйі – дегенің сөзге де, әнге де сыймаған қазақтың көңіл-күйі екен ғой. Атка құмар қазақтың тұшарының дүбірі емес пе! Қалай бұрын осыны

байқамағанмын, ешкім бұлай жазған емес», – деп төбемді көкке жеткізді.

«Күрең шеген» өлең кітабым Зейнолланың көңілінен шықты. Сенің творчествоң жөнінде мақала жазамын, халқынмен табыстырамын «Қазак поэзиясында» бұрын интеллектуалды философиялық лирика болған емес» деп еді.

Осы пікірін екі кісіге: досы Мамадиярға, ақын Мінугарға да айтыпты.

Ғұмырының соңғы кезеңінде айтамын, жазамын деген ойларын іске асыруға қатерлі науқас Зейноллаға мұрша бермеді.

Әгтең сырқаты асқынып Зекен көп ұзамай мәңгілікке аттанды.

Қайран асыл достарым-ай, сіздермен дәмдес, тұздас болып, сіздердей парасатты достарды сыйлаған, керемет рухани ортада ғұмырымның әдемі кезеңін өткізуді жазған тағдырыма ризамын.

Ғұмырдың келесі шағы. Бар

ЗАМАНЫН ЕШКІМ ТАҢДАМАЙДЫ

Редакциямызға Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарыағаш қаласында тұратын «Дала мен қала» газеті оқырмандарынан хат келіп түсті. Олар көптен бері бұқаралық ақпарат құралдарынан көрінбей кеткен ақын Нәзікен Алпамысқызының бүгінгі тіршілігі жайында толық мағлұмат беруімізді сұрапты. Хат нестерінің отіншісі бойынша ақынды іздестірген болатынбыз. Ол кісіні телефонмен хабарласып, үйінен таптық.

– Сіз қайда, не істеп жүрсіз?

– Шүкіршілік, бұрынғы қызметте, бұрынғы мекенімде жүріп жатырмын. Қазіргі кезде ұстаздық қызметті мейлінше азайттым.

Шығармашылық бар рухани күш-жігерінді, бар көңіл-сезімінді, көп уақытыңды талап ететін еңбек. Оның үстіне тауда алма бағым да бар. Оған да арнайы күтім қажет. Кездесулер мен жиналыстар тағы бар. Әйтеуір бір толастамайтын тіршілік қой. Өмірдің қызығы деген де осы болар.

– Не ойлап жүрсіз?

Ойсыз адам бола ма? Ой деген жүйрік қой. Бір сәтте-ақ әлемді шарлап кетеді. Әрине, ой біткеннің барлығы поэзияға арқау болмайды. Поэзияға адам жанын серпілтетін, рухани көкжиегін кеңейтетін қуаты мой өзгеше ойлар керек-ақ. Әрбір жақсы өлеңнің өзегі – беймәлім тосын ой, тынымсыз көңіл-күйін суреттейтін әрбір сөздің бірінің сәулесі біріне түсіп, жанданып, құбылып тұруы асқан шеберлікті талап етеді.

Ойдың оянуына ең алдымен туа біткен дарын, жан-жақты білімділік, кең дүниетаным, бастан

кешкен қиын сындар да, қуаныш-реніш те ықпал етеді. Ой жоғарлы түрде тұмайды. Ой түнектігінің, жарқ еткен жасындай ғайыптан пайда болады.

– Не жазып жүресіз?

Бүгінгі оқырманның ойынан шығу оңай емес. Уақытпен бірге оқырман да, оған қоса санамыз да өзгерді. Бүгінгі оқырман білімді, қазақтың ауыз әдебиетін бала кезден еңірін өскен, алдыңғы қаламгерлер шығармаларына қанып өскен буын. Әлемдік әдебиеттен де хабардар. Сондықтан, оқырманның ойын қозғап, жүрегіне жол табатын жырлар жазу қиынның қиыны. Әр акын ешкім айтпаған ойды, ешкімнің қаламына ілінбеген өлеңді халыққа ұсынсам дейді. «Не айтты, қалай деді?» деген поэзияға қоятын қазақтың өз кредосы бар. Оқырмандарға ұнайтын өлеңдерім баршылық деп ойлаймын. Өздеріңізден оқырмандар іздеу сәтті дегенді естіп қуанып отырмын. «Күрең шетен» деген өлең кітабымды шығарамын деп жүріп өлеңдерім басқа газет-журналдарда басылмаған болатын. Соны байқап қалған оқырмандарыма мыңда бір рахметімді айтамын.

Бір-екі кітап толартық ой-түйіндерім де баршылық. Тек сәтін берейін демекшім.

– Бүгінгі мың құбылған дүниеге не дейсіз?

Заманың ешкім таңдамайды. Заманның да, адамның да өз даму сатылары, өз заңдылығы болады. Біздің замандастарымыздың маңдайына еліміздің тәуелсіз мемлекет болып өз туын көтерген кезді қоры жазыны. Мұның өзі үлкен бақыт емес пе? Қиын-қыстау кезеңнен өттік, халықтың жағдайы түзеліп келеді. Әркім өз мүмкіндігіне

Бүгінгі заманғы өлеңдерім

қарай өмір сүріп жатыр. Мемлекетіміз Елбасының көрсеткен, кемеңгер саясатының нәтижесінде әлемдік қауымдастықта үлкен абыройға ие болды.

Енді әдебиеттің де жолы кеңінен ашылатынына да сенімім мол. Төзімді, қанағатшыл халықпыз ғой.

- Туыстарыңыз сіздің өлеңдеріңізді оқи ма?

Ауылдағы ағайындарым, құрбыларым, достарымның өлеңдерімді оқитынын білемін.

Біразы баспасөзде жарық көрген өлеңдерімді қызып алып, жинайтын да көрінеді.

Жақсы өлең сегіз қырлы, сан сырлы болуы тиіс. Өркім өз деңгейінде қабылдап, өзінше түсініп жазады. Өлеңдерің мықты екен, әрі ойлы, әрі нәзік тегінің тұр десе бір жасап қалатынымды жасырмаймын. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген емес пе?!

- Арманыңыз бар ма?


«Тыңдаусыз қалған сөз жетім» дейді. Өлең кітабым әр қазақтың үйінде болса екен, өлеңдерімнің қадірін түсінесе екен деген үміт-тілек ақын біткеннің барлығына ортақ мұрат.

Өлеңдерім алдымен өз еліме, сонаң соң әлемдік оқырманға қазақ даналығын, жан дүниесін, сөз өнерін жеткізе білсе деген арман да жоқ емес. Қазақ жырлары әлемдік поэзияны байытып, өзіне лайық орын алатын кезі де алыс емес сияқты.

- Саясатқа қалайсыз?

Әрбір ақынның «саясаты» халықтың рухын көтеретін, жігерін қайрайтын, адамның жан дүниесін байытатын әдемі өлеңдер жазу емес пе?

Ой-қиялы ғаламдық ендіктерге де сыймайтын ақын көңілінің кез-келген бір ғана партияның мақсат-бағдарламасына сыйғызуға бола ма?



– Елбасының халыққа Жолдауын тыңдадыңыз ба?

Елбасының Жолдауын үш рет тыңдап, мұқият оқып та шықтым. Менің экономист мамандығым бар. Жолдаудағы әрбір санға тіл бітін, бүкіл ел экономикасының масштабын, бүгінгі мүмкіндігін, ертеңгі мақсат-мұратын, халыққа деген қамқорлығын наш етті. Шүкір, көш түзелді, қазақ елі әлемге бой көрсете бастады. Осындай күрделі тарихи кезеңде ел басқару тізгінін үлкен жауапкершілікпен қолына алған Елбасының әр ісін, үлгілі бастамасын халқы әрқашан да қолдайтынына сенемін.

*Сұхбаттасқан Толқын САДЫРОВА
(«ДАЛА мен ҚАЛА», 25 наурыз 2005 ж.)*

Еңбектің қызығы меніңше бар.

«ЖҮРЕГІМДЕ ӨНГЕН БҮРШІКТІ, ЖҮРЕГІНЕ ТАУДЫҢ ЕГІП ЕМ...»

Нәзікен Алпамысқызы – қазақ поэзиясына тоқсаныншы жылдары келген ақын. Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың иесі. Қазақтың әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінің экономика факультетін, Мәскеудің Ломоносов атындағы университетінің аспирантурасын бітірген ақын ұзақ жыл Алматы халық шаруашылығы институтында ұстаз болды, студенттерге экономика саласының қырсырын үйретті. Қадыр Мырза Әлі ағамыз ақын апамыз туралы: «Ол өмірге бір бүйірінен, бір қырынан ғана қарамайды. Қырық қырынан қатар қарайды», – деп жазды. Нәзікен Алпамысқызы жазда және қыста тау-тасты аралағанды жақсы көреді. Табиғатқа жақындығынан болар, ақын бағбандықтан да құралақан емес.

– Алматы бір кездері апортымен дүйім елге белгілі болған. Алматы қаласы ауызға алынса болды, жұпар иісі атшаптырым жерге жетіп жататын, үлкендігі тостағандай-тостағандай қызғылт түсті алмалар көз алдыма етестейтін. Қазір ондай апортты базардан да таппайсың...

– Алматы – алмалы қала деген атағынан айырды-ау деген күдігім бар. Қазір хан сарайындай етіп салынған үйлер Алатаудың етегінен төсіне дейін жеткендей. Қаншама ағаштар кесілді. Сол көп ағаштардың ішінде алма ағаштары да бар. «Сулын да сұрауы бар» дейді халық. Бұған

қалай күймейсін?.. Хан сарайындай үйлер халық үшін немесе туризмді дамыту үшін де салынып жатпаны белгілі. Қалталы адамдардың жеке бастары үшін салынған үйлердің сырты камал етіп бекітілген. Біздер көп «еліктейтін» Еуропада бай адамдар үйлерін біздің байлар секілді тас камалмен бекітпейді. Олардың үйлерінің айналасы неше түрлі ағаштармен, гүлдермен көмкерілген. Көңіл қуанғады.

Табиғат-Ана быттырдан бері егіліп тұр. Балалары — орман-көл, балық, жан-жануар адам қолынан қырылып жатыр... Әсіресе, Алатаудың баурайында желкілдеген алма бақтары түгелімен жойылған. Жылмағанда қайтеді?! Сәл оталған бақтар — апорт алмалары-тұзын. Екіншіден, шетелдерден әкеліп жатқан алма ағаштары апорт ағаштарына кері әсерін тигізді. Шетел ағаштарымен келген микробтарға біздің апорт ағашы төтеп бере алмады. Апорт — баптағанды жақсы көреді, ол да адам секілді — нәзік. Үшіншіден, экологияға да байланысты. Міне, осы үшін себептен апорт алмалары құрыды деп ойлаймын.

Қазір апортпен будандастырылған «Салтанат», «Рашида», тағы басқа алмалар бар. Онда апорттың иісі бар. Алматыда «Александр» және «Алматы» апорты өседі. Апорт та жабайы алма, тау шетені, долана секілді үсік өткен соң, мамыр айының аяғында гүлдейді. Апорт алмасының дәмі, жұпар иісі қаңтар айына дейін бұзылмай сақталады. Ары қарай дәмі, иісі өзгереді. Өзбекстанда да апорт бар, бірақ, оның дәмі, дәні, біздің апортқа жетпейді.

Сұлулығын көмекшісіміз бізге

Жалпы, егінге, әртүрлі жеміс-жидектердің өсіп-өнуіне өте қолайлы жерлер болады. Мысалы, Болгарияның Қазанлы алқабында майлылығы жоғары раушан гүлдері өседі. Қазанлы – раушан гүлдерімен әлемге әйгілі. Венгрияның Токай алқабы шарапка лайықты, құрамында қанты көп жүзімімен танымал. Ал біздің Алатау баурайында небәрі 250-300 шақырымға созылған, ені 15-20 шақырымдай жерді ғана алып жататын өңірде апорт өседі. Бір кездері Алматының апорты да әлемге белгілі-тұғын. Ал, қазір...

Жеміс-жидектерді баптаудың өз қызықтары болады. Мәселен, көп жыл өсімін бермеген ағашты: «Жеміс бер, әйтпесе, кесіп тастаймын», деп тоқнақпен ұрса, келесі жылы ол жайқалып гүлдейді және мол өнім береді.

Алма бағыма карап, көңілім толады. Өйткені, оны өз қолыммен баптап өсірдім. Бағбандықпен айналысу – өмір философиясын тану деп есептеймін. Гүл өсіруді өте жақсы көремін. Менде гүлдің 85 түрі бар. Олардың жайқалып, гүлдеп тұрғанынан ғажайып бір ләззат аламын. Туыстар, жора-жолдас менің саяжайымды: «Биікте орналасқан. Шыққанша шаршап кетеміз», – дейді. Ал, мен таудағы саяжайыма рюкзағымды аркалап, емін-еркін шыға беремін.

Көне шығыста айтылған екен: «Адам бұл өмірге келгенде үш парызын атқару керек. 1. Ағаш отырғызу, оны өсіру. 2. Үй салу. 3. Бала тәрбиелеу». Ал, бізде, бәрі керісінше. Алдымен үйлі-жайлы болады, содан, өмірінде бір ағаш өсіруге қолдары тимей кетеді.

– Бағбандық ата-анаңыздан дарып па еді?

Нағашы ағам Шалтабай шешен Алматы облысы, Қаракастек ауылы аумағында 5 гектардай жерге алма бағын еккен екен. Өткен ғасырдың басында егілген бақ 1950 жылдарға дейін болды. Мен де сол кісіге тартсам керек. Жер-Ананы жақсы көремін.

Менің саяжайым 1600 метр биіктікте орналасқан. Сондықтан, ағаш етуге, күтуге ыңғайлы етіп, тік қиядан ені 1.5 метрлік 9 терраса (текше) жасадым. Шығыста Қашнағай, батыста – Қордай асуы көрінеді.

Жермен жұмыс істеу үшін де білім қажет. Бағбандықты игеру кезінде жеміс ағаштары туралы отыз шақты арнаулы кітап оқып, 15 жылдай «Приусадебное хозяйство» журналында басылған өзге бағбандардың тәжірибесімен таныстым. Қиыстыру, буландастыру, ағаш формасын қалыптастыру тәсілін, техникасын игердім. Бақшамда 125 түр жеміс ағашы өседі, ал, алманың 11 түрі бар. Оларды баптамаған, күтпесен, күйі кетеді. Ағаштар да адамдар секілді сезімтал. Бірде биолог-ғалымдар мынадай тәжірибе жасапты. Бір ағаштың бойына датчик құралын орнатып, қасындағы екінші ағашты кескен ғой. Сонда (сырт көзге байқалмағанмен) сау ағаш тігіркеніп, дірілдей бастаған. Бақшадағы ағаштарымының қураған бұтағын кескенде, мен алдымен одан кешірім өтінгендей, ойлап-толғанып аламын... Себебі, бір бұтағы қурағанымен, оның айналасында басқа бұтақтары, яғни «дене мүшелері» бар ғой...

Қысы-жазы саяжайымнан шықпаймын. Қыста

Қурағанды кешіп шашып бар

тауда қалаға карағанда 6-7 градус жылы болады. Ауасы таза, суы мөп-мөлдір.

– Тауға шығу — бала кезіңізден калған әдет пе, әлде...

– Анам Бактылы он алты жасқа толғанда, өзінен бір жас үлкен әкем Алпамысқа тұрмысқа шығыпты. Екеуі бір-бірін өте жақсы көретін. Мен ата-анамның жалғыз едім. Туыстар әкеме: «Тоқал ал, ұлды боласың», – дегенде, ол кісі «Жалғыз қызымды жұрттың он ұлына бермеймін», – деп үйленбеген екен. Әкесіз өскен балаларға жаным ашиды. Түсіне білген адамға, дүниеде әкенің мейіріміндей мейірім жоқ.

Бұла өстім, 18 жасқа дейін ер балаларша киініп, асаудың құлағында ойнайтынмын. Балалық шағым киіз үйде, көшіп-қонған елдің ортасында өтті. Жас кезімде Майтөбе, Суықтөбе, Көктөбенің тау-тасын түгел араладым. Есейген соң, жұмысбастылықтың салдарынан тауға шығуды сиреткенім рас.

Тіршілігінде адамның басында небір жағдайлар болады емес пе? 1980 жылы бір қиын күйзелістен кейін тауға шығуды жиілеттім. 5 жыл бойы Ақсай мен Талғар тауларының арасын түгел араладым. Қай жерінде қандай соқпақ жол барын білемін. Бірде Сайлаубек атты бауырым: «Тәте, таудың басынан жер алыңыз, бағбандықпен айналысыңыз. Саяжайдан таудың шыңына шығу ыңғайлы», – деді. Сөйтіп, 1985 жылдан бері бағбандықпен айналысамын. Құмбел, Мыңжылқы шындарына (биіктігі 3500 метр) жыл сайын көтеріліп, сәлем беріп келемін.

Рахмет ШАМЫСҚЫЗЫ

Қай елге, қай жерге барсам да, тауларына шыкпай кетпеймін. Бірақ, Алағандың орны мен үшін бөлек. Себебі, мен оның топырағынан жаралғанмын. Алағанды қазақтың маңдайына біткен қасиетті жері ғой. Сол қасиетті жерді меншіктен, үй-жай салып құртқанша, бір кездері Алматының мақтаншы болған алмалы баққа неге айналдырмасқа?

– Әңгімеңізге рахмет.

*Сұхбаттасқан Сәлима Ысқақова
(«Жас алаш», 30 қазан 2003 ж.)*

Ең ұлы бағымды қалай маған берді

ПАРАСАТ ДЕГЕН ҮЛКЕН СӨЗ

Жақында Семей өңірінде Халықаралық Абай клубы өткізген поэзия фестиваліне Алматыдан бір топ ақындар барып қайттық.

Халықаралық Абай клубы 1999 жылы құрылыпты. Президенті белгілі жазушы, мәдениет қайраткері Роллан Шәкенұлы Сейсенбаев.

Абай клубының басты мақсат-бағдары – ел, Отан туралы толғаныстар; Абай шығармаларының мағынасын халыққа тереңірек түсіндіру, жеткізу; әр елдің әдебиеті, тарихы, пәлсафасы; әлемдік әдебиет жөніндегі көзқарастар, қазақ әдебиетінің көкжиегін кеңейтіп, рухани қазынасымен әлемді таныстыру; шығармашылық – өнер адамдарын елмен бетпе-бет кездестіру секілді ауқымды іс-әрекеттер.

Осындай игі бастама нақтылы, нәтижелі іске айналып, алғашқы жемістерін де бере бастапты. Мезгілді «Аманат» журналын шығарып, әлемдік әдебиеттің 200 томдық үздік үлгілерін бүгінгі жас ұрпаққа ұсынбақ. Қазір «Аманаттың» жеті номері оқырмандар қолында. Әрқайсысы әр елге арналған. Проза мен поэзияның нағыз майталмандары осында екен.

«Аманаттың» ізгі мақсаты әлемнің ой-өресі биік, озық саналы қаламгерлерін өз төңірегінде жинап, әр елдің рухани мирастарын сараптап, байыптап, әлемдік мәдениетке деген жаңа көзқарас қалыптастыру. Журналдың алғашқы бетін ашқанда-ақ қамқорлық және қоғамдық

кеңес құрамынан қаншама ірі тұлғалар қолдағаны көрініп тұр.

Қосымша 200 томдық кітапханасының бес кітабы жарық көрінді: Абайдың «Қара сөзі», «Орхон жазбалары», Акутагава Рюноскэнің «Нақұрыстың ғұмыры», Шоқан Уәлихановтың Ыстықкөл саяхатында жазып алған қырғыз халқының ұлттық эпосы «Манастың» «Көкстай ханның асы» бөлімі және Олжас Сүлейменовтің «Арғымақтары». Осылай жалғаса бермек.

Екінші Халықаралық поэзия фестивалі «Абай күні» биыл тамыз айының 28-нен басталып, қыркүйектің 2-не дейін созылған Семей, Өскемен қалаларында және Жидебайда өткізілген әр түрлі мәдени іс-шаралар мольнан қамтылған жиын болды. Қазақтың кеменгер ұлдары Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов мұражайларында болып, ұлылар зиратына тағзым еттік. Неше дүркін баспасөз өкілдерімен, жоғары оқу орындарында, мәдени сарайларда, қала алаңдарында халықпен кездесулер өтті. Акындар өлеңдерін оқып, жүрекжарды ой-толғаныстарын ортаға салды.

Поэзия фестиваліне Мәскеуден Боронтай Бедюров, Новосибирскіден Владимир Берязев, Қытайдан Айсұлу Иманкүлқызы, Алматыдан Надежда Чернова, Игорь Софиев, Орынбай Жанайдаров, Қайрат Бакбергенов, Қарағандыдан Серік Ақсұңқарұлы бастаған бір топ, Семейден Тыныштықбек Обдікәкімов, Валерий Зубов, Өскеменнен Михаил Немцов, Александр Егоров, Борис Щербakov, Серік Байхонов және осы жолдардың авторы қатысты.

Еңіргендегі кемел шағын баяр

Фестиваль бағдарламасы әрі тығыз, әрі ыңғайлы жасалынды. Оның ойдағыдай өтуіне Шығыс Қазақстан облыстық, Өскемен қалалық және аудандық әкімшіліктері, Шығыс Қазақстандық әскери округі, Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Достық үйі, банктер мен кәсіпкерлер ат салысты.

«Абай күндерінде» казакстандықтарға арналған үндеу қабылданды. Биылғы поэзия фестивалінің жақсы ұйымшылдықпен салықалы өтуіне Ролдан Шәкенұлының көп күш-жігер жұмсап, аянбай еңбек еткені байқалып тұрды. Кездесу мен қоштасу аралығы жылы қошемет-ілтисатқа, ыстық ықыласқа толы бір нұрлы күндер болды. Әр жақтан келген бір-бірін танымайтын ақындар осы күндері достасып, бауырласып та үлгердік. Қайтарда бәріміз бір нәзік қимастықпен қоштастық.

Кешегі ХХ ғасыр қиян-кескі ғаламат төңкерістердің куәгері, жан-кешті алапат соғыс зардаптарын, атом трагедиясын әкелген ең күрделі әрі қиын кезең екені бәрімізге аян. Экологиялық дағдарыс әкелген ғасыр, тіршілікке құрып кету қаупі төнген ғасыр.

Семей өңірінің атом зілзаласынан адам айналысыз қасірет шеккені әлемге әйгілі. Қазақтың басқа аймақтарының да жетісіп тұрғаны шамалы. Енді осы ХХІ ғасырда әр мемлекет, әр ел, әрбір адам өз пейілін түзеп, құлқын философиясын, экономикалық-саяси және әскери өктемдіктерін ауыздықтап, тіршілікті аялай білмесе, адамзаттың ертең аман қалуы екіталай. Өмірге деген сенімін,

Поэзия АНАМЫСҚЫЗЫ

рухын, еңсесін көтермей, адам бауырын жазып, бой да көтере алмайды.

*«Қоғамың артық болмайды
Қоғамды құрар кісіңнен».*

Ғасырлар тоғысында дербес Қазақ мемлекеті тарих аренасына шыққан кезеңде құрылған Халықаралық Абай клубы еліміздегі рухани процесстерге өз тарапынан қолдау көрсетіп, өз мүмкіндігінше ықпал ете алатынына сеніміміз мол.

Сол күндері «Сабыр, Сенім, Өнеге, Борыш» деген қасиетті сөздер барын естен шығармайық», деп Роллан Шәкенұлы айтып жүрді. Расында, бабаларымыз осы аталы сөздерді ұстана білгендіктен болар, біз не қилы сындарды бастан кешіп, бүгінгі күнге аман-есен жетіп, дербес өз мемлекетімізді құрғанымыз.

Роллан Шәкенұлы жанын салып осынша қыруар іс атқарып жүргенін көргенде, шығыс даналарынан қалған бір өсиет есіме түсті. Ел мүддесін өз мүддесінен бір сүйем болса да жоғары ұстайтын азаматтары жоқ елдің болашағы жоқ деген қағидасы. Шүкіршілік, халқымыздың әр кезде де ел мүддесін, ұлт тағдырын бәрінен жоғары қоятын ұл-қыздары болған. Бүгін де осындай парасатты азаматтары баршылық.

Парасат дегеніміз тектілік пен білімділіктің, кемел ой-сана мен жүрек жомарттығының бір шыннайы көрінісі болар.

Дәл бүгін, осы үрейлі кезеңде үшінші мыңжылдықтың адами парасаттың дәуірі болса екен деген өзекжарды игі тілек бәріміздің кеуде-

Ел мүддесін өз мүддесінен бір сүйем болса да жоғары ұстайтын азаматтары жоқ елдің болашағы жоқ деген қағидасы.

мізге ұялағаны шын. Бұл өзі ұзақ ғасырлар бойы жер бетіндегі барша жұрттың көксеген арманы ғой. Көне аңыз-ертегілер мен мақал-мәтелдердің, даналардан қалған аталы сөздер мен әлемдік діни қағидалардың да айтары осы емес пе?

Бүгінгі әңгімемізге арқау болған Халықаралық Абай клубының іс-әрекеттерінің де жалпы әлемдік рухани бағыттармен үндестік тапқаны көрініп тұр. Осындай ізгі бастамаларды елі қоштап, өкіметі қолдап отырса, бұл да мемлекет парасаттылығының үлгілі бір көрінісі екені белгілі жәйт.

Күнделікті тірлігімізде де, қоғамдық мүдделерде де әлімсақтан бері ескірмей келе жатқан парасат деген үлкен сөз барын естен шығармайық, ағайын.

*(«Қазақстан Заман»,
21 қыркүйек 2001 ж.)*

НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ ТУРАЛЫ

Биылғы наурыз мейрамы Қазақ елі Тәуелсіздігінің он жылдығы мен үшінші мыңжылдықтың алғашқы көктеміне сай келген ерекше қуанышы мол мейрам.

Біздің бабаларымыз ықылым заманнан бері табиғаттың өзгеріс-күбылыстарын дән басып, дәл танып, соған сәйкес өз күнкөрістерін бейімдеп отырған. Көшпелі елдің тіршілік қажеттілігінен туған 12 жылдық жануарлар күнтізбегін бұрынғы көне Шығыс елдерінен әлдеқайда ертерек қалыптастырған. Жылдың 4 мезгіліне, 12 айына, бір тәуліктің әр сәтіне атау беріп, айдар тағып белгілеп, күн санап өмір сүрген. Жылдың төрт мезгіліне арналған: Наурыз мейрамын, қымызмұрындығын, мизам тойын (сабан той), соғым басын беруді жылы ықыласпен атап өткен.

Әрине, олардың ішінде Наурыз мейрамының жөні бөлек. Бұл кезең күн мен түннің теңе-теңдігі, 22 наурыздан бастап күн жылынып, ұзарып, сіре-скен тоң жібіп, табиғат оянып қайта бір түлеп, жасыл дәурен басталады.

Шығыс жұлдызнамасы бойынша әр жеке адам, табиғат, мемлекет пен халықтар тіршілігі белгілі қалыптасқан заңдылықпен әрқилы кезеңдерді бастап кешеді. Әр адам өз ішкі дүниесін, жан сарайын сыртқы дүниенің, күбылыстың өзгеруіне сәйкестендіре, бейімдей білмесе не түрлі кінәраттар пайда болады екен.

Сондықтан да қазіргі кезеңде адамның өзін өзі

Ғұлымның қызығушылығы мен сарайы

тануы, өз ішкі жағдайын дәл пайымдап бүгінгі заман талаптарына сай болуы қазақ халқының даму, кемелдену процесінің ең басты тетігі болады.

Енді мына әрі күрделі, әрі жауапты кезең – ХХІ ғасырда Қазақ елі экономикасы мықты, рухани өресі биік, әлемдік қауымдастықта өз өзгешелігі, өз орны, өз абыройы бар мемлекет болуы бәрімізге түгел тікелей байланысты.

Адам басындағы жақсылық та, жамандық та өз пейілінен дейді. Шығыс үрдісі – осыдан үш жарым мың жыл бұрын жазылған. «Өзгеріс кітабының» («Книга перемен») басты қағидасы бір ауыз сөзге сыйған: әр адамның көңіл-күйі, пейілі қандай болса қуаныш-реніш сезімдері, психикасы және тұрмысындағы әртүрлі уақиғалар да сондай болады дейді.

Жаңа ғасыр бәрімізге жақсылық әкелсін, табиғатынан ақ жарқын дарқан мінез әз халқыма, кеуделеріңіз нұрға толсын демекпін.

(«Жетісу», 29 наурыз 2001 ж.)

ӘЙЕЛДЕР МЕРЕКЕСІНЕ

Әрбір адам табиғаттың тол түлегі болған соң табиғатпен бірге өзгеріп, бірге жасап, оның ыңғайына қарай икемделіп, қысында – қыстай, жазында – жаздай тірлік етеді.

Төрт мезгілдің ішінде көктемнің жөні бөлек, ерекше. Әр көктем сайын барша тірлік қайта бір түлеп, жанарып, көңілді сергітіп, керемет көркемдікке бөлейді. Жаңа үміт, жаңа серпіліс оянады. Бұл жаратылыстың ғажайып құдіреті емес пе? Осындай жаратушы қасиет тек аналарға ғана дарыған. Бүгінгі жер басып жүрген жандар жарық дүниесі үшін, ең алдымен, аналарға қарыздар.



Қадірлі әйел қауымы! Көктемге қуана білейік, қызыға білейік. Бәріне ризашылықпен қарайық. Өмірді сүйе білген кісіні өмір де сүйсін, демейді, қорғайды. Көңіл көктемін сыйлайды. Мейрам құтты болсын, көктеміміз сәтті болсын демекпін.

(«Алматы ақшамы», 6 наурыз 2004 ж.)



**XIV
ҰЛТЫМ
ДЕГЕН
МҰҢЫ БАР**

*Ақын Нәзікен
Алпамысқызының
шығармашылығы
туралы зерттеулер*



НӘЗІКЕН АЛПАМЫСҚЫЗЫНЫҢ «ШЫРАҒДАН» АТТЫ ӨЛЕҢ КІТАБЫ (ҚОЛЖАЗБАСЫ) ТУРАЛЫ ПІКІР

Бұл шағын жинақты оқып шыққанда қаламы төселген, айтар сөзіне жауапты, олпы-солшысы, кедір-бұдыры жоқ әдемі өлеңдер тізбегіне кез боласыз.

Алғашқы өлеңдері 80-ші жылдардың ортасында-ақ жазылған екен. Сол алғашқы қаламының өзі-ақ оқушыны шын қанағаттандырады. «Көңілім неге кірледім» (1987) деген сияқты, әйтпесе, кейінгі «Көңілім, суалып, суып біттің бе?» (1993) дегендей жолдар анау-мынауың қолынан келе бермейтін сөз-мағыналар.

Бұрын өлеңдер жинағы шықпаған соң, жас ақын дейміз. Әсіресе, газет-журнал беттерінде Н. Алпамысқызының көріне бастағанына он жылдай уақыт болды. Ал, оның ар жағында бәленбай өлең, жырды қойын дәптерлік жайда жазып жүруі мүмкін ғой. Бүгін жазып, ертең көріне қалатын жайлар тіпті болмайды да. Мұның өзі ақынның белгілі бір мөлшерде ысылғанын, жағтыққанын көрсетеді.

Жүректің өзі білер – кімге құларын,

Бүйректің өзі білер – кімге бұрарын,

Көңілдің өзі білер – неден қаларын,

Сағықтың өзі білер – неден сыңарын,

– сияқты жолдарды оқығанда, тың, соны, әрі көркем жолдарға кезіп, тамсанып қаласыз. Бұл сөздер осы маңайдағы ақындарда жоқ.

Сол сияқты:

Асқанды қайтем,

Ойыма қуат, көңілге медеу болмаса...

Жалғанды қайтем,

Саялар жүрек өмірде біреу болмаса.

Барлығын қайтем,

Қияда қиын сүрінсем сүйеу болмаса,

деген жолдар піскен мәуедей төгіліп-ақ тұрған ой-сезімдер.

Жалпы Нәзікен өлеңдеріне тән? Акынның өз жүрегіне, көңіліне, ішкі сыр-сезіміне жүгінуі көп. Өлең болған соң солай болуы керек. «Мен пәлен едім», «Бүгін жетілдім, аплатон болдым» деген талай акындарды көріп жүрміз. Акындық батылдық екен деп, балдыр-батпак, көбіне шатпак бірденелерді езеді кеп. Онан өлең болмайтынында жұмыстары да жоқ. Ойлаған адамға көңілге, сезімге жүгініп сөз айту қиын екені түсінікті болар. Оған даналық та керек, терең сезім, сезіну керек, сәжіреп қозғалар жүрек, соның бәрін айта білер талант керек. Бұл жағынан Нәзікенді талантты акын деуімізге болады.

Әрине, туған жер, оның Құмбелі мен Шетені, тауы мен тасы, Алатауы мен ен даласы, ата-анасы, өтелмеген парызы, өнгенен гөрі өнбеген істің көбі, ал, толығырақ, тереңірек алсақ, дос пен дұшпан, езгілік пен ізгілік, жақсылық пен жамандық сияқты мәңгілік тақырыптар да бар. Бірақ, осының бәрін акын жаңадан таптым демей, бұрынғының үстіне өз қосатыны, тыңнан айтаты-

ны болған соң жыр етеді. Және тапқырлықпен, шеберлікпен қисынын келтіреді.

*Қайсы дос, айыра алмай қайда қасың,
Оңам деп елді іріткен ойламасын.
Ешкісі бөлінбеген үш атаны
Алапты, арандатар бар ма, аласың?
Қалмасын,
Кесіліп, бірлік жоқта сайда басың,*

деген сияқты ел, халық жайы туралы да аса пайымды өлеңдері көп. Туған елінің кешегісі мен бүгінгісі ақынды қатты толғандырады.

«Не болады ертеңім», «Біркіндік», «Үрей», «Бірлік жоқта», «Зорыққан дүние» және басқа бірсыпыра өлеңдері ел, жер тағдырына арналған.

Бірақ, ақынның қайта-қайта айналып соғып отыратын тақырыбы өлең сөзі, өнерлі сөз, көңіл күйі, жұмбақ сыр болып келеді.

«Толғау», «Жадағай өлең», «Мағжанға», «Мұқағалиға», «Қадырға» деген өлеңдерінде сөз кәдірі, өлең сыры туралы салықалы пікірлер айтады.

*Сезімсіз, ойсыз дегенмен,
Талқан тектес өлеңмен
Тойдырмақ па осы қазақты?
«Толғау» өлеңінде:*

*Ойыңды өріп тастапша
Ғимарат тұрғыз, тас қаша.*

Тек шындыққа басты тік

Ғұмырда мән жоқ басқаша, — дейді.

Ал, «Мұқағалиға» деген өлеңінде жақсы ақын

едің, тапқыр, білгір ақын едің деп жатпайды. Тек:
Сен келгенде өнердің бағасы артып,
Көп өлеңнің су татып қалғаны шын,
дейді. Міне, осы баға, осы кесім жетіп жа-
тыр. Мұқағали сынды ақынға мұнан артық ардақ,
атақтың керегі де жоқ.

Нәзікен Алпамысқызының «Шырағдан»
қолжазбасын түгелдей қабылдап, баспаға ұсыну
кажет. Жинақ өзі-өзі ақтайтын, оқушылар
көңілінен шығатын құнды кітап боларында
сөз жоқ. Және бұл жинақ арқылы қазақ поэзи-
ясы дүниесіне жаңа ақын келіп орныққанын
дәлелдейтін боламыз.

Мүсілім Базарбаев
(10 сәуір 1995 ж.)



НӘЗІКТІК ПЕН БЕКЗАТТЫҚ

Нәзікен Атамұсқызының жуырда жарық көрген жыр жинағын (А., «Аманат-ТТ», 2003) барынша қоңіл қоя, асықпай, қазақша айтқанда, әрбір сөзі, жолы, өлеңі, бейнесі мен метафорасының «дәмін ала» оқып шықтым.

Екі қазақтың бірі өлең жазатынын тәжірибемнен жақсы білемін. Қазақтың сөзқұрылымдық табиғатының өзі поэзияға бейім етеді. Қазақ тілі әу бастан-ақ құлаққа жағымды ұйқастармен сөйлеу үшін жаралғандай және де еркін көшпелі ғасырлар бойы өмір-ғаламды поэтикалық тұрғыдан қабылдады және танытты. Менің ауылдастарым сонау алыс қалаларда хаттарын ғана емес, арыз-шағымдарын, өтініштерін де өлеңмен жазатын, көршісінен бір атым насыбайды да өлеңмен сұрайтын.

Өлең атаулының бәрі поэзия еместігі белгілі. Басы ашық бұл шындықты алқара жұртқа әсіресе Абай барынша қатты айтты.

Окіншісі сол, меніңше, қазір қазақ поэзиясы қатты сұйылған және лайланған сияқты. Өлең көп және ақын дегеніңіз де жетін артылады, бірақ, поэзияны сирек ұшыратасыз. Көп ақын бүгінде сөзді орынсыз шапалады және сылдырмақша сылдыратады.

Нәзікен ол қатардан емес. Ол сөзге барынша ұқыпты да жауапты қарайды, ойларын ба-

рынша жете ұштайды, қарабайырлықтан, берері жоқ, өткінші өлең жолдарынан, таптаурын накыш-бейнелерден мейлінше бой тартады да, күрделендірілген метафораларға, оқыс тенеулерге және философиялық ассоциацияларға бой ұрады. Өкінішке қарай, бұл айтқандарымды орыс тіліндегі мысалдармен бекіту, көрсету қиын. Олай дейтінім, мен оның жырларының орысшаға аударылғанын көрген-оқыған емеспін. Және мұның себебі де бар деген ойдамын: Нәзікеннің жырларын орыс тіліне аудару қиын ал, шындығына келгенде оның жырлары аударуға келмейді де. Ал, мұның өзі оның жырларының ұлттық өзінділігінің, төлтумалығының белгілері. Жеңіл, таяз дүниелер ғана өзге барлық тілге тез аударылады.

Кітап «Күрең шетен» деп аталады. Шетеннің түрі күрең болады. Ал, орыс тілінде «күрең шетен» немесе «қоңыр» яки «сұр шетен» деп айта алмайсыз. «Қоңырқай» немесе «карақоңыр» деу де өрескел естіледі. «Күрең шетенді» орыс тіліне «Тау шетені» деп аударуға болар еді. Өйткені әңгіме де тауда өсіп тұрған шетен туралы.

Әр кадам, әр бет сайын осындай жайтқа кез боласыз да отырасыз. Жинақтағы әрбір жыр қарапайым түрде аударуға көнбейді. Нәзікеннің қосарланған ассоциативті ұғымдарға, бірі айқындаушы болып келетін дуплет-сөздерге «әлсіздік танытатыны» бар. Екі сөздің үйлесімі үшінші бір абстрактылы ұғым, мағына тудырады. Мысалы, «акку-жұлдыз», «махаббат-дәурен», «кыз-гүлдер», «көңіл-сағым», «жендет-сыр», «үміт-тірек», «диірмен-сезім», «ой-

сезім», «ой-шырағь», «жаз-тұмыр» және т.б. Өзге бір, үшінші ұғым-мағына тудыратын мұндай қос ұғымды сөз-үйлесімдерге акын жиі жүгінеді, ал, бұлардың орыс тіліндегі баламасын табу оңай емес. Жалпы Нәзікеннің тілі талғампаз, жоғары деңгейде мәдениленген, метафоралық тіл. Ол карабайырлықты, ап-айқындықты, жалпыға белгілі ақиқаттарды қаламайды. Оның лексикасы, дүниетанымы, дүние-әлемді қабылдауы пәлсапалы. Қаранайым ғана құбылыстардан ол қатардағы оқырман байқамауы да мүмкінді көреді. Аспанда көшпін жүрген қазбауыр бұлттар оған сайын далада маңып бара жатқан аруаналар болып елес береді: үскірікке мойымай, аптапқа төтеп беріп, ала жаздай ақ нөсер көрмесе де биік шыңда тасты жарып желкілден өсіп тұрған шетенге қайран қалады (күнш-куат, сенім сыйлап, төзімге, табандылыққа үндейтін күрен шетенді акын жалғызбасты әйелдің кермек тағдырымен шендестіреді); «текеіздің тектілік көтерер жүктен бейхабар» екенін, биік тұлаға Алатау-тағдыр кез келетінін», «төртпақ табандылардың Бетпақдалада бұлқа телмірмей, жер түбінен нәр, көк түбінен нұр алып күн кешетінін» біледі; абырой, намыс, ержүректілік, тектілік, мейірім, жарқындық, ерік-жігер, табандылықты – түйіп айтқанда, нәзіктік пен бекзаттық, рух, сезім, қарекетке суарылғанның бәр-бәрін жырға қосады. Ол бұрынғы ірілік, мықтылықтың азайғанына; арзанқол алданыштың нәрі, қымыз-қызық іріп, дәмі кеткеніне, қысыр қыс, қысыр көктем, қысыр қиял жетегінде қысқа өмірдің көбі өткеніне

Сұлулықтың қызығын көрсетіп отыр

мұңаяды. Өтпелі қиын заманда қарауларға тізгіні тиіп, ел рухын баптар адалға жұрттың зар болғанына, айтары жоқ адамға сөз беріп қорқылғанына налиды. Акын өмір мен өлім туралы, жалғыздық туралы, сүйіктіге деген сағыныш туралы, адал дос, жылдар сағымында жоғалған армандар туралы, ата-баба даңқы, көшпелілердің қажырлылығы, табандылығы, алғырлығы мен бақ-бақыты туралы; туған жердің сұлулығы мен нар қоспақ сияқты жалғыз өзі тұтас бір ғасырдығ ауыр жүгін арқалап, ой маржандарын теретін батыр Тұңға туралы толғанады. Адамның рухын шыңдаған әр дәуірдің өз бұғауы мен кісені болатынын оңайға түспеген тұрмыстық тәжірибесі арқылы танып сезінеді.

Акын жырларының мән-мағынасын кедір-бұдыр прозалық тілмен баяндау әурешілік және абырой беретін іс емес. Әуенді баяндап жеткізе алмайсың. Бірақ, мен Нәзікен Алпамысқызы жырларының негізгі сарындарын, поэтикалық шабыт сұйбасын айқындап көруге ұмтылып бақтым. Оның поэзиясын айқындау үшін мен нәзіктік, ақсүйектік, жан диалектикасы және өмірсүйгіштік сынды бағыт-бағдар сөздерді қолданар едім.

Нәзікеннің әсіресе ұйқас жасау техникасының жаңашылдығын ерекше атап айту орынды. Тіпті ол қазақтың дәстүрлі он бір буынды ұйқасына – қазақ жыр ұйқасының канондық құрылымын түрлендіре, жана табиғи элементтер енгізе отырып – эксперимент жасайтын сияқты. Формалық жағынан оның бір өлені келесісіне мүлдем ұқсамайды. Бұдан мен көптеген

артықшылықтарды, сонымен қатар оның поэзиясын өзге тілге аударудағы асқан қиыншылықтарды көремін. Нағыз ақынға өзге тілде өз жырына сай болып сөйлеу қашанда қиын.

Нәзікеннің бұл қасиеттерін кітапқа алғысөз жазған Қазақстанның халық ақыны Қалдыр Мырзалиев те білгірлікпен атап көрсеткен. Оның қорытынды абзацы мынадай: «Жо-жо-о-ок, Нәзікен поэзияға кешігіп келген жоқ, дер уақытында келді. Ол кешіккен жоқ, белгілі бір кездерге дейін өзін тарта ұстады. Ал, қазір ол таң асқан сәйгүлік арғымаққа ұқсайды. Оның жырлары кешкі сауым сүтке ұқсайды. Таңға жақын бетіне бір елі қаймақ тұрады.»

Ақын Ақынға осындай анықтама берді.

Ал, менің есіме өзімнің сүйікті Герман Гессемнің: «Кітап өмірге бастайтын және соған қызмет ететін, және де оқырманына бір мысқал болса да күшқажыр, жастық, сергектік берген жағдайда ғана бағалы болады» деген сөздері еске түседі.

Нағыз кітапқа тән осы сипаттардың барлығын мен Нәзікен Алнамысқызының шағын жыр жинағынан таптым.

Ал, оның жырларының орыс тіліне аударылуын айтар болсақ... Соңғы жылдары күрделі Абайдың өзі белгілі бір деңгейде орысша сөйлей бастады; ал, аударуға келмейтін Махамбет, орыс тілді қазақтардың күш ерік-жігерінің арқасында орыс тілінде тән-тәуір сөйледі. Мағжан да, қазақтың ақын-жыраулары да, демек, Нәзікеннің дегдар мұзасына да кезек келеді деген үміттемін.

*(«Постфактум»
кітабынан, 2007ж,*



ДАРЫН МЕН ДӘУІР ТАБЫСЫП...

Поэзия әлемі бәрімізге әрқашанда ашық. Оған ерте келесің бе, кеш келесің бе, әйтеуір, келсең болғаны. Нәзікең поэзияға соңғы он жылдың көлемінде араласты. Және осы аз уақытта өзін тұңғыш терең лирик ретінде, сонау скиф пен сак дәуірінен үн қатқан текті Томирестей нәзіктігі мен өрлігі бірдей өрілген дара тұлға, азамат жүгін көтерстіндей қарындас, апа, батағой ана ретінде көрсете білді. Қадыр Мырзалиевтен бастап көптеген белгілі, аузы дуалы ақындар Нәзікен поэзиясын жоғары бағалауда. Біз де осы пікірлерге қосылып, Нәзікен Алпамысқызы поэзиясына зиялы қауым назары кеңінен ауса дейміз.

*Әуезхан Қодар,
ақын, аудармашы
(«Тамыр» ж-лы, 2007, №1)*

Бұлардың келер шағын бар

АЛАТАУ – АҚИЫҒЫМ, ӨЛКЕМ МЕНІҢ

Ол мен жырға мейлінше кенен, өлең өнерінің қаймағын қалқып ішкен халқымыз біртуар дарын иелерін асқак көтерсе, кейінгі толқын-ізашарларға биік өр, кең өріс тілеуді ұмытқан емес. Құлагер жырымыздың бағы жанып, өркенімізді өсірер өлең өнеріміздің жұлдызы ұдайы жарқырап келе жатқан сыры да осында болар. Өз өрнегі бар, қаламынан қазақ жерінің коңыр самалы лүпілдеп есіп тұратын акын қыздарымыздың бірі – Нәзікен Аламысқызы. Акын гүмырнамасына зер салар болсақ, Нәзікеннің өмір жолы сәтті басталғаны көңіл тоғайтпай қоймайды. Қарғалы орта мектебін алтын медальмен бітірген ол Қазақтың әл-Фараби атындағы ұлттық мемлекеттік университетінің экономика факультетін қызыл дипломмен бітіреді. Бұдан кейін М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің аспирантурасын тәмамдаған. Нәзікен акын қазірде Қазақ Мемлекеттік басқару академиясында ұстаздық етеді. Өлең өлкесінде өскен, жүрегі жырға құмар акынның «Шырағдан», «Қарлығаш», «Күрең шетен» деген жыр жинақтары жарық көрген. Өзіндік өрнекпен өлең өлкесін аялаған, жырқұмар қауымды лирикалық нақышқа толы туындыларымен қуашқан акынға «Жетісу» газетінің ұжымы мен шығармашылық қауымы ұзақ гүмыр, срен шабып, отбасына бақыт, ұдайы сәттілік тілейді.

Баймолда МҰСА,
қоғам қайраткері, журналист
(«Жетісу», 5 желтоқсан 1997 ж.)

НӘЗІКЕННІҢ ӨМІР ЖОЛЫ – ҰЛАҒАТТЫ ЖОЛ

Мен Нәзікенді 60 жылдан артық білемін. Достығымыз да 60 жыл бойы үзілген емес.

Біз 1955 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің экономика факультетіне бірге түсіп, 1960 жылы екеуміз де қызыл дипломмен бітірдік. Мен Каз МУ-де жұмыста қалдым.

Ал Нәзікен ғылыми кеңестің ұсынысымен Москва Мемлекеттік университетінің (МГУ) экономика факультетінің аспирантурасына түсті. «Бухгалтерлік есеп және экономикалық талдау кафедрасына» алғаш рет бәрімізден бұрын жол ашты. Ғылыми жетекшісі әлемге белгілі ғалым, ірі экономист, проф. С.К. Татур болды. Аспирантураны ойдағыдай аяқтаған соң, Алматы халықшаруашылығы институтында аға оқытушы болып педагогикалық қызметке кірісті. Ол кезде мұндай жауапты жұмысты алып жүру кез келгеннің қолынан келмейтін.

Табаны күректей 50 жыл ұстаздық қызметте ел экономикасына мыңдаған білікті мамандар дайындап шығарды, ғылыми жұмысын, ізденістерін үзбей дамытып экономика ғылымдарының докторы деңгейіне көтерілді. Экономикалық талдауға өз үлесін қосты. Соңғы 30 жылда ұстаздық пен ғылыми жұмыстармен қатар поэзияға да бет бұрды. Нәзікен экономистерден шыққан тұңғыш ақын. Әрі біртуар талантты ақын. Өлеңдері оймен сезімге бай рухы биік, көркемдігі ерек-

Ғылымдары келер шағы бар

ше, экономикалық терең қағидалары да сезіліп тұрады. Нәзікен бірнеше өлең кітаптарының авторы. Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты атанып, санаеы биік, талғампаз оқырмандар ықыласына бөленіп көрнекті акын болды.

Нәзікеннің ұлағатты өмір жолы – қазіргі ізденіс жастарға, әсіресе казак кыздары үшін өнегелі жолға айналды.

*Сағындық САТЫБАЛДИН,
Нәзікеннің студенттік кезден досы, әріптесі,
Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және
техника қайраткері,
ҚР Ұлттық ғылым
академиясының академигі.*



СӨЗ СИҚЫРЫН ӨЗГЕШЕ ӨРГЕН

Нәзікен Алпамысқызы – белгілі ғалым, ұлағатты ұстаз.

Қазақстан жоғары мектебінің қарашаңырағы Қазақ университетінде білім алып, әлемге әйгілі Мәскеу университетінің аспирантурасын тамамдады. Саналы өмірінің көбісі Алматы халықшаруашылық институтында ұстаздық қызметпен өтті. Жастарға дәріс беріп, мыңдаған шәкірт тәрбиеледі. Экономика ғылымының дамуына өз үлесін қосып, көптеген ғылыми еңбектер жазды.

Поэзия әлеміне осыдан 30 жыл бұрын бет бұрды. Нәзікен өлең әлеміне ғылыми көзқарасы, азаматтық ұстанымы қалыптасқан, қоғамдық, әлемдік құбылыстарға өз ой-пікірі бар танымал тұлға болғанда, өз жолымен, өз талабымен, өз арман-қиялымен келді. Өзі айтқандай:

«Киелісін әлемнің көрем деумен

Сөз сиқырын өзгеше өрем деумен» – келді.

Оның өзіне өзі қойған талап тілегі де өзгеше болатын: «Поэзияға адам жанын серпілтетін, рухани көк жиегін кеңейтетін қуаты мол өзгеше ойлар керек – ақ. Әрбір жақсы өлеңнің өзегі-беймәлім тосын ой, тынымсыз көңіл күйін суреттейтін, әрбір сөздің бірінің сәулесі біріне түсіп жанданып құбылып тұруы қажет» – дейді. Нәзікен ешкімге үксамайтын өз сөзін айта білді, оқырмандардың ой-санасын оятып, жүрегіне жол тапты, көкірек көңіліне өшпестей із қалдырды.

Бұл өлеңдер кітабының авторы Нәзікен Алпамысқызы

Ақынның өлеңдерінің тақырыбы саналуан: нәзік сезімі, коңіл күйі, махаббат жырлары, қайғы-мұны, қуанышы мен реніші, ел мен жер, табиғат көріністері бәрі бар. Ал, әке мен анасына арналған төлғаулары, әпкелеріне деген өлеңдері ешкімді ешжар қалдырмайтын өз алдына өзгеше цикл.

Өнердегі ірі тұлғаларға (Мағжан Жұмабаев, Мұқағали Мақатаев, Нұрғиса Тілендиев, Қадыр Мырза Әлі, Герольд Бельгер, Бакыт Әшімова т.б.) арнаған өлеңдері ұлттық рухты көтеретін мазмұны өте мағналы, көркемдігі өте тартымды шығармалар. Бүгінгі заманның тынысы, өтпелі кезеңнің қиын қыстау мәселелері де ақынның шығармашылығынан тыс қалмаған. Бүгінгі рухани дүниенің күлдырауына алаңдаған ақын «Зиялы заман қайдасын?» деп жырлайды:

*... «Көтерген ардан биік ел пайдасын,
Халқым деп дара туған ер қайдасын?*

*... Іздеумен әр кім дүре өз айласын,
Әділет ар қазығы сен қайдасын?*

*... Нарасат ақ шатыры шайқалмасын
Заманы зиялының сен қайдасын?».*

Бұл ақынның азаматтық позициясы, бүгінгі рухани өмірдің шындығын шыңғыртып тұрып айта білген. Нәзікеннің поэзиясында философиялық ойлар көптеп кездеседі. Оның әр өлеңінде өресі биік, өрісі кең, рухы мықты зиялы ақынның бет бейнесі, болмысы, жан дүниесі, шығармашылық ізі сайрап тұрады. Киелі сөздің сырын білген ақынның тілі бай, ойлары шымыр, теңселері қуатты. Мысалы, ол өзі туралы былай дейді: «Мен

шұрайлы әуендерден, арайлы сезімдерден, жасын сынды қиялдан, алмас сынды ойлардан, құнарлы мархаббаттан тұрамын».

Нәзікен оптимист ақын. Бұған:
*«Бір бастың көңіл кірі бұйым боп па
Жарқырап аспанымда күн тұрғанда»* – деген өз сөзі дәлел.

Нәзікен Алпамысқызы текті әулеттің ұрпағы. Осе келе бекзаттықты қалыптастырып халқының сүйікті қызына, қоғамның белгілі тұлғасына айналды.

Әдетте әр ақынның өз оқырмандары бар. Нәзікеннің де өз оқырмандары жетіп артылады. Бірақ, жеңіл-желпі шумақтарға үйреніп қалған оқырманның Нәзікенді бірден қабылдап, түсіне қоюы қиындау болуы мүмкін. Ойлы ақынның өлеңдерін ойланyp оқыған абзал, сонда оның сырлары кеңінен ашыла түседі.

**Көпжасар НӘРІБАЕВ,
Нәзікеннің курстас досы, әріптесі,
Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым
және техника қайраткері,
ҚР Ұлттық ғылым
академиясының академигі.**

Бұлардың келесі мағына бар

АҚЫН ЖҮРЕК – ҒАШЫҚ ЖҮРЕК

Нәзікен Алпамысқызының «Шырағдан», «Күрең шетен», «Жарқырап аспанымда күн тұрғанда» атты өлең-жинақтарынан Алағау бұлақтарының сыбдырындай сан алуан үнмен нәзік жырлар мың бұралып төгіледі, сыңғырлайды, сыбдырлайды, гүрілдейді, дірілдейді. Өйткені өлең Нәзікен ақынға бесігінен конаса да, қырықтан аса басына қыдыр болып келді. Сөз өлеңге, өлең өрнекке айналады. Сон-ау бір жылдары әжесінің қызыл-жасыл өрмегі секілді түрленіп, өлең шіркін ақын жүрегінен орын алады. Ғажайып өлең патшалығының пейішторіне Нәзікен именбей кірді де, өзінің лайықты орнын ойып алды.

Ақынның сұлу жырлары бірден озоқырмандарын тапты. Ол Мәскеу мемлекеттік университетінің түлегі, экономист ғалым ретінде өз парызын жоғары мектептің аудиторияларынан іздеді. Бірақ өлең пырақ Нәзікен Алпамысқызының жан сезімін, көңіл күштарлығын өлеңмен әлдилей білді. Түсіне кірді. Болмысын ояғты, жанын тербетті, жанын ауыртты. Осылай бақыт та, шуақ та, жырмен келетінін сергек жүрек, ақын жүрек, ғашық жүрек сезді.

Сөз моншақ мойнына оралды, өлең ұйқысын бұзды. Ақ қағаз ақ дастархандай болып алдына жайылды. Сырлы сөздер, сұлу сөздер түрлі-түсті бояудай, Қыз Жібектің моншағындай шашылды да кетті. Ол жұп-жұмыр, «сылдырап өңкей

келісім» Нәзікеннің жан сырын, жүрек жылуын олең болып сездіріп, құйылып жатты.

Марқұм, қазақ өлеңінің қадірін көтерген Қадыр Мырза Әлі ағам жазыпты: «Ақын да адам. Бірақ, оның қуанышы да, қайғысы да мүлдем бөлек. Яки ақынның тағдыры қандай болса, шығармашылығы да сондай. Бір ғажабы, бақытты адамнан бақытты ақын шықпайды. Оны айтасыз Бақыт пен Ақындық бірін-бірі жоққа шығаратын кереғар ұғымдар... Ақын тағдыры жазмыш циклоннан тұруға тиіс!»

Қадыр ақындардың ақыны. Онымен ой жарыстырып, пікір таластырып тұру артық болар. Өйткені ол ақындық стихияның тайфун сияқты айналаны қопарып, көкке ұшырып, кеудені күңгірентіп кетер, дауылды құйын екенін басынан өткізген ақын. Мен прозаик жазушы, журналист ретінде Нәзікен Алпамысқызының өлеңдерінен сол дауылдың, сол алапат құйынның ізін кестім. Осылай ақын жырларының эволюциялық осу жолдарының бағытын таптым, түйсіндім, күрсіндім, әрі сезіндім.

Нәзікен Алпамысқызының өлеңдерінен жараны жүректің ізін көрдім, поэзия орманның сан қилы соқпақ жолдарындағы Нәзікен ақынның гүл терген қыз ғұмыр шағының күміс күлкісін естідім, кейінде қалған күндердің бірде шуақ, бірде суық лебін аңғардым, алдағы күндердің арайлы сәттерін көз алдыма әкелдім.

Мұқағали Мақатаев көкем айтқан:

Жырласам ба екен, білмеймін,

Алдымда тұрған адамды мынау кім деймін?!

Алдымда менің адасып кеткен адам тұр,
Жылатсам ба екен, жұбатсам ба екен білмей-
мін, — деген жыр жолдары Нәзікен акынның да
жыр бесігінің әуені.

Тұманбай ағам айтар еді «Акынға да ақыл ке-
рек» деп, ал сұлу Сейфолланың Сәкен серісі
«Сыр сандықты ашып қара, ашып қара сыр-
ласым» демеуші ме еді? Міне осындай ойлар
Нәзікен Алнамысқызының жыр сандығын, сыр
сандығының кілті болғандай.

Акын жүрегі айта алмайтын сырын өлеңге айта-
ды, ал қара өлең бәрін көтереді, бәрін сыйғызады,
сондықтан да ол әр акынның мұңдасы да, сырла-
сы да, пікір жарыстырар қарсыласы да...

Мың өтірік жатпанды,

Бір шындықты,

Мың қасесті жатпанды,

Сыр сандықты.

Шындай алмай жалғанға,

Шынымды айтам,

Көтере алмай салмағын,

Сырымды айтам.

Нәзікен Алнамысқызының осы өлеңі мен іздеген
сыр сандықтың кілті екен. Бұл акын тағдырының
күйініш-сүйінішінен басталып, ел мен жердің
мұңына ұласқан акын жүректің, ана жүректің жан
сыры екен. Сонда акынды не мазалайды? Жүрегін
не тырналайды? Оның жауабын да Нәзікен
акынның өз өлеңінен табасың.

Әр ұрпақтың өз өрі, мың шыңы бар,

Кестер күлмен жанасар тың сыры бар.

Адам рухы шыңдалған әр кезеңнің.

Өз бұғауы, кісені, шынжыры бар.

Бұл қай бұғау, қай шынжыр! Сөйтсем, бұл Жұбан Молдағалиев айтқан «Мен өліп, мың тірілген» қазақтың қаралы жолы, жаралы жолы, шуакты жолы, нұрлы жолы туралы ақындық тарихнаманың көріністері.

Ия, Нәзікен Алпамысқызы қазақтың жоғары интеллекті қыздарының бірі. Ауыл мектебін алтын медальмен бітірген. Мәскеу көрген, кезінде Москва мэрі Поповпен дос болған, орыстың ойлы ортасында көп болған, оқығаны мен тоқығаны көп қайраткер, намыскер тұлға. Сондықтан да әр олеңінде Қадыр ағам айтқан сөзінің табын көремін.

«Ол өмірге бір бүйірінен, бір қырынан ғана карамайды. Қырық қырынан қатар қарайды. Қамти қарайды. Сүйіп қана қоймайды, күйе де біледі. Жанып қана қоймайды, күлге де айнала біледі», – деп жазған-ды. Мен оған гүлге де айнала алады деген бір сөйлем қосар едім. Қадыр жездем қазір ортамызда отырса, арқамнан қағып «кешегі редакторымсың ғой, түзесен түзе дер», – еді.

Мәртебелі поэзия сөйлесін!

Қазақ үйден.

Кетіп ем Алматыға.

Мәскеуге де кетіп ем,

Қазақ үйден.

Ақын жырлаған қазақ үй қазақты қосмосқа қаратып, шаңырақтан жұлдыздарды санатып қоймап па еді?! Бұл ұлттық психологияның қиял-ғажайып армандарын Жаратқанға тасыған рухты

идея. Мұны акын жақсы біледі.

Іргелі етім,

Керегенді кең жайып,

Көбейдің бе!

Көк байрағың

Көгіңде желсіреп тұр,

Көкжелегі естінің кеңейдің бе?

Қазынам мол

Жап азығым,

Жетеді атысқа да,

Түбінде мен

Қазақ үйден,

Шығамын ғарышқа да!

Иә, акын поэтикасы биік. Ғарыш символдық ұғым. Бұл мәңгіліктегі қазақтың асыл ордасы қазақ үйі емес деп, кім айта алады. Ғарышқа шығудың да шығуы бар. Жердің үстінде атқарылатын әрі қыруар шаруа, қыруар өлең де бар. «Қызыр қонған бір ұлын жүр қолға алып» деген сөздің ар жағындағы патша көңілдің жауанкершілігін ұмытуға бола ма?

Қалай болған да, акын замана сөзін көркем оймен, бейнелібеделермен кестелейді. Өмірді эстетикалық тұтастықпен, қоғамдық ой-санамен бағамдай білген акын ғана уақыт безбеніне лайықты поэзия төріне шықпақ. Міне, осындай талапты акын Нәзікен Алшамысқызының өлеңінің жалпы рухтық тінін құрайды. Бір өлеңін тұтастай алып, оны көркемдік қуатымен поэтикалық болмысын саралап көрелікші. Ол «Жасампаз дүния» деп аталады. 21 жолдан тұратын өлеңнің ұйқастары қызық. Профессор Серік Негимов

айтқандай сақиналы ұйқас, әрі «фәлсапалық тұрғысынан жанашыл» деп Әлия Бөпежанова сыншы қарындасым жазғандай, акын өлеңдерінің ой пірімдері өз тағдыры арқылы қоғам тағдырымен өріліп жатады.

*О, жасампаз дүния,
Көз жауын алған дүрия!
Тірілік түлеп тағы бір,
Жап жаңа көктем келіпті:
Толықсып көкішіт сағымдар,
Көкжиек анау кеңіпті.
Сезімді матып көк нұрға,
Кеудеге өзі еніпті.
Тот басқан сырлар үгіліп,
Зіл батпан сыздар еріпті.
Ақ қанат арман оянып,
Көгілдір үміт өніпті.
Көңілмен көңіл жарасып,
Жүрекке жүрек жол ашып.
Тағдырмен тағдыр жанасып,
Көк аспан мейір төгіпті.
Көктемде көне ертегі,
Көгерер деп те сеніпті.
Осын-ау.*

*Жасампаз жарық дүния
Не деген гажап көрікті...*

Ойланасың, толғанасың, акын сөзіне иланасың.

*Көктемде көне ертегі,
Көгерер деп те сеніпті...*

Бірақ оның көгермеуі де мүмкін ғой. Бірақ акын көгеретініне сендіреді, яғни жарық дүния гажап дүния. Оптимистік менім, өмірге ғашық сенім

Гүлнәрмен көктем мейірі

оқырманды селт еткізін, бейдауа дүниенің бітпес тіршілігі туралы жүрекке сенім ұялатады.

Ия, Нәзікен Алнамысқызының өз жолы бар, поэзияда өзіндік соқпағы бар. Мүмкін кейде поэтикалық горт тағамдары үйлесе бермеуі де мүмкін, сынық жолдар көбірек кездесуі де тосындық танытады. Бірақ акын ұйқас қуаламай-ақ, тажайып көңіл-күй әлемін сұлу жеткізе алады.

Сәуір нұрлар,

Болғаны... болмағаны өзімдікі.

Әрине, болары да өзімдікі.

Өз жүзім бар,

Өзімнің үлесімде,

Өзіме лайықталған білесің бе?

Бұл санадағы оқырманмен сырласу, мұндасу, ішкі жан сезімі туралы психологиялық монолог десең де жарасымды. Акындық ерекшелік деген осы.

Акындық ішкі монолог Нәзікен Алнамысқызының көп өлеңдерінің өзегінде тұр.

Мен

Жарқылды күндей орлеген,

Алмас сынды ойлардан тұрамын.

Ешкімнің түсіне де кірмеген.

Мен

Мұзартты түріп бүрленген,

Кұнарлы мархабаттан тұрамын.

Тоңирегі түгел сүлденген! - деп Нәзікен Алнамысқызы жүректегі жанартау сезімін, ою-өрнектен оқырманға ұсынады. «Алмас сынды ой» не «мұзартты түріп бүрленген» поэтикалық

тенеулердің өзегінде не тұр деп өлең сүйер қауым ойланатын болар. Ойлы поэзия деген осы.

«Күреш шетен» жыр кітабында ақындық шарықтаудың, ақындық қалықтаудың үлгісі боларлық поэзияның асыл нұсқалары болар мағыл өлеңдер аз емес. «Ақын тағдыры» деген өлең М.Жұмабаевқа арналғанмен онда Нәзікен ақынның өзінің де рухын асқақтататын ой орамдары жатыр.

*Жарығын тартып алсаң да,
Дарынын тартып алмассың.
Барлығын тартып алсаң да,
Тағдырын тартып алмассың.*

Бұдан жалпы ақын атаулыға ортақ қасиеттің ізін көресің. Мейлі заман өзгерсін, қоғам өзгерсін, бірақ ақындық импульсивті сезімді тоқтата алмайсың. Ал, оның ар жағында рухани тартыс, рухани жанғыру жатыр.

*Күрделі дейді адамды,
Күрделі дейтін несі бар.
Өз жебесі өзіне келіп қадалды,
Ісі ме осы,
Пенденің ақыл есі бар!*

Бұл әлбетте Абайға еліктеу. Ал Абайға еліктеу жарасымды. Ақын ұлы ұстаздың рухына сиынып, кейбір көкейкесті мәселелерді осылай жырласа бұл кездейсоқтық құбылыс емес. Ақын да оқу керек, жүрекке тоқу керек. Ал, Нәзікен өзін камшылай да алады өзін таразылай да алады.

Ақын жүрек бәрінеөзін жауапты санайды. Өйткені ақын жалғыз болғанмен өлеңнің әр жолы бір-бір казак, бір-бір тұлға. Сондықтан да тыным-

сыз тірлік заңын акын ерекше түйсінеді.

Ми-жүрек тынбай қайнауда,

Тек сауат талмай сүзгенім.

Сүбелі ойды байлауға

Сүбелі сөзді іздедім.

Сөзге тоқтау, сөздің күдіретін сезіну, сөздің киесіне бас ию Нәзікен акынның биік талғамы. Арғы бабасы Жамбыл атамыз да:

Елімнің азаматын тапыс қылған,

Ой, жырым, қызыл тілім сенің арқаң, – демеп
не еді?!

Олең ғұмыр тағдырда болған бар қиындықты жеңілдетеді. Нәзікен Алпамысқызы жырларындағы мидай араласып кеткен сан тарам ойлар мен ой оралымдарының барлығы да акын жүректің, ғашық жүректің лүпілі.

Қоңілім жетімсіреп ұмтылғанда,

Тауға кеп жүбанамын мұң тұңғанда

Бір бастың қоңіл кірі бұйым боп па,

Жарқырап аспанымда күн тұрғанда.

Олең қартайтпайды, олең қалғытпайды.

Уәлихан ҚАЛИЖАНОВ,
ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті

Ғұмырдың кешік шағы да

ЗАМАНЫНАН ОЗЫП ТУҒАН

Қазақтың қазіргі маңдайалды ақыны, поэзия тұрғысынан карағанда, әлем айдынында өзіндік қолтаңбасы, жарқыраған орны бар Нәзікен Алпамысқызы жөнінде бұлай деуімізге оның аса терең, философиялық мәні шексіз, ойлы-күйлі өлеңдері айғақ дер едік. Ұлы ақын Қадыр Мырза Әлі, жазушы, аудармашы Герольд Бельгер, сыншы Зейнолла Серикқалиев айтқан, жазған пікір-лебіздер де соған үндеседі. Нәзікеннің ақындық поэзия үшін жаралған дарын иесі екенін білу үшін кітаптарының кез-келген бетін ашып, кез-келген шумағын оқу артығымен жетіп жатыр. Нәзікеннің «Жарқырап аспанымда күн тұрғанда» атты кезекті (көлемді) өлеңдер жинағына жазған алғысөзінде Қадыр де солай меңзепті. Меңзепті емес, құран ұстап, ант ішкендей боп, сеніммен, мақтанышпен айтыпты. Нәзікен өлеңдерінің тереңіне бойлағаны соншалық, Тарас Шевченконың: «Жақсылықты кимасаң, жамандық бер, о Құдай» – деген өлең жолдарын келтіруі тіпті де жетіскеннен емес, «Адам рухы шындалған әр кезеңнің, Өз бұғауы, кісені, шынжыры бар» дейтін Нәзікен жанын риясыз түсінгенінің белгісі болса керек.

Сол Қадырдың өзінен бастап, қазақтың талантты ақындарының өз уақытында тиісті бағасын алғандары аз. Нәзікен де солардың бірі. Бірақ, қапаланатын ештеңе жоқ. Бүгінде Нәзікенді поэзия жанашырлары жақсы біледі, бағалайды, оқиды, тамсанады. «Ол бүгінде түн асқан жарау арғымақтай. Кеше кешкілікте сауған сүт сияқты, бүгінгі қаймағы бір елі!» Қадыр ақынның осы анықтамасына қосып-алар ештеңе жоқ.

Нәзікен заманынан озып туған ақын.

Зәкір АСАБАЕВ,
жазушы, аудармашы

ОЙҒА ЖОМАРТ, СӨЗГЕ ШЕБЕР

Акындық- киелі өнер. Шынайы акын сыршыл, сиқырлы жанды суреттер арқылы оқырманның сұлулық сезімін, іңкәр-кұштарлығын оятып, қиялын шарықтағын, жан-тәнін толқытып шабыттандырады. Бұл орайда Нәзікен Алпамысқызының «Күрең шетен» атты жыр кітабын оқығанда ұлттық өлең тілінің нірім-үйірімдерінің, ағыс-толқындарының, көркемдік мүмкіншіліктерінің молдығына, тоғалы түрленетіндігіне, қысқасынан қайырығанда, үшқыр жанды ақынның көркемдік әрі тарихи таным-пайымының тереңдігіне, зерделілігі мен зергерлігіне дән разы болғанымды жасырмаймын.

Алдымен, «Күрең шетен» өлеңі кемел көркемдік ойларымен, жан-сезім тебіреністерімен, шебер салыстыруларымен өзгешеленеді. Мысалы:

Жан шашуым бүргенде

Өрптей ойлар жанға дамыл берген бе:

Шыңға шығып, құздан тайып жүргенде

Көзім түсті заңғарда өскен шетенге,

Тасты жарып тап да өмір сүрген бе?

Немесе:

Ала жаздай көрмесен де ақ нөсер

Қандай нәрмен желкідеп тұр екенсің?

Акын Нәзікен Алпамысқызының жан дүниесінің, жүрек дірілін тамыршыдай тап басып түсіну, көңіл-күйі толқындарына ортақтасу оның жырларына шүкішнә үнілумен шектелмесе керек-ті. Ұлы сыншы В.Г.Белинский айтқандай, «оның суреттегендерін өз басынан

Бүгінгідегі келісіміміз: мұндағы бар

кешіре білу» яғни шығармашылық зертханасынан, өмірбаянынан сырлар суыртпақтаған жөнді. Қызығы мен шыжығы, бейнеті мен қасыреті жеткілікті мынау жалған нәзік жанды ақынды талай-талай сынға салып, тырнағын аяусыз бағырған-ау, көңілін қалдырған-ау?! Ой кеңістігін аласапыранға айландырған ми-санасындағы сансыз толқындардан бір сәтке босанғысы келген, серпілгісі келген, «тарыдай емге зәру» ақын «бейуәде дүниеден» безініп, құзар шыңға өрмелеп, бұлтқа еркелеп, қиял-сезім теңізіне шомып, ғажайып көркем жаратылыстың құшағында онымен етене бауырласып, сөйлесіп кеткендей және өз тағдырынан да сыр шерткендей, мұн-шерін бөліскендей...

Қинадың аямастан,

Тағдырым қар мен жаңбыр араласқан.

Әйтпесе:

Салса да от пен мұзға аямай-ақ

Көнеді тіршілікті сүйген деймін.

Таудың ұшар биігінде тасты жарып желкілдеп өскен күрең шетен мен өзінің «қар мен жаңбыр араласқан тағдырын» бір-бірімен сабақтастырып, үйлестіріп сәулелендіреді, әрі қарай ащы мен тұщыны, парық пен парасатты шебер салыстырады. Ой, сезім сырларын, жүрек дірілін сұлу, көркем жеткізуде ақын Нәзікен Алпамысқызы Табиғат құпиясын өзіндік көркемдік шеберлікпен өрнектейді. Поэзиялық әсерлілік, көркемдік мәнерлілік, сыршылдық сарын кейінгі шумақтарда ажарлана, еселене түседі. Айталық:

Еңгізгенің келіп мәлім бар

Көңілім жетімсіреп ұмтылғанда,
Тауға кеп жұбанамын мұң тұнғанда,
Бір бастың көңіл кірі бұйым боп па,
Жарқырап аспанымда Күн тұрғанда!

Жүрегім, бақ пен мұңды тең көтергін,
Жарық күн, қимай сені мен кетермін...
Көктемде шетен болып қайта келіп
Тауымды жасайқалтып бір түлетермін,
Бұл тірлік қаңтарылып қалмас тұрып,
Бір ұрпақ бір ұрпақты алмастырып
Өмірдің Ормесінен үзілмесіні
Адамның асқақ рухын жалғастырып!

Көңіл сарайында күмбірлеп-гүлдеп, ой дәні гүлдеп, Рух пен Күштарлыққа бөленген «Күрен шетен» өлеңі Нәзікен Алнамысқызының ақындық серінінін танытады. Задында, оның жырларына лиризм, экспрессия тән. Сондықтан да ақындық ой-пікірлерді жаңғыртып-жайпатып түлетіп отырады.

Ақынның ой-санасы, сезім-түйсігі нендей құбылысты болсын қалтқысыз тұтастай қабылдап, мөлдірете жырлайды. Бұл тұста «Жұлдызнама» жырындағы кейбір ой мен сөз меруерттеріне зейін аударайықшы:

Уақыт пен заман қамшылап,
Маңдайымнан тұзым тамшылап,
Жығылып-тұрып, сансырап
Жеті қабат ой кешіп,
Жеті дария мұң кешіп,
Тоқсан мың тарау жол кешіп
Бұруға мойын мұршам жоқ,

Бұруға мойын мұршам жоқ

Қол ұшын берер бір жан жоқ.

Ой сәулесі мен сөз жарығы әдемі бір келісім тапқан. Ойшылдық сарын басым. Асқақ рух пен қайсарлықтан құйылған.

Ақындық ой өрнектерін кестелеу барысында Сөздің серкесін, ерекшесін, салиқалысын мейлінше саралап, талғап-тандап шебер қолданады. Шапшағын, оймақтай ғана «Ақын тағдыры» өлеңінде Тұран атынан сөйлеген түрікшіл ақын Мағжан Жұмабаев турасында былайша толғанады:

*Дүрмегін тартып алсаң да
Жүрегін тартып алмассың.
Кәсібін тартып алсаң да
Нәсібін тартып алмассың.*

*Жарығын тартып алсаң да
Дарынын тартып алмассың.*

*Барлығын тартып алсаң да
Тағдырын тартып алмассың!*

Замандар мен ғасырлар бойы ұлтымыздың ұранындай, бойтұмарындай адамгершілік асыл қасиеттері мен ерекшеліктері, кемеңгерлік ғибраттары мен қағидалары болғаны аян. Бұзылмай, өзгермей, мінсіз сақталған, ойдағыдай орындалған, мұқият қорғалған. Міне, осындай тамыры терең толғамдарды, тұжырымдарды әдемі жеткізген «Болғаны жақсы» өлеңіндегі даналық тағылымдарды еске түсірейікші, миға жүгіртейікші:

Ғұмырдың келер шағы бар

Өзіңнен асқан дарынның болғаны жақсы,
Алдымда асқар биігім бар деп айтуға.
Өзіңнен артық сыншының болғаны жақсы,
Мынасы осал, мынасы бар деп айтуға.

Өзіңнен мықты тыңдаушының болғаны жақсы,
Тереңге сүңгіп, ішкіні танып айтуға.
Қияннан талған дананың болғаны жақсы,
Доп басып бірін өлмейтін сөз деп айтуға.

Райхан гүлінің жұпарындай, ақындық дарын-
кабілеттің жемісіндей ішкі қуаты, ішкі логикасы
мығым өлеңінің бірі деп «Алмалы бакты» айтуға
болады.

Жүрегімде өнген бүршікті,
Жүрегіме таудың егін ем

деп бастайды да, күн сәулесінің ізгі шарапаты
арқасында тал шыбықтың бұралып өскенін, ақ
жұпар гүлдердің жайқалып, самал желге сәндене
тербелгенін соншалықты сыр-сезіммен үлбірете
суреттей отырып:

Атпақ күн ақ нұр түзілген
Аралтап жүрді жер бетін.
Жүзінен арай үзілген,

Алмидан көрді келбетін — деп, әдемі ой түйеді.

Тәңірдің күдіретіне, ізгілік пен сұлулық салта-
натына бас иеді.

Ақын Нәзікен Алнамысқызының «Дала пер-
зенті», «Тұлпар дүбір домбыра», «Күн көтерген
мұзбалақ», «Ұлы көш», «Көне Тұранда», «Жыр
Тәңірі» дейтін өлеңдерінің көркемдік кестесі,
ұлттық нәзік пірімдері, тарихшылық сипаттары

© 2010 жылғы 10 ақпанда Алматы қаласындағы «Ақпарат» баспасында басып шығарылды.

айрықша. Ділмар шешендердің сөз саптасы, ой толғауы жадымызда жаңғырады.

«Күрен шетен» жинағында көркемдік шеберліктің жарқын үлгілері молынан ұшырасады. «Құба тал» өленінің шумақтары көңіл-күй толғаныстарына орай сақиналы ұйқасқа құрылған. Әрине, мұның көркемдік қызметі ала-бөтен. Ойды көрікті, ажарлы жеткізудегі формалық ізденістері акындық мәдениетіне, интеллектуалдық әлеуетіне, буырқанған бояулар дүниесіне зор септігін тигізгендей.

*Құбылған керім құба тал,
Құбылған қилы қырың бар,
Тал бойың толы сырың бар,
Құбылған керім құба тал...*

*Мейірге толы құба тал,
Мейірмен гұмыр құралар,
Мейірімен өмір жаңарар
Мейірге толы құба тал.*

Акын Н.Алпамысқызы «Жыр көрігі» деген өленінде:

Поэзия – құпия бір шарайна,
Кең ғарыштан ақтарылған арай ма?! – дейді.

Поэзия табиғаттың, сұлулығын терең түсінгендігінің белгісі. Демек, өлең сөзге ишенің жасуындай кір жұқтырмасына, аялап ардақтайтынына осы серт сөзіндей лебізі айғақ.

«Күмбір-сырлар» аулаған, «зеңгір-жырлар» сомдаған, көкірегінде керемет бір арман толқыған акын бір мезетте:

Құбылған керім қырың бар

Мұңым бар көкке шағатын:
Тағдыр бер даулап жанатын,
Берсең бер асқақ мекенін! – деп, сұңқарша саңқ
етсе, енді бір орайында:
Мың ісім түр бітпеген,
Өз биігін дітпеген.
Парызым көп шашымнан
Дәуірім, арым жүктеген – деп, азаматтық,
акындық парызын мінсіз атқаруға әзір.

Сайып келгенде, акын Нәзікен Алпамысқызының «Күрең шетен» дейтін жыр кітабы шынайы акындықтан туған туынды. Ұлттық сөз өнері дариясына қосылған ерке әуезді кәусар бұлақ іспетті.

Жоғары акындық мәдениет пен көркемдік қабілеттен туған бітімі бөлек, қыран мінезді тегеуірінді жыр - олең өлкесіндегі күрделі құбылыс деуге лайық.

Серік НЕГІМОВ,
әдебиеттанушы ғалым,
ФГД, профессор

ЗЕРДЕЛІ ЖЫРЛАР

Әрбір шынайы, қуатты шығарма оқырман жүрегіне ләззат нұрын құяды. Ал ондай шығарманы дүниеге әкелетін дарын иесінің табиғаты, жалпы болмысы ерекше болары сөзсіз. Бойындағы Жаратушы берген айрықша сезімталдық пен зерделілікті құнарландыра түсетін талғампаздық, көрегенділік, күштарлық, ынтықтық сияқты тағы да көптеген қасиеттер арқылы ол өмір атты құбылыстың әрбір тынысын, адам жанының дірілін, сана санылағындағы сан алуан сапырылыстарын қалт жібермей, өз жүрегінің тезінен өткізуі тиіс.

Салмақты ой иесі, сыршыл жанды ақын Нәзікен Алпамысқызының көркемдік әлемінің құпиялығын, құдіреттілігін терең сезінетіні оның шығармашылығын биіктете, көркейте, тереңдете түседі. Мысалы:

*Өзі тапсын әр ақын өз биігін,
Тас жүректен от кесер сөз жасынын,
Бір ғасырды көтерер бір-ақ тұлға,
Іздеп табар бір-ақ жан ой асылын! – дейді.*

Тағы да:

*Ерке әуездер тебірентіп жер бетін,
Күллі тірлік нұрға бөлеп келбетін,
Поэзия құпия бір шарайна,
Кең ғарыштан ақтарылған арай ма?!*

*Сегіз қырлы сөздер қайда оретін,
Жатынға ортеп саф алтынын беретін.*

Бұл мағам менің жандымамың

Нәзікен А. ШАМЫСҚЫЗЫ

*Жыр көрісі алаулаған шарайна,
Жан тірлігін зерлеп оқу оңай ма?!*

Осылай акын жаны тарышта дедектеп, шарк
ұрып:

Ғарыштың сырын талмадым

Ғұмырлық тозбас тозіммен,

Даналығын Күн мен алманың

Іздеймін енді өзімнен, деп ол Жаратушының
берген дарынын адам өзі ары қарай дамыта түсуі
керек екенін пайымдатады.

Ал Ғарыштың таңдауы кімге бұйырады, ол
қандай сипатқа не тұлға? Бұл сұраққа да Нәзікен
казактың біртуар акық акыны Мұқағали
Мақатаевқа арнаған өлеңінде өзінің тұжырымын
айқын айтқан:

Бір өзіңді таңдапты кең ғарышың,

Хан Тәңірі!

Поэзия ардағысың!

Сен келгенде өнердің бағасы артып,

Көп өлеңнің су татып қалғаны шын.

Өнердегі шынайы бекзаттылық пен
ұстааттылық алдымен ұлттық терең тамыр-
лар мен ұстанымдардан нәр алып, бүгінгі
өмірмен қабысын жатады. Әйтпесе, рух өспейді.
Халқымыздың бүгінгі еркіндікке қол жеткізіп
отырғаны да сол киелі сөз арқылы бойына, ойы-
на ұялаған зор Сенім-Рухтың арқасында скенінде
күмән жоқ. Осыны ұшқыр парасаттылығымен,
перзенттік адал жүрегімен тебірене жеткізген
акын:

Күн астында киесіз жер болмайды,

*Аңызы, сенері жоқ ел болмайды,
Тіршіліктің тұтқасы – Құдірет бар,
Сиынары жоқ елде құн болмайды.
Кәусарына көк шыңдар қанып өскен
Дана халқым –*

*Дараларын ардақтап жыр толғайды, – деп ол
отты көкірегіндегі сол сәулелі ойларды айшықтай
түскен.*

Елдің айбарлылығы да, абзалдығы да, асқақтығы да, бағы да, кемелділігі де ерлерінің ерен келбеті мен тұнба тұлғалылығына байланысты екенін Нәзікен халқымызды әлемге танытқан тарланымыз Мұхтар Әуезовке арнаған мына алдаспан ойлы жырымен жүрекке терең бойлатады:

*Бүгін де осы Бетпақ Далаға
Тортпақ табандылар керек деседі.
Тек шолде шыңдалған шымырлар
Қазақ елінің Ақберен айбар сесі еді.*

«Шөлі бар халық зор халық» деп, Абыз Руми де бекер айтпаған болар кешегі.

Немесе:

*Асау тірлік, асау бақ
Тек жансебіл жұртқа жазыпты.*

Тағы да:

*Бұл даланың тарихы –
Жерін жаттап қорғаған
Хас батырлар тарихы.
Басын тіккен елім деп
Көзсіз ерлік тарихы.*

Сосын:

*Тарихын терген жадында,
Аңызын өрген сағымға... – бұл ішкі жалынға*

оранған жыр шумақтар – елінің мұңымен жүрегі сыздап, халқының тағдырымен егіз, адал да зиялы перзенттің жан ышқынысы. Ал, әрбір акынның жаны әрдайым сан алуан толағай толғаныстарға толы. Жыр салмақтылығын кейде алдаспандай бірнеше жол, немесе бейнелі көркем отты сөз тіркестері көтеріп тұрады. Нәзікеннің де жоғарыдағы шумақтарындағы сондай шымыр ойлы да қуатты теңеулері асыл тастың сынығындай қасиеттілігін таныта түсіп, таңдандырып, тамсандырады да әрбір оқырманның бойындағы қалғып жатқан өрлік рухын оятады. Мысалы: «Төртпек табандылар» – бұл образ бір өзі бүкіл халқымыздың өз жерінде ешкім жеңе алмайтын мықтылығының, барыс жүректі жұртымыздың айбағының, «шөлде шыңдалған шымырлар, казак елінің Акберен айбар сесі елі» деп акын өзі айтып тұрғандай, қаһармандық құдіреттілігін айқындайтын, казак үшін бойтұмар боларлықтай поэтикалық пір – жолдар! Ия, шөлі бар халық – зор, өйткені, өзегі өртеніп, таңдайы кеуіп жүріп, арманына жету үшін, ол жанкештілікпен көзсіз ерлік жасай жүріп, небір адам жаны төзбес қиындықтарды жеңуге ұмтылады, жол іздейді, талпынады. Ал ұмтылу, талпыныс, қозғалыс жігерді шыңдайды, бәрі қосылып Рухты көтереді, сөйтіп, Жеңіс келеді! Бірақ, жеңістен бас айналып, тоғышарлыққа, бойкүйездікке, немқұрайдылыққа салынып кету оңай, сондықтан үлкеннің де, жас ұрпақтың да сана-сезімін әрдайым ата-баба даналығымен, жасампаз, саликалы тәжірибесімен мағыналы өнегесімен нәрлендіріп, адамзаттың озық жетістік-

Бұл шығарманың қалпын сақтап қалдырдым

терімен, бекзат ойлы ақын-жазушыларының, ойшылдарының Сөзімен жан-дүниесін байытып тұру ләзім. Бірақ сол Сөздің киесін өмірдің де, өзінің де, өзгенің де күрделі табиғатына үңіле, жүрегіне бойлай жеткізу қаншалықты қиын екенін әрбір шынайы көркем сөз шығармашылық иесі жақсы біледі. Нәзікен де сол азаптан «екі қолым төбемде шырылдаймын», «сөзге сыймай кей сырлар әурелейді», «тыңнан теңеу тауып көр – бәрі көне», «менін де жаным тартыста жиырма-сыншы ғасырдай», «ащы мен тәтті дәмін кайтіп білмек, жаншылып бұла жүрек талмағасын», деп ақынның сызатты жаны ышқына түседі.

Нәзікен Алпамысқызының жырларының тамыры тереңнен – Шығыс философиясынан, казак архаикалық дүниетанымынан, орыс пен еуропа классиктерінен – нәр алып, олар толыққанды, сындарлы, айқын да абзал көркем ойшылдықпен бапталған құнарлы дүниеге айналғаны сөзсіз. Нәзікен ақынның

Қайсарлық, шыдам қабысып,

Дарын мен дәуір табысып,

Қос дүлдүл қанат қаққанда

Құдіреттеніп кетер тақтан да! – деп тебіренуі әрбір талант өз дәуірінің күретамырының дүрсілін өз жүрегінен өткізіп, замана уақытының талаптарына сай биіктікке жетсе ғана заңғар болатынын ақын шымыр да шұрайлы сезіммен сәтті жеткізген.

Нәзікен ақын сусаған жанының тебіреністерін пайымды оймен сезім кәусарына сүңгітіп алғанда олар жарқырап шыға келеді.

Күңгірт кезін өмірдің,
Сұрғылт кезін сезімнің
Жасынды алау кезеңде
Тасыған асау өзенге
Шайқат-шайқат бір алап ма ем,
Сілкін-сілкін бір алап ма ем!

Бұл ауыртпалықтың, қиналыстың қиын шатқалдарынан шығып, тауқыметтерден құтылып бір жаңарғысы, нұрланғысы келген ақын жанының кеңістікке, жарқын ғұмырға күштарлығының айғағындай жан толғанысы.

Нәзікен Алнамысқызының қоңыр үні сырттай баяу, әуезі де, ырғағы да бірқалыпты сияқты, бірақ оған бойлай бастасаң астарында поэтикалық қуатты нәзімдер, сырлы да сындарлы жан әлемінің орамды оймен өрнектелген әдемі көркемдік үйлесімі жатыр. Жалпы, ойды шашыратпай, ширектірып, бейнелеп түйіндей алу – дарынның ізденісінің үлкен жетістігі. Сезімнің де тізгінін ұстай білу, ағыл-тегіл құя салмай, оны қалыңқа сала отырып, зерделен, алуан түрлі пластикалық бояумен беру – шеберлік. Мұның бәрі шығармашылықпен айналысатын адамнан әрдайым ізденісте жүруді қажет етеді. Өзін рухани байыта білген жан ғана биіктен көріне алады. Осының бәрін жан азабы арқылы, ақындық үшқыр түйсікпен сезінген Нәзікен:

Парасаттың салмағын
Зердесіз пенде білмейді, деп мұңаяды.
Сосын:
Амалың бар ма,
Сөзбен істің арасында,

*Ғасырлық сана,
Дәуірлік салт жатады!* – дейді ол ғасырдан
дәуірлерге ұласып жататын Сана мен Салт
салмағын көбінесе саралай алмайтынымызға
кынжыла күрсініп, бір сәтте төрткүл дүние түгіл
ғарыштық кеңістікті шарлап кететін ақын жаны
жер бетіндегі зұлымдықтардан шошынып, тағат
таба алмаған сәттерде:

Жасыды қоңіл

Ғаламдық ендіктерге де сыймаған, – деп ақын
жаны жабыркаса, бұл қарапайым адамның ама-
лы таусылып, тауы шағылып қалатын сәттердегі
дәрменсіздіктен әлдеқайда күрделі, себебі, ақын
жүрегі ғаламдық сезімдердің антеннасы! Жара-
тушы әрбір шынайы дарын иесіне қиын тағдыр
беретіні де, жаны жаншылмаса, сезімі ұшталмай,
өмірдің парқына жете алмай, пендауилікпен
күнін өткізіп алар дейтін шығар. Нәзікеннің де
жанайқайы жүректі тебіrentпей қоймайды:

*Мен де жүрмін ішінде мың талқының,
Құлазымын сезгенде жан салқынын.
Көкірегімде теспезжел көкпар тартып,
Қалтыраймын шаншудан, мен жалқымын.*

Немесе:

*Қоңілдің бойламаған тереңі бар,
Қиыны, құйынына көнерің бар.*

Тағы да:

*Екі көзім желкемде,
Мүңнан ықтым,
Ой-шырағы сөнген бе
Мүңнан бұқтым.*

Суырттақтап жинап ем

Бар маман маман қыдырған

Барымды айтам.

Білмегенім қинап ең

Зарымды айтам.

Жан шыдатпай шыжғырған

Жалымды айтам.

Адалдық деп шыңғырған

Арымды айтам.

«Екі көзім желкемде» – бұл мірдің оғындай метафора арқылы ақын жүрек айнитындай кейбір пасықтықтан жиіркеніп, соны көргісі келмей, көмейіне запыран кентелгенін қалай қадап айта білген десеңізші! Әрбір шығармашылық иесі өзінің болмысынан, ой өрісінен, көңіл көкжиегінен асып, артық туынды тудыра алмайтыны белгілі. Әр нәрсені көзбен көріп суреттеп бере салу барда, сезімнің алабұртқан құйынының ішінен жасын ойды көңіл көзімен іліп алып, оны құдіретті сөзге айналдыру үшін жанданды-ра, жаңғырта, жалындата бейнелей білу шығармашылықтың шыңы екені бәрімізге мәлім. Ол, әрине, қарымды қабылеттілікке, ұшқыр сезімталдыққа, пайымды парасаттылыққа байланысты. Сағыныш, өкініш сезімін әр дарын өзінше жеткізеді. Ал, Нәзікен ақын:

Көзінен көшкен көңіл жұртын таппы,

Түйіліп сел сезімді қаңтардым мен, – дейді
«Ауылға оралғанда» атты өлеңінде. Осы екі жолға ақын құлазыған туған ауылдың қаңтарылған көңіл күйін көргендегі перзенттің көкірегіндегі аласапыран арпалыс, ұлы мұңын сыйғызып тұрған жоқ па?! Күрделі де әрдайым ізденістегі жан әлемінің

Ең алдымен көңіл мен бар

жарқ етіп ыршып түскен сәулелі ұшқыны осылай көңілді қарпи түседі. Тағы да:

Ұзапты уыз дәурен қоңыраулап,

Тарпыпты тарпаң тірлік омыраулап, – көктен күйылған жыр осылай аллитерацияны асықтай үйіріп, екі жолға бүкіл ғұмырнама сыйғыза алады!

Бұл өмірге кімдер келіп, кімдер кетпеген, барлық көкірегі ашық жанның арманы Рух пен жан бостандығы, ал ондай бостандық жер бетінде, қоғамдасып ғұмыр кешіп жатқан жұмыр бастылар ортасында болуы мүмкін бе? Санасы мен жүрегінде сәулесі бар жан тағдыр тәлкегіне, жауыздыққа, жәбірлікке көне алмай кейбіреуі күреске шығады, енді біреулері күйреп қалады. Ал жан-дүниесі кебірге айналғандар, Нәзікен ақынның мына өлеңіндегідей керенау күйде қала бермек:

Айналаңда жан бар ма

Ғұмырын да, дарынын да, арын да

Бір күлшеге сатпаған?

Намыс та жоқ, ой да жоқ

Кіл зомбилер жүр қаптаған.

Когендеулі жандар қайда жоқ,

Кісілігін жер ғып таптаған.

Қай түрі бар қорлықтың

Жүрегіңе шеге қақпаған?..

Ал, Спартак сынды болар ма

Еркіндіктің ұзынан бір татпаған?!

– Ия, 19-шы ғасырда өмір сүрген француздардың керемет дарын иесі, ақын, драматург Вилье де Лиль-Адан айтқандай «Еркіндік жоқ, тек бәрінен арылу ғана бар» екен. Сондықтан, ілуде біреудің

ғана маңдайына шынайы еркіндіктің уызынан тату бұйыратын болар. Жаны биікте еркін самғай алатын адам ешқашан да залымдыққа бармайды, біреуді қорлауға дайын тұратындар, өздері қорқақ, дүние-мал біткенімен, рухтық сапасы томендер.

Пәзікен Алтамысқызының жырларында айқындалған оның азаматтық, адамдық позициясында кереметтік, күшірлік, менмендік, жылаңқылық сияқты оқырманның көңілін кара түнекке бағыратын пессимизм жоқ. Өзінің жан ышқынысындағы трагизмді ол қазақтың болмысындағыдай ынсаптылықпен, әдеппен, сыр алдырмайтын сұлу торы аттай сырбаздықпен көмкере отырып, метафоралармен, метонимдерді ұтымды қолдану арқылы ой мағынасын калыпты формаға салып, адам жүрегіне шымырлата жеткізе алады. Ал жанын жалаңаштап, жүрегінің жарасынын қанын сорғалатып жадағай жазу мәдениеттілікке жат жәйіп, бұл кімге болса да абырой әнермейтіні хақ. Мұндайда ұлы Гетенің «Шығармашылық дегеніміз шектен шықпау» дегені еске түседі.

Кешіп оту өмірді бәріңе сын,

Ажал жоқта ақ нұрдан да жалызғып, жерінесің.

Бұл сатардан бал жинап, баппен кетсең

Жаңа жұртқа қонғандай көрінесің, – деп өмірдің мәнін терең ұғып, Жаратушының жер бетіне жіберген қағидаларынан ауытқымай өмір сүре алған, бойындағы қазақи қасиетін қастерлей білген жан ғана осылайша ұлтының салихалы фәлсафасын салмақтап, өзіндік сыршыл сезім пірімдері мол поэтикалық тебіреніс туғызады.

Алатау бөктерінде, заңғарлықтың қасиетіне тамсанып, бұла өскен Нәзікен ақынның бүкіл болмыс бітімінде көкке құштарлық пен еркін рух бар. Биіктегі тасты жарып өскен күрең шетеннің қайсарлығы мен өршіл сымбаты, өміршендігі ақынның өзінің табиғатына етене жақын, өзімен тағдырлас екені оның «Күрең шетен» атты жырында керемет бейнеленген:

*Шетенім, жансырласым!
Биікке шақырсаң сен, тағдырласым,
Жүрегім ұяласын заңғар басын.
Тоқырап орта жолда жүрген жан ем,
Құлазып енді жүрек дағдармасын.
Көңілім жетімсіреп ұмтылғанда
Тауға кеп жұбанамын мұң тұнғанда.
Бір бастың көңіл кірі бұйым боп па
Жарқырап аспанымда күн тұрғанда!
Бұл тірлік қаңтарылып қалмас тұрып
Бір ұрнақ бір ұрнақты алмастырып.
Өмірдің өрмегінен үзілмесін
Адамның асқақ рухын жалғастырып!*

Ня, шынайы дарын өз деңгейін өзі біледі. Осындай өрелі ой мен сезім қуаты бойын кернеген Нәзікен ақынның ұлағатты, уытты жырлары Құс жолындай адамзат аспанында жарқырай беретініне сеніміміз мол.

Жадыра ДӘРІБАЕВА,
ақын

(«Қазақ әдебиеті», 20 тамыз 2010 ж.)

МЕНІҢ ДЕ ЖАНЫМ ТАРТЫСТА...

Жалпы алғанда муза дейтін әлемге, өлең деген өңірге жай ғана жайдақ құмарлықпен емес, дайын акын күйінде келу керек секілді. Секілді емес-ау, ол солай болуға тиіс те. Келіспесеңіз менімен емес, Абаймен Абай акынмен айтысыңыз. «Жаза-жаза акын болдык» дейтіндер өз өтірігіне алдымен өзі алданған Қожанасырдан бір мысқал да кем емес. Ондайлар акын емес, өз шатпағының ең белсенді оқырманы ғана. Өкінішке орай, қазақ поэзиясының көк майсасын әрлі-берлі таптап жүрген жалаңаяқ «акындар» әлі де бар. Бір қызығы, ондайлар баспасөзден түспейді, түскісі де жоқ.

Жә, сонымен,

Ми-жүрек тынбай қайтауда,

Тек сауат талмай сүзгенім.

Сүбелі ойды байлауда

Сүбелі сөзді іздедім. - деумен поэзияға 80-інші жылдары келген бір акын бар. Аракідік баспасөз бетінде жарияланғаны болмаса, бұл акынды көшілік біле бермеуі мүмкін.

Қатерден қорқып бұқсам да,

Қайғыдан қажып ықсам да,

Құштармын, Омір, өзіңе

Қоңілді талтай жықсаң да.

Не сынан мойып, жасымай,

Күн кешіп жүрмін осындай.

*Менің де жаным тартыста
Жиырмасыншы ғасырдай!*

Ашу да жоқ, аса бір налу да жоқ бұл өлеңнің сіз бен бізге ұнамауы мүмкін емес. Акынның бәрі ұраншыл, айқайшыл болса поэзия патшалығын кім қорғар еді? Бұл өлең біз үшін сонысымен қымбат. Жылай-жылай өзінің де, өлеңнің де көз жасын тауысқан «жылаңқы» акындар үшін бұл да бір сабақ.

*Мың өтірік жаншиды
Бір шындықты,
Мың қаясест жаншиды
Сыр-сандықты.
Шыдай алмай жалғанға
Шынымды айтам.
Котере алмай салмағын
Сырымды айтам.*

«Мұңымды айтам» деп, жылап берсе қайтер едік? Жоқ, бұл акын оқырманды бояуы оңған мұздауық мұңмен (өтірік мұңмен) алдай алмайды екен. Бар-жоғы «шынын айтады, сырын айтады». Өлең сонысымен өтімді сияқты.

Жалпы, біздің әдебиет сыншылары өлеңге жеке шумақтар мен шымыр ұйқастарға, сұлу тіркестерге байланысты баға беріп жатады. Тұтастай өлеңнің мазмұнын, айтпақ ойы мен оны жеткізу тәсілдерін жаңқалап, жіліктеп, талдап беруге «кұлықсыз». Біздің әңгімемізге өзек болып, өлеңімен әсерге бөлеп «тіл қышытып» отырған бұл акынға дәл сондай «подход» керек.

Бұл акынның пышақтың қырындай ғана

Нәзікен АЛНАМЫСҚЫЗЫ

«Шырағдан» атты кітабы бар. «Жүз айтқаннан, бір көрген жақсы» дейді. Қолдарыңызға түссе оқи жүріңіздер. Балкім, мен жалған айтқан шығармын.

Біресе, сөзім жетпей,

Біресе, тозім жетпей,

Бір айта алмай жүрмін барымды.

Демек, оның айтары алда. Акын - Нәзікен Алнамысқызы сондай акын, айтарын айта алмай жүрген акын. Айтады әлі...

Жарас СӘРСЕК, акын
(«Жас алаш», 15 қаңтар 1998 ж.)



Бұрынғы келгені маған жақ

АҚЫН ТУРАЛЫ БІРЕР СӨЗ

Нәзікен АЛПАМЫСҚЫЗЫ – көп жылдан бері жас мамандарды тәрбиелеумен айналысып келе жатқан ұстаз-доцент, ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Қарлығаш» және «Шырағдан» өлең кітаптарының авторы, Жамбыл атындағы халықаралық сыйлықтың иегері, акындар мүшәйрасының екі дүркін жүлдегері.

Оның өлеңдері ой мен сезімге тұнған. Нәзікен заман мен қоғам, адам мен табиғаттың тұңғыық тереңіне, ішкі иірімдеріне өзінше үңіліп, ерекше байлам жасай білетін өзіндік қолтаңбасы бар ақын.

*Сайраш Әбішқызы,
қоғам қайраткері, журналист
(«Қазақстан мектебі» ж-лы, 1999, № 9)*



XV

*Ақын Нәзікен
Атнамысқызының
«Жарқырап аспанымда
күн тұрғанда»
жынағының
Қазақстан Жазушылар
одағының
поэзия кеңесінде
талқылануы*



Оразақын АСҚАР:

Нәзікен Алпамысқызы ҚазМу-де, экономика факультетінде оқып жүргеннің өзінде де ақын-жазушылармен араласып жүретін. Әдебиетті жақсы көретін, кейін аспирантураны бітірді. Әңгімелескенде байқаймыз – әңгімешіл, шешен, көп білетін кісі. Білімді кісінің өлең жазғаны өте жақсы болады. Үш кітабы шықты. Алғашқы кітабына алғысөз жазғанмын, «Жетісу» газетіне мақала жаздым, оның бәрі жинақталып соңғы кітапқа басылыпты. Үшінші кітабы шықты. Ақынның шын бағасы кітабының аз-көп шыққанына байланысты емес, өлеңінің адам ойында қалатындығына байланысты. Ата-анасына жазылған өлеңдері де, Мұқағалиға арнаған «Сен келген соң көп өлең су татып қалды» деген сөздері есімде қатты сақталыпты. Ол Мұқағалиға берілген жоғары баға болды. Одан кейін бір үлкен жиналыста болғанымызда көрнекті – әдебиет танышы Мүсілім Базарбаев, Нәзікеннің ең алғашқы кітабын оқып, соған айтқан жақсы пікірін естіген едім. Өлеңдері қысқа, ойлы, философиялы болып келеді. Өлеңнің есте қалғаны жақсы жетістік деп ойлаймын. Нәзікен қазақ поэзиясына өзге саладан келіп үлкен үлес қосып жүрген қыздарымыздың бірі. Әдебиетші қауым біздің ортамызға осындай ақынның қосылғанына қуанамыз.

Бар маған келер ынбырдың

Әлия БӨПЕЖАНОВА:

Талантты болу бір бөлек оны таныту өзінше бір бөлек сол тұрғыдан бұл шара өте үлкен шара деп есептеймін. Нәзікелі Алнамысқызының шығармашылығын көзіқарақты қауым жақсы біледі. Бұған дейін де үлкен сыншылар әдебиетшілер өз жоғары бағаларын берген. Әр нәрсе адамның өз табиғатына жақын, өз табиғатынан шығып жазады. Нәзікелі акын

өте білімді, оның жырлары тек құлаққа емес, мыйна салмақ салатын өте жақсы жырлар. Бұл жерде бір ғана «Дала перзенті» деген өлеңін алсаңыз, сонда бүкіл Нәзікелі акынның болмысы тұр. Аманхан өте жақсы айтты. Нәзікелі акын жараулар поэзиясын бүгінгі заманға сай жаңыртқан, поэзияда құрылымдық өзгерістер жасаған акын. Кез келген өлеңін оқып отырып, оны интеллектуалдық поэзия деп есептеймін. Сөзімі де көңілі де жаны да ләк төгіліп жатпайды. «Сырымды айтам...» деген өлеңін қарасаңыз да өз биігінен жазады. Аяқталуы да өте шынайы «...Көтере алмай салмаған сырымды айтам...» Акынның жырларының барлығы осындай болып келеді. Нәзікелі акын туралы үлкен әңгіме айтылатын кезі келді деп есептеймін. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арнайы қазақ поэзиясының параметрлерін анықтауымыз керек. Тәуелсіздіктен кейін танылған акын деп есептеймін. Сіз туралы Алла жазса жазам деп ойлаймын. Интеллектуалды акындардың өлеңдерінде под текет (қыртыс) көп болады. Оның әр біреуінде терең білім, тарих жатады. Сіз де өте қыртысты акынсыз. Сіз қазақ поэзиясына жанашырлық әкелген акынсыз.

Бұл кітаптың келесі шығармасы

Рафаэль НИЯЗБЕКОВ:

Өлең мұннан, шерден туады. Мұны жоқ адам адам емес секілді. Ақында ол екі есе, он есе, жүз есе көп болады. Сондықтан әр ақынның өз аспаны, өз көгі, өз биігі болады. Биігі жоқ ақын ақын емес. Нәзікен өз аскары бар, өз биігі бар ақын. Мысалы, озған ел тарихын таспен жазады, тозған ел тарихын жаспен жазады.

*«Дүрмегін тартып алсаң да,
жүрегін тартып алмассың.
Кәсібін тартып алсаң да,
Нәсібін тартып алмассың.
Жарығын тартып алсаң да
Дарынын тартып алмассың.
Барлығын тартып алсаң да,
Тағдырын тартып алмассың».*

Осы өлең Мағжанға арналғанымен казак халқының тарихына келіп тұр. Қоғам Мағжаннан барлығын тартып алғанмен жүрегін, сезімін, тағдырын, талантын тартып ала алмады. Нәзікен басқа өлең жазбаса да осы өлеңімен тарихта қалады ғой деп ойлаймын. Ендігі бір өлеңі «Тасқа түскен таңбалар» бүкіл казактың тарихы тасқа қашалған.

*«Мың жылдық қолтаңбалар
Ғажан қой жан таңқатар.
Сөйбейтін сезім де едің
Тозбайтын төзім бе едің
Мың жылдық із қалдырған,
Алмастың жүзі ме едің
Өміпейтін із қалдырған.*

Дәуірдің өзі ме едің», – дейді. Халықтың бүкіл өмірі, ғұмыры тасқа қашалып қалған. Ақын осындай өлеңдерімен ұнайды. Жаксы өлең сезімі таза адамдардан туады. Сезімді, адамның жан дүниесін жырлаған ақынның ғұмыры ұзақ болады деп ойлаймын.

Әбубәкір ҚАЙРАН:

Менің ойымша, бұл бас косудың ерекшелігінің өзі Нәзікен апамен байланысты. 1990 жылдары бұл кісіні оқи бастадым, шынымды айтсам жас екен деп ойладым. Қазақта акын әйелдер аз. Солардың ішіндегі ең бір ерекше акын осы Нәзікен Ашамысқызы.

Өлеңдеріндегі ерекшелік болмысының бөлектігін көрсетеді. Мен бұл кісінің өлеңдеріне сүйсінгенім соншалық, еліктен кеткен кездерім де болды. Өйткені қыз акындардың көбі нәзік, өз жүрегін көрсеткісі келіп жатады. Ал бұл кісінің табиғатында ерлік те бар, орлік те, шешендік те бар. Өлең деген мен мынаны былай аяқтайын, былай бастайын дегеннен тұмайды ғой, ол шын мәнісінде жүректен төгіледі. Мен бұл кісінің өлеңдерінен бірде-бір жасандылық байқаған жоқпын. Акындар неге жақсы акын, күшті акын деп бөлінеді. Өйткені ол оның өлең жазу үстіндегі табиғатына байланысты. Адамның Құдай берген өз табиғаты болады және өлең жазу үстіндегі акынның табиғаты бар. Ол адамның болмысына байланысты. Қолымыздағы мына жинақтағы өлеңдерді бірінен-бірін бөле жара алмайсың – осы күйінде біртұтастас әлем. Нәзікен әлемі. Нәзікен апайдың жүрегіннің отының маздаудан танбайтыны, қызуының бәсеңдемейтіні өлеңдерінен көрініп тұрады.

«Екі көзім жеткемде

Мүңнан ықтым

Ой шырағы сөнген бе,

Мыңнан бұқтым

Мен айтар ем, апай, сіздің ой шырағыңыз жақырап тұр, жылдан жылға жарқырай берсін!



Тұманбай МОЛДАҒАЛИЕВ:

Жазушылық пен ақындық деген үлкен мейірім. Нәзікен, сен шын мәніндегі үлкен ақынсың. Саған айтылып жатқан халықтың пікірі – ол жырдарына беріліп жатқан баға. Нәзікенді мен, Халықаралық «Алаш» сыйлығына ұсынамын. Бақытты бол. Жазушылық пен ақындық деген мейірім. Біреуді жек көрсең жазушы емессің.



Ең алдымен келген шаған бар

Аманхан ӘЛІМҰЛЫ:

*Ақ носерлі жаз да өтті, күз келді,
Қара суық үмітті үзбөк енді.
Тасырқадым тас тіліп табанымды,
Құлазымды келместі іздеп енді.*

Бұл Нәзікен Алнамысқызының «Ғұмырлық-мұң» атты өлеңінен алынған шумақ. Маған осындағы «келместі іздеген» акын табиғаты ұнайды. Өйткені, Нәзікен акынды былай қойғанда, жалпы қазақ жоқ іздеген ұлтпыз. Біздің «Құдайдан үмітім бар» деуіміздің сыры сонда. Нәзікен акын соны басшылыққа алған. Бұл өлеңде оның өзгені ойлап емес, соның мұңын көтеру арқылы келместі іздеуі акындық бағылдық дер едім.

Жалпы, Нәзікен акында тосындық көп. Енді ол бір өлеңінде:

*Күнге ұаштылып, тәжінде нұр бапқыған,
Сауат тастап ғаламға мен толқыған,
Әрбір жаншын өзіндік тағдыр жолы,
Әркім тозар өзінше әр талқыдан.*

Міне, осындағы, яғни өлең шумағындағы соңғы жол маған ұнайды. Шынында да кім қалай тозбасын, ол «өзінше әр талқыдан тозады». Яғни, осының өзі де бақын деген сөз. Нәзікен акын бұл тұста қалыпты, таптырауын жолмен емес, өзіндік акын тағдырымен кейіпкер тағдырына араласады.

Жалпы, Нәзікен Алнамысқызы қазақтың жыраулық үлгісін жақсы меңгерген акын. Ол әрине уақыт талабымен суарылған. Сондай өлеңнің бір көрінісі «Дөңгеленген дүние» жыры. (Кітаптың 37-ші бетінде).

Содан соңғы мені тағы бір риза еткен жағдай, акын жырларындағы философиялық түйіндер. Оған мысал Нәзікен акынның «Егіз дүние» жыры. Онда акын Өмір мен Өлімді егіз дүние санайды.

Бұл өлеңдегі келме мен тосындық

Шындығында солай. Егер, біз өмірді қаншалықты жақсы көрсек, басқа салды өлімді де соншалықты жатсынбауға тиіспіз. Өйткені, өлім хақ. Оның адамға бір келері ақиқат. Оны ешкімде аттап өте алмаған. Мұны мойындаудың өзі ақындық батылдык. Нәзікен ақынның:

*Тек пенденің аты сол пенде екен,
Пенделігін білетінде кемде-кем.
Түңілмейік ғаламның өз заңынан,
Жұлдыздың да ағып түсуі демде екен.
Ал, Өмір мен Өлім
Ұлы құбылыстар емес пе еді
Теңбе-тең! – деуінің сыры да сонда.*

Мен осы бір шағын сөзімде Нәзікен Алпамысқызының бір-екі жағына тоқталдым. Жалпы, бұл ақын өз творчествосына жан-жақты келуді қалайтын қаламгер екендігін ішім сезеді. Әрине, Нәзікен Алпамысқызы поэзиясында кемшілік жоқ десек қателесеміз, оны жөндеу ақын талантының ізденістен тұратын тұсы. Сондықтан да, мен Нәзікен Алпамысқызы ақынның жан сыры – олеңдеріне сенемін.

Жұлдыздың келері менен бар

Зайда ЕЛҒОНДИНОВА:

Қазақтың белгілі ақыны Нәзікен Алпамысқызының «Жарқырап аспанымда күн тұрғанда» деген жыр кітабы он алты бөлімнен тұрады. Он бес бөлімге әр жылдарда жазылған әр түрлі тақыраптағы өлеңдер топтастырылған. Ал, он алтыншы бөлімге ақын туралы қазақ зиялыларының айтқан шынайы пікірлері топтастырылыпты.

Нәзікен ақынның әлемі ерекше астарлы әлем. Нәзікеннің жыр кітабын оқып отырып, сан түрлі ойларға каласың. Ғажайып бір әлемге енесің. Ақынның стилі мен қалам қарымы жыр кітабында ерекше танылады. Және ақын әлемінің тылсымдығы таңқалдырады.

Талантты ақын Нәзікен Алпамысқызының өзі қандай әдемі болса, қаламынан туған жырлары да сұңғыла сұлулықты мезгейді. Сонымен қатар, жанын толғандырған әрбір оқиғаны ақын әдемі бір әсемдікке бөлеп, күншұғыласындай, адам жанына нәр беретіндей етін халыққа ұсынады. Тіпті жан-жүрегін ауыртқан сәттерді де ұстамдылықпен береді.

*Жан ауыртқан сезімсіз дертің басым,
Сылып түсті ұрттап ем шер тұнбасын.
(85бет.)*

*Өмірден,
Өнер, дастаннан
Әйелді алып тастаңдар,
Не қалар сонда, не болар...
Сахара орнап, жан солар...*

(«Әйел патшалығы», 67 бет) – деп қазақ поэзиясында айтыла бермейтін жаңа да бір тың ой қозғайды. Бұл өлең жолдары кімді болса да

толғандырады хақ. Ақын жанының сезімталдығы да, тереңдігі де осы өлеңнен көрініп тұр.

– Көк зеңгір,

Қасиеттім, көк Құмбелім,

Мұзарттар патшалығы-тектім менің,

Кеудемде озиң берген екпін, сенім.

Қар кештім, тік шатқалың, өттім белің,

Төтеп мен тұлпар тұяқ төтемеске,

Мұзбалақ,

Мекеніңе жеттім сенің! (54 бет).

Осы өлеңінде ақын өзінің ақындық тағдырын суреттеп тұрғандай. «Әке сенімі» деген өлеңінде:

– Қаршадай қызға

Әкелік мейір сыйлап ең,

Түсірмей бөрік басымнан,

Қыз жолын маған қимап ең.

Ұлтылып жоққа жасымнан,

Тар үйге мен де симап ем! – деп жырлайды.

Сөйтеді де:

– Он ұлды қойып, бір қыздың,

Нарызын да өтей алмадым, (53 бет) – деп өз тағдырына әрі налып, әрі шын жүрегімен әке бейнесін көз алдына елестетеді.

«Әке арманы» деген өлеңінде:

– Бар үміт, арманыңда маған артып,

Тағушы ең киелі үкі айдарыма, (52 бет) – дейді.

Иә, Нәзікен Алпамысқызымен бірге, айдарына таққан үкісі желбіреген әрі батыл, әрі шыншыл, әрі нәзік бұрын-соңды қазақ поэзиясында кездесе бермейтін ерекше жыр толғаулары келді. Мұндай мысалдарды кітаптың өң бойынан келтіре беруге болар еді, әрине. Бірақ, біз бұл жерде сыршыл ақын Нәзікен Алпамысқызымен сырластық. Жыр кітабының аты айтып тұрғандай, күн сәулелі жырларын оқып, жанымыз жадырады. Бұл күнде өмір өріне шыққан азамат ақын Нәзікен

Алпамысқызының «Жарқырап аспанымда күн тұрғанда» деген жыр жинағы терең парасатқа толы сырлы да шуақты кітап. Оқырманын бейжай қалдырмайды. Бұл кітап қандай да бір марапатқа лайық деп ойлаймын. Ақын өмір бойы күн шұғыласынан тізген моншақтай жыр жолдарын жүрегінің мәңгі үзілмес алтын жібіне сабақтап, асыл алқадай халқының мойнына тақты. Ендеше, жыр сарбазы талантты ақын Нәзікен Алпамысқызының да өнер өріндегі биігі қаламгер қауымының жылы пікіріне, шынайы бағасына лайық.

Қазақтың ақын қыздары санаулы ғана. Әрқайсының өз үні, өзінің шығар биігі бар. Бір-біріне әсте де ұқсамайды. Бұл бір жұлдыз шоғыры дерлік. Сол жұлдыз шоғырына жаңа бір сәулелі жырлар жарқырап қосылды. Ендеше, Нәзеке, шықан биігіңіз де, алда шығатын биіктеріңіз де Сіз жырлаған «Құмбелдің» текті шыңдарындай алыстан көз тарта берсін!

Құмбелдің көңелі мәңгі бар

Жанарбек ӘШІМЖАН:

Тұмаған айтқан ұсыныстарды біз секретариатқа береміз. Ал Нәзікен апайға қатысты айтарым – 1999 жылы бір топ жас жігіттер апайды ортаға алып, киелі Абай топырағына Қарауылға, Бөріліге, Жидебайға барып қайтқан едік. Сонда Қарауылда халықтың алдында көптеген өлеңдер оқылды. Нәзікен апай «Дала перзенті» деген өлеңін оқыған. Жас акындар, студенттер апайды сол кезде таныды. 1990 жылдардан бері қарай танылды деп айтып жатырсыздар. Мен өз басым Жәркен Бөдешұлы мен Нәзікен апайға қатты қайран қалдым, себебі өмірде Жәркен аға бұйығы жүрсе де, тәуелсіздік алған соң ақтарылып, төгіліп бірден танылды. Сол секілді Нәзікен апамыз да экономика саласында да, өлеңде де өз орнын тапқан үлкен азамат. Біздің қатарластар Нәзікен акын шығармашылығына үлкен құрметпен қарайды. Осы жиында айтылған пікірлердің бірінде «эпикалық тынысты акын» деген сөз айтылып қалған. Шын мәнінде біз – жастар апайдың өлеңдерінен эпикалық сарынды өте жақсы сезінеміз. Жуырда «Жұлдыз» журналына Әубәкір ағаның Кенесары туралы поэмасы шықты. Эпикалық сарын дегеніміз осы. Ал өлеңдегі эпикалық сарын Нәзікен апамызда бар. Шығармашылығыңыз арта берсін, халыққа жете берсін.

Қалихан ЫСҚАҚ:

Поэзияға анализ жасау, поэзияға сын айту өте қиын. Мен осы уақытқа дейін Аймауытовтың Мағжан Жұмабаев туралы екі лекциясынан басқаны сүйсініп оқығаным жоқ. Қазір ақынның бір-екі өлеңін алады да, мысалға дейді-дағы кете береді. Ол неге? Өйткені поэзияның қара жаяу талдауға келмейтін сиқыры бар. Қазақ үшін поэзия ерекше құбылыс. Ондай құбылыс ешбір халықта жоқ. Басқа жұртты қаншалықты аспанға апарып қондырғанымызбен, олар қазақтың поэзиясының шылауына да ілесіп алмайды. Мен шын ойым осы. Аманхан үндестік дыбыс деген нәрсені дұрыс айтты. Бұны ғылыми түрде аллитерация, ассонанс деп жүрміз ғой. Ол біздің ауыз әдебиетінде, со-сын жырауларда өте көп. Мұның екі себебі бар, біреуі төкпелікті, екіншісі өлең құрастыруға оңай тәсіл. Бір жағы оңай, бір жағы қиыны бар. Мен бір үлгісін айтып көрейін Шәкір Әбеневтан естіп едім, бірақ оның аржағында кімнен тарағанын білмеймін. «Айналдым ақ жүзіңнен айдан аппақ, Ауылыңнан кете алмадым айналақтап, Арма-ным жоқ тіл тарпай кетсем дағы... Ақ төсіңе бір шықсам тайғанақтап» дейді. Образ өз алдына мұндағы дыбыстың үндестігі қандай. Нәзікеннің өлеңдерінде осындай дыбыс үндестігінің кезде-суі нені танытады. Ол оның көп білетіндігін аңғартады. Арғыны да біледі, бергіні де біледі. Жырауды да біледі, жыршыны да біледі.

Мен бұл кісіні алғаш рет Асқар мен Төлеген Тоқбергеновтың төңірегінде көріп едім. Асқарды да Төлегенді де жағалап жүретін адамдар, те-гін адамдар емес. Білімділікті де, кісілік-ті де көрсететін, адамның мінезіне де байла-нысты нәрселер. Сондықтан мен бұл кісімен қалжыңдасып, әзілдесіп, әңгімелескен емеспін.

Асқан білімі бар екенін сезіп едім. Мен Нәзікеннің қай ЖОО-да оқығанын, Мәскеуде оқу бітіргендігін білмейтінмін, бірақ ол кісіні әлі күнге дейін сыйлаймын. Өлеңі арқылы сыйлап келемін. Жыр кітабын түгел қарап шықтым, осында бос жүрген, қанжығаға бос байлай салған дүние жоқ. Бәрі тығыз, ой тастайтын жырлар. Мұңсыз адам ойсыз, ойсыз адамның айтарға сөзі жоқ. Атақты адамдар деп біреулерден интервью алып жатады. Солардың сөзі быдық, не айтып не қойғанын білмейді. Демек оларда ой жоқ. Фактурасы бар әртістер бар, ішінде кебектен басқа дым да жоқ. Ақындықтың өзі қазақта ерекше бағаланатын дүние. Мен поэзияны прозамен қатар, орысша айтқанда «бір арбаға» жекпес едім. Өйткені поэзияның аты тартып кетеді. Поэзияға прозадан алатын нәрсе көп. Ақынға ой салатын көп нәрсе бар. Ал ақынның бір шумағынан бір роман жазуға болатын тұстар бар.

Нәзікеннің кітабы өз алдына күнделікті баспасөзге беретін өлеңдері де бір төбе. Бұл кісі алдымен сүзгіден өткізіп алып баспасөзге беретіндей болып көрінеді. Бұл кісінің өлеңдерін көп адам оқуы мүмкін, бірақ интеллектісі төмен адамдар түсіне бермейді. Қазақ поэзиясындағы қыз ақындардың ішінде әдебиетке мінезінің ибалылығынан, мінезінің кішілігінен кеш келіп отыр. Егер баяғы 60-70 жылдарда күнделікті баспасөздерде шыға берген болса, Нәзікеннің атағы бүгінде дүркіреп кетер еді. Бірақ ақындық атаққа байланысты нәрсе емес. Атақ ол әдемі шапан сияқты. Әдемі шапанның жылуы бола ма ол беймәлім. Нәзікеннің поэзиясында өзге қыз ақындардың өлеңдеріне тән мұң жоқ. Адамзатқа тән ұлтым деген мұң жатыр. Сондықтан, Нәке, өлеңіңді сен осыдан арзандатпа.

Қызылорда қызылорда қызылорда

Болат ШАРАХЫМБАЙ:

Нәзікен апайдың өлеңдерін оқысаңыз адамға жігер береді. Рухтанасыз, ерлік жасағыңыз келеді. Батырлыққа үндейді. Өлеңдерінде ерлікке үндейтін сарын бар. Поэзиядан өзін іздейді. Менің білуімше, бұл кісі тауды өте жақсы көреді. Биіктікке жаны құмар өлеңдерінде осы тауға деген ерекше сезім байқалады. Биіктен көрінгісі келеді. Күнделікті күйбеннен гөрі терең мағынадағы биік тақырыптарға барады. Менің қысқаша айтарым осы.



Бұл өлеңдерді қалай шығардым?

Сәкен ИМАНАСОВ:

Абайдың «Сенбе жұртқа тұрса да қанша мактап...» деген сөзі бар ғой. Саған айтылған осынша мактаулардың ішінен өзіңе керегін ғана ал. Мұнда жиналғандар саған таза ықылас пейілін білдіріп жатыр, солардың ішінен өзіңнің көкірегің түйіп алған тұсы бар шығар. Мен өлеңде де, өмірде де өтірік айтқанды ұнатпайтын адаммын. Сенің өлеңдеріңді осы күнге дейін үзбей оқып жүрдім десем, Құдайдың алдында да, сенің алдың да да өтірік болады. Сен жаңа шыққан кітабыңыда сыйлағаннан кейін оқып шықтым, сын көзбен қарап оқыдым. Шынында да қазір саған айтылып жатқан сөздер өтірік емес екен.

Бұл кітапта поэзияға керек компоненттердің бәрі бар. Әйелге тән нәзіктік те, азаматқа тән асқақтық та, ақынға тән адуындылық та, ішкі бір қызулар да, жан азабы – барлығы бар. Менің бір байқағаным, өте ізденгіш адам екенсің және іздегенінді таба білгенсің, кейбіреулер ғұмыр бойы іздеп ештеңе таппайды. Шын мәнінінде комақты дүние тындырған екенсің. Мына жиналған жұрттың пікірлері рух беріп, тағы да әлемі жырлар дүнеге келеді деп сенемін. Әйел ақындарда мұң көп болады деп айтып жатыр ғой. Қазақтың әдебиетін өзіңіз білесіз—Мәриям, Тұрсынхан, Қанипа Бұғыбаева апаларамыз секілді, бүгінгі көзі тірі жүрген Фариза, Күләш, Қатира Жәленова, Ханбибі секілді Гүлнар Салықбаеваға дейін, қазақ поэзиясында әйел адамдардың үлкен шоғыры бар. Сен мына кітабыңмен сол шоғырдың үлкен жұлдызы болып жандың деп ойлаймын. Мәңгі жана бер.



XVI

**ҰЛТТЫҚ СӨЗ
ДАРИЯСЫНА
ҚОСЫЛҒАН
ЕРКЕ ӘУЕЗДІ
КӘУСАР
БҰЛАК**

*Ақын
Нәзікен Алпамысқызының
Шығармашылығы
туралы ой-пікірлер*



Хамит Ерғалиев:

Алпамысова Нәзікен деген қыздың әрқайсысы нақыл сөз боп ауыздан ауызға тарап кеткелі тұрған ғибратты бірқакпайлары секілді таңдай қаға тамсандыратын дүниелер болды.

Мүсілім Базарбаев:

Нәзікеннің ақындық таланты ерекше, өзгеше, сөздері соны. Сондықтан ол қазақ поэзиясының сәнін де, мәнін де байытатын ақын!

Қадыр Мырза-Әлі:

Нәзікеннің поэзиясы – ой-сезімнің қаймағы.
«Адам рухы шындалған әр кезеңнің
Өз бұғауы, кісені, шынжыры бар,» – деп тек үлкен ақын ғана айта алады».

Тұманбай Молдағалиев:

Нәзікен шын мәніндегі үлкен ақын. Оның шығармашылығы туралы айтылған толымды пікірлер – оған берілген баға.

Герольд Бельгер:

Для определения ее поэзии я бы употребил такие слова-ориентиры, как нежность, аристократизм, диалектика души и жизнелюбие. Вообще у Назикен изысканный, в высокой степени окультуренный метафорический язык... Лексика, миропонимание, мировосприятие ее философичны!

Зейнолла Серікқалиұлы:

Қазақтың таңдаулы азамат қыздарының бірі Нәзікенге – жыр көгінде ақындық, адамгершілік жүрегің шалғайдан шалынып, жылуы жалпак Еліңе шипа болғай деймін.

Ең алғашқы келген шәкірт бағ.

Әбдіхамит Нарымбетов:

«Күрен шетен» атты жинағын оқығанда көңілге оралатын сенімді түйін: Нәзікен Алпамысқызы – өлеңді шұбалтпай қысқа, теп-тегіс, жұп-жұмыр етіп жазатын, ешбір әбден қалыптасқан, өресі биік акын.

Қалихан Ысқақ:

Акынның бір шумағынан бір роман жазатын тұстары бар. Өлеңдерін көп адам оқуы мүмкін, бірақ толық қабылдау үшін жоғары интеллект керек.

Жарылқасын Аманұлы:

Халқымыздың гажайып акын қызы, батыр қызы Нәзікенге шағылмайтын шабыт, қанжардай қаламың жарқылдай берсін деп тілеймін.

Сәтімжан Санбаев:

Нәзікен Алпамысқызы относится к числу таких художников, которые создают духовные ценности целой нации.

Бек Тоғысбаев:

Нәзікен Алпамысқызы барлық дерлік өлеңінде образбен ойлайтын, бейнелі сөздер, ұтқыр теңеулер таба алатын акын екенін аңғартады. Тағы бір қызықтыратын жағы – байлауға тұрмайтын асау сезімі, өмірге деген іңкәр жүрек лүпілі. Бұл акын ағаулыға ең қажет қасиет.

Сәкен Иманасов:

Нәзікен жырларында поэзияға керек компоненттердің бәрі бар. Әйелге тән нәзіктік те, азаматқа тән аскактық та, акынға тән адуындық та, ішкі бір қызулар да, жан азабы барлығы бар. Қазақ

Бұл кітаптың авторы: Аманжол

поэзиясында әйел адамдардың үлкен шоғыры бар. Сен мына кітабыңмен сол шоғырдың үлкен жұлдызы болып жандың.

Әуезхан Қодар:

Нәзікен аз уақытта өзін тұңғық терең лирик ретінде, сонау скиф пен сақ дәуірінен үн қатқан текті Томиристей нәзіктігі мен өрлігі бірдей өрілген дара тұлға ретінде көрсете білді.

Фарид Байгельдинов:

Назикен – непревзойденный мастер казахской поэзии.

Қожабек Ахметов:

«Мақтанышым, асылымның – сынығы,
Сені көріп лай көңілім тұныды.
Шешендердің, көсемдердің ұрығы
Сені көрсем көргендеймін ұлыны».

Рәбиға Сыздық:

«Қазақ сөзінің күдіретін де, сырын да, сиқырын да ғажап танитын Нәзікенге – сол сөздердің тарихын әңгімелеген автордан».

Күләш АХМЕТОВА

ПАРАСАТ СӘУЛЕСІ

Нәзікен ақынға

Қауызын қызғалдақ гүл лаулап ашып,
Қиялы қырқалардан аулақ асып,
Қарайтын заңғарлардың биігіне
Жас ару жан-тәнімен тауға ғашық.

Назары Нәзікеннің асқарға ауды.
Аңсады қайнар бұлақ бастауларды.
Сапаға мәйек іздеп Мәскеу барды.
Үйренді шегінбеуді, жасқанбауды.

Зерделеп түйсінгенді, есіткенді,
Сағынын самал белді бесікті, елді,
Оралды Алатауға, Жетісуға,
Жер көріп, рухани өсіп келді.

Өмірдің бораны мен аптаптары
Алмасып, сыбағасын сақтап бәрі,
Тағдырмен жағаласты. Тапталпады.
Жар тапты, жақын тапты, бақ таппады.

Оқыды. Ұстаз болды. Кемел болды.
Ізледі текті көңіл тереңді енді.
Таудағы таңғажайып саяжайда
Бір түнде ақын болды. Өлең қонды.

Кедергі кезектескен жеңіспенен,
Ішінде сыр бар еді бөліспеген,
...танертен таңырқады
дәптеріне
Кестедей төгілгенде келісті өлең.

Ізгі жыр жігерлі ойға жиі үндейді.
Пан сұлу парықсызға иілмейді.
Иіріп сөзден – жібек, өрмек құрып,
Арқауын даналықпен түйіндейді.

Жазылып жаңа кітап шам жанында,
Ашады ұлттың інжу, маржанын да.
Білім мен парасаттың жарығы бар
Сыпайы, сұлу сөздің аржағында.

Зәкір Асабаев:

Нәзікен Алпамысқызы – қазақтың қазіргі
мандайалды ақыны, поэзия тұрғысынан қарағанда,
әлем айдынында өзіндік қолтаңбасы, жарқыраған
орны бар заманынан озып туған ақын.

Сағындық Сатубалдин:

Нәзікен ой мен сезімге бай, рухы биік өлендер
жазды, бірнеше өлең кітаптары жарық көрді.
Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты ата-
нып, талғампаз оқырмандар ықыласына бөленіп
көрнекті ақын болды.

Көпжасар Нәрібаев:

Нәзікен өлең әлеміне ғылыми көзқарасы,
азаматтық ұстанымы қалыптасқан, қоғамдық,
әлемдік құбылыстарға өз ой-пікірі бар танымал
тұлға болғанда, өз жолымен, өз талабымен, өз
арман-қиялымен келді.

Нәзікен ешкімге ұқсамайтын өз сөзін айта білді,
оқырмандардың ой-санасын оятып, жүрегіне жол
тапты, көкірек көңіліне өшпестей із қалдырды.

Уәлихан Қалижан:

Нәзікен Алпамысқызы жырларындағы ми-
дай араласып кеткен сан тарам ойлар мен ой

орастымдарының барлығы да ақын жүректің, ғашық жүректің лүпілі. Өлең қартайтпайды, өлең қажытпайды.

Ғажайып өлең патшалығының пейіштөріне Нәзікен именбей кірді де, өзінің лайықты орнын ойын алды.

Ғаббас Қабышұлы:

«Нәзікен, сен - кызу, нақышты жырланған нән намыстың ақытысың!»

Оразақын Асқар:

Осынша күрделі де маңызды, бірінен бірі өткен үдемелі шарықтаулардың шырқау шыңы нендей күтпеген кереметке кездестіріп кенелер екем деп соңына жеткенше асығасын.

Сейфолла Оспан:

Нәзікен бүгіндері ел қатарлы ақын болды. Тіпті ел қатарлы да емес, күйысканы озық жүйрігі болды.

Сайраш Әбішқызы:

Нәзікен - заман мен қоғам, адам мен табиғаттың тұңғыш тереніне, ішкі иірімдеріне өзінше үңіліп, ерекше байлам жасай білетін өзіндік қолтаңбасы бар ақын.

Рафазль Ниязбеков:

Жаксы өлең сезімі таза адамдардан туады. Нәзікен – өз аспаны бар, өз биігі бар ақын.

Смағұл Елубаев:

«Лайым тағдыр сіздің өмірге деген сәби сезіміңізге көленке түсірмегей».

Ғұлымдардың көпшілігі менің бар

Жадыра Дәрібаева:

Орелі ой мен сезім қуаты бойын кернеген
Нәзікен ақынның ұлағатты, уытты жырлары Құс
жолындай адамзат аспанында жарқырай беретіні-
не сеніміміз мол.

Серік Негімов:

Нәзікен Алпамысқызының «Күрең шетен» дей-
тін жыр кітабы шынайы ақындықтан туған туын-
ды. Ұлттық сөз өнері дариясына қосылған ерке
әуезді кәусар бұлақ іспетті.

Жоғары ақындық мәдениет пен көркемдік
кабілеттен туған бітімі бөлек, қыран мінезді теге-
уірінді жыр – өлең өлкесіндегі күрделі құбылыс
деуге лайық.

Сәуле Үсенбекова:

«Светоносная муза Назикен нашла приют в
душе читателя и стала достоянием казахской ли-
тературы».

Зайда Елғондинова:

Нәзікен ақынның әлемі ерекше астарлы әлем.
Нәзікен Алпамысқызымен бірге әрі батыл, әрі
шыншыл, әрі нәзік, бұрын сонды қазақ поэзия-
сында кездесе бермейтін ерекше жыр-толғаулар
келді.

Аманхан Әлімұлы:

Мені риза еткен жағдай – ақын жырларындағы
философиялық түйіндер.

Әбубәкір Қайран:

Қазақта ақын әйелдер аз. Солардың ішіндегі ең
бір ерекшесі – Нәзікен ақын. Өлеңдеріндегі ере-
кшелік болмысының бөлектігін көрсетеді. Бұл

кісінің табиғатында ерлік те бар, өрлік те, шешендік те бар.

Нұрғали Ораз:

«Сіздің поэзияңыздың символы тауда өскен ақ қайындай таза да тәкаппар бекзаттық сияқты көрінеді маған».

Жарас Сәрсек:

Жашы алғанда муза дейтін әлемге, өлең деген өңірге жай ғана жайдақ құмарлықпен емес, Нәзікен Ашамысқызындай дайын акын күйінде келу керек секілді. Секілді емес-ау, ол солай болуға тиіс те. Келіспесеңіз менімен емес, Абаймен — Абай акынмен айтысыңыз».


Жанарбек Әшімжанов:

Нәзікен анай экономика саласында да, өлеңде де өз орынын тапқан үлкен акын.

Әлия Бопежанова:

Өр сөздің өлшемі мен мөлшерін нәзік сезінетін Нәзікен Ашамысқызы жап мен ой тереңінен туындаған лирикалық-философиялық жырларында уақыт пен кеңістікті қозғалмалы материяның объективті түрде күн кешуінің формасы ретінде қарастырады. «Уақыт» және «кеңістік» бейне-концептітеріндегі имани-налеаналық мағыналарды көркем зерделеуде акын кемелдік танытады.

Суреттер мен диаграммалардың көлемі мен мөлшері өзгертілді.



XVII

*Ақын
Нәзікен Алпамысқызы
шығармашылығына
ой-пікірлер білдірген
авторлар туралы
мәліметтер*



Хамит Ерғалиев (1916-1997) – ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Мүсілім Базарбаев (1927-1995) – әдебиеттанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Қалдыр Мырза Әлі (1935-2011) – ақын, Қазақстанның халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Тұманбай Молдағалиев (1935-2011) – ақын, Қазақстанның халық жазушысы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Герольд Бельгер (1934-2015) – жазушы, сыншы, аудармашы, ҚР Президенті сыйлығының алғашқы лауреаты.

Зейнолла Серікқалиұлы (1938-2004) – сыншы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Әбдіхамит Нарымбетов (1928-2008) – филология ғылымдарының докторы, профессор.

Қалихан Ысқақ (1935-2014) – ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Жарылқасын Аманұлы (1938-2012) – ақын, сазгер, күйші.

Сәтімжан Сапбаев (1939-2013) – жазушы, аудармашы.

Бек Тоғысбаев (1936-2006) – жазушы.

Сәкен Иманасов (1938-2012) – ақын, Халықаралық «Алаң» сыйлығының лауреаты.

Әуезхан Қодар (1958-2016) – ақын, аудармашы, мәдениеттанушы, философия ғылымдарының

докторы, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты.

Баймолда Мұса (1936-2008) – журналист, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері.

Фарид Байгельдинов (1937-өмірден озған) – ақын, суретші, жазушы.

Қожабек Ахметов (өмірден озған) – ақын, ұстаз.

Г.Х. Попов -Первый мэр Москвы, Президент Международного университета в Москве, Президент Вольного экономического общества России, Президент Международного союза экономистов, Академик Российской академии естественных наук, Доктор экономических наук, профессор.

Рәбиға Сыздық – ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор.

Күләш Ахметова – ақын, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Сағындық Сатыбалдин – Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі.

Көпжасар Нәрібаев – Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері, ҚР Ұлттық ғылым академиясының академигі.

Уәлихан Қалижан – ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті, филология ғылымдарының докторы.

Серік Негімов – әдебиеттанушы, ғалым, филология ғылымд. докторы, профессор, ҚР Мәдениет қайраткері.

6

Габбас Қабышұлы жазушы, сатирик, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты.

Зәкір Асабаев жазушы, аудармашы, ҚР-ның еңбек сіңірген мәдениет қайраткері.

Қасымхан Бегманов - ақын, ҚР-ның еңбек сіңірген қайраткері.

Жанарбек Әшімжанов ақын, «Шабыт» Мемлекеттік сыйлығының лауреаты.

Оразақын Асқар ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты.

Сейфолла Осман ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты.

Жадыра Дәрібаева ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты.

Сәуле Үсенбекова - ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты.

Зайда Елғондинова - ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты.

Сайран Әбішқызы қоғам қайраткері, журналист.

Людмила Серебрякова психолог, ғылым кандидаты.

Смағұл Елубай жазушы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты.

Рафазль Ниязбеков ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты.

Аманхан Әлімұлы ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты.

Әбубәкір Қайран ақын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты.

Бұл кітаптағы кейбір мақалалар

Нұрғали Ораз – жазушы, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты.

Жарас Сәрсек – акын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты.

Болат Шарахымбай – акын, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты.

Әлия Бөпежанова – сыншы, ҚР еңбек сіңірген қайраткері, Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты.



Ғұлымның келесі шағы бар.

МАЗМҰНЫ

Қадыр Мырза- Әлі, Ой-сезімнің қаймағы	3
Әлия Бөпежанова, Дөңгелекпен дүние... (Алғысөз).....	5
Сырымды айтам	10

I. ДӘУІР КЕЛБЕТІ

Тынымсыз тірлік	12
Меже	13
Қазақ үйден келін ем	14
Туған жерім	15
Майтобем менің май тамған	16
Алмалы бак	17
Дада перзенті	19
Шырағдан	21
Дәуір келбеті	22
Күрен шетен	23
Алатау асқарында	25

II. ТҮЛПАР ДҮБІР ДОМБЫРА

Ұлы қош	27
Күн көгерген мұзбалақ	28
Көне Тұранда	29
Тасқа түскен таңбалар	30
Қиы өткелде	31
Тұлпар дүбір домбыра	32
Банкерлер	34
Еркіндік дегенбар дейді	36
Ақыл және ақиқат	37
Керуен-дүбір	38
Өнегелі орда	40
Сенім - өмір өзегі	41

Егіз дүние.....	42
Дөнгеленген дүние.....	43

III. СӨЗ ҚҰДІРЕТІ

Акын – елдің ардағы.....	45
Абай-тағылым.....	46
Құмбелде шыңында.....	47
Жолбарысты ел.....	49
Сүйінбай жырдың төресі.....	50
Жолбарыс – жыр.....	51
Акын тағдыры.....	53
Мұқағалиға.....	54
Алтын діңгек.....	55
Болғаны жақсы.....	56
Атадарын.....	57
Әсетке.....	58
Аруана бұлттар.....	59
Алаулаған шарайна.....	60
Сөз құдіреті.....	61

IV. ТҰҒЫРЛЫ ТҰЛҒАЛАР

Әке арманы.....	63
Әке сенімі.....	65
Көк шыңдарда.....	66
Бельгер биігі.....	67
Алатау-тағдыр.....	68
Тектіліктің салмағы.....	69
Өр тұлға.....	70
Кемел шақ.....	71
Достарым менің.....	72
Әзиз әке.....	73
Асылдар.....	74
Ай мүйіздер.....	75

V. ӘЙЕЛ ПАТШАЛЫҒЫ

Аяулы анам	77
Көңлімнің төріндесін	78
Әнші құрбым	79
Әйелпатшалығы	80
Ізгі тілек	82
Құба тал	83
Оқиғе	84
Нағашы әнкем	85
Жүрек еншісі	86
Із қалды	87

VI. СЕЗІМ ИРІМІ

Талма бір сезім	89
Жасын дүние	90
Қадірлім ең	91
Дауалы сәуле	92
Сен жасын ең	93
Күм-сағат	94
Күзгі шуак	95
Ауылға оралғанда	96
Асепан хикаясы	97
Тапнадым кілтін	98
Сезген едім	99
Сезім ирімі	100
Жалғанды қайттем	101

VII. БЕЙМАЗА КЕЗДЕ

Мазасыз сауал	103
Жұлдызнама	104
Беймаза кездер	105
Қалаулы тірлік	106
Жыл құсы	107
Қарбаласта	108
Зілден де ауыр	109
Қауатталған жырлар	110

Терерің бар.....	111
Тылсым дүние.....	112
Қияжол ғұмыр	113

VIII. ҒҰМЫРЛЫҚ МҰҢ

Нәсер сөзім	115
Адастым арманымнан.....	116
Інкәр жүрс.....	117
Жүрек калауы	118
Көзім талды	119
Шөлдеді көзім	120
Сағыныш.....	121
Өшпес таңба	122
Жазбапты қоштасуды.....	123
Ғұмырлық мұң.....	124

IX. НЕ БОЛАДЫ ЕРТЕҢІМ?

Зорыққан тіршілік.....	126
Торлады үрей.....	127
Не болады ертеңім	128
Қатер төнді тіріге.....	129
Тағылықты көргенде.....	130
Пенде мінез.....	131
Демікпе	132
Кұралай	133
Өкініш.....	134
Өтпелі кезеңде.....	135
Шектеулі шыдам	136
Жалағай өлең жайында.....	137
Күрделі дейді адамды	138

X. ЗАМАНА ТЫНЫСЫ

Ақша мен адам	140
Өмір-есеп	141
Экономист.....	142
Замана тынысы.....	143

Бірлік жокта.....	144
Зиялы заман, қайдасын?.....	145
Торыққан жандар.....	146
Қанатсіз тірлік.....	147
Бейнеткер қол.....	148
Өмірге күштарлық.....	149
Бұралқылар.....	150
Толғау.....	151
Тіршілік заңдылығы.....	152

XI. ҚҰНАРЛЫ МАРХАБАТ

Оліарада.....	154
Наурыз келді.....	155
Сәуірде.....	156
Қоңыраулы көктем.....	157
Өз үміттер.....	158
Көкжиекті зерлеп ем.....	159
Жасампаз дүния.....	160
Жомарт жүрек.....	161
Мұратым менің.....	162
Өз жолым бар.....	163
Тілек.....	164
Құнарлы мархабат.....	165

XII. МАЙТӨБЕ ТАУДЫҢ ТӨРЕСІ

Дарқан елім, Қазағым.....	167
Ана-жүрек.....	168
Алматы күнгей астанам.....	169
Майтөбе таудың төресі.....	170
Нұрлы әлем.....	171
Тамғалы туралы толғау.....	172

Ермұраттың келесі шығармасы бар

XIII. ЗАМАНЫН ЕШКІМ ТАҢДАМАЙДЫ
*Нәзікен Алпамысқызының мақалалары,
 сұхбаттар, ой-үзіктері*

Қадірлес достарым еді	177
Заманын ешкім таңдамайды	183
«Жүрегімде өнген бүршікті, Жүрегіне таудың егіп ем...».....	187
Парасат деген үлкен сөз	193
Наурыз мейрамы туралы	198
Әйелдер мерекесіне	200

XIV. ҰЛТЫМ ДЕГЕН МҰҢЫ БАР

*Ақын Нәзікен Алпамысқызының
 шығармашылығы туралы зерттеулер*

Мүсілім Базарбаев, Нәзікен Алпамысқызының «Шырағдан» атты олең кітабы (қолжазбасы) туралы пікір	202
Герольд Бельгер, Нәзіктік пен бекзаттық	206
Әуезхан Қодар, Дарын мен дәуір табысы..	211
Баймолда Мұса, Алатау – ақиығым, өлкем менің..	212
Сағындық Сатыбалдин, Нәзікеннің өмір жолы – ұлағатты жол.	213
Көпжасар Нәрібаев, Сөз сиқырын өзгеше өрген.....	215
Уәлихан Қалижан, Ақын жүрек – ғашық жүрек.....	218
Зәкір Асабаев, Заманынан озып туған.....	227

Серік Негімов,
Ойна жомарт, сөзге шебер... 228

Жадыра Дәрібаева,
Зерделі жырлар... 235

Жарас Сәрсек,
Менің де жаным тартыста... 246

Сайраш Обішқызы,
Ақын туралы бірер сөз... 249

**XV. Ақын Нәзікен Алтамысқызының
«Жарқыран аспанымда күн тұрғанда»
жинағының Қазақстан Жазушылар
одағының поэзия кеңесінде талқылануы... 250**

**XVI. ҰЛТТЫҚ СӨЗ ӨНЕРІ ДАРИЯСЫНА
ҚОСЫЛҒАН ЕРКЕ ӘУЕЗДІ
КӘУСАР БҮЛІК**
*Ақын Нәзікен Алтамысқызының
шығармашылығы туралы ой-пікірлер... 266*

**XVII. Ақын Нәзікен Алтамысқызы
шығармашылығына ой-пікірлер білдірген
авторлар туралы мәліметтер... 275**

Нәзікен АЛПАМЫСҚЫЗЫ

Ғұмырдың кемел шағы бар

Өлеңдер, мақалалар

(Қазақ тілінде)

«Қаратау КБ» ЖШС, «Дәстүр» баспасының директоры

Қасымхан БЕГМАНОВ

Редакторы: *Тыңболтова А.О.*

Техникалық редакторы: *Әлімжанұлы Т.*

Безендірген: *Еңсенбай М.*



Ақын Нәзікен Алпамысқызы – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Жамбыл атындағы және «Алаш» әдеби халықаралық сыйлықтарының лауреаты. Қазақстан және Әлем халықтары жазушылары одақтарының мүшесі. Экономика ғылымдарының докторы, Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Еңбек ардагері, Алматы облысының және Жамбыл ауданының Құрметті азаматы.

«Шырағдан», «Күрең шетен», «Жарқырап аспанымда күн тұрғанда» атты жыр кітаптарының авторы.